

МАЗМҰНЫ

- 1 **2017 жылғы 29 қыркүйек № 500 бұйрығы**
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді жан басына нормативтік қаржыландыру қағидаларын бекіту туралы 5
- 2 **2017 жылғы 13 желтоқсандағы № 615 бұйрығы**
"Білім беру ұйымдары білім беру қызметінде пайдаланатын қатаң есептіліктегі құжаттардың нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2007 жылғы 23 қазандағы № 502 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы 18
- 3 **2017 жылғы 13 желтоқсандағы № 619 бұйрығы**
"Мемлекеттік орта білім беру мекемелерінің басшыларын конкурстық тағайындау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 21 ақпандағы № 57 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" 65
- 4 **2017 жылғы 25 желтоқсандағы № 647 бұйрығы**
"Мемлекеттік білім беру ұйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілерін оқулықтармен және оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз ету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 91 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы 72
- 5 **2017 жылғы 27 желтоқсандағы № 651 бұйрығы**
"Оқулықтарды, оқу-әдістемелік кешендері мен оқу-әдістемелік құралдарын әзірлеу, оларға сараптама, сынақ өткізу және мониторинг жүргізу, оларды басып шығару жөніндегі жұмысты ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 24 шілдедегі № 344 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы 74
- 6 **2017 жылғы 29 желтоқсандағы № 662 бұйрығы**
"Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің

	2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	78
7	2018 жылғы 11 қаңтардағы № 13 бұйрығы «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер енгізу туралы».....	85
	2018 жылғы 18 қаңтардағы № 20 бұйрығы Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын әдіснамалық қамтамасыз етуді үйлестіру туралы	88
8	2018 жылғы 26 қаңтардағы № 32 бұйрығы Орта білім беру ұйымдарының жеке санаттағы педагог қызметкерлері жүргізу үшін ұсынылатын құжаттардың тізбесін анықтау туралы	100
9	2018 жылғы 9 ақпандағы № 47 бұйрығы «Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығына өзгерістермен толықтырулар енгізу	105
10	Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 9 ақпандағы № 633 Жарлығы	
	Мемлекет басшысының 2018 жылғы 10 қаңтардағы "Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері" атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі шаралар туралы	110

11. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 19 ақпандағы № 64 бұйрығы.

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 20 наурызда № 16637 болып тіркелді145

12. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 сәуірдегі № 152 бұйрығы

"Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғаларды және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді

аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы.....149

13. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 3 мамырдағы № 192 бұйрығы

"Оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендерінің, құралдарының және басқа да қосымша әдебиеттердің, оның ішінде электрондық жеткізгіштегілерінің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі міндетін атқарушысының 2013 жылғы 27 қыркүйектегі № 400 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы167

14. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 10 мамырдағы № 199 бұйрығы.....301

"Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

15. 2018 жылғы 16 мамырдағы № 210 бұйрығы.....303

"Білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттардың түрлері мен нысандарын және оларды беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 28 қаңтардағы № 39 бұйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

16. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2018 жылғы 23 мамырдағы № 222 бұйрығы

"Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарының түрлері қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 18 маусымдағы № 229 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.....313

17.) 2018 жылғы 24 мамыр №226 бұйрығы

«Ұсынылған пәндік олимпиадалардың, кәсіби конкурстардың, ғылыми жобалардың, спорттық жарыстардың және басқа да шығармашылық іс-шаралардың тізбесін бекіту туралы.....319

18) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 маусымдағы № 266 бұйрығы.

"Педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 95 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы.....321

19) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 26 маусымдағы № 308 бұйрығы.

"Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарының басшыларын конкурстық тағайындау қағидасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 21 ақпандағы № 57 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы.....324

20) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 29 маусымдағы № 316 бұйрығы

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғаларды және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы.....335

21) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 5 шілдедегі № 322 бұйрығы

Орта білім беру ұйымдарында 2018 - 2019 оқу жылының басталуын, ұзақтығын және каникул кезеңдерін айқындау туралы.....345

22) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 24 шілдедегі № 372 бұйрығы

"Оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендерінің, құралдарының және басқа да қосымша әдебиеттердің, оның ішінде электрондық жеткізгіштегілерінің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі міндетін атқарушысының 2013 жылғы 27 қыркүйектегі № 400 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.....347

23) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы «24» шілдедегі № 460 қаулысымен бекітілген «Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016 – 2019 жылдарға арналған МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫ»367

24) 2018 жылғы 9 тамыздағы №394 бұйрығы

«Ұсынылған пәндік олимпиадалардың, кәсіби конкурстардың, ғылыми жобалардың, спорттық жарыстардың және басқа да шығармашылық іс-шаралардың тізбесін бекіту туралы»451



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

2017ж. 29 қыркүйек № 500

Астана қ.

г. Астана

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді жан басына нормативтік қаржыландыру қағидаларын бекіту туралы

«Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 46-2) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса берілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді жан басына нормативтік қаржыландыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Орта білім беруді жан басына қаржыландыру қағидаларын бекіту туралы» 2013 жылғы 30 қазандағы № 439 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8884 болып тіркелген, «Егемен Қазақстан» газетінде 2013 жылғы 19 желтоқсандағы № 277 (28216) жарияланған)) күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Бюджеттік жоспарлау департаменті (С.А. Жақыпова) заңнамамен белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін қағаз және электронды түрде қазақ және орыс тілдерінде «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жолдауды;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен кейін күнтізбелік он күн

Бланк сериялық нөмірсіз жарамсыз болып табылады.
Бланк без серийного номера недействителен.

013514

ішінде оның көшірмесін мерзімді баспа басылымдарына ресми жариялау үшін жолдауды;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

5) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Заң қызметі және халықаралық ынтымақтастық департаментіне осы тармақтың 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі Б. А. Асыловаға жүктелсін.

5. Осы бұйрық 2019 жылғы 1 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілетін Жоғары оқу орындарына арналған 1-тараудың 1-тармағынан, 2-тармағының 5), 2-тараудың 1-параграфының 5-тармағынан, сондай-ақ Қағидалардың 2-тарауының 2-параграфынан және 3-тарауының 1, 5-параграфтарынан басқа, 2018 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
міндетін атқарушы**



А. Әмриш

«КЕЛІСІЛДІ»
Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі

Б. Сұлтанов
2017 жылғы «__» _____

«КЕЛІСІЛДІ»
Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрі
Т. Сүлейменов

2017 жылғы «__» _____



[Handwritten signature]

[Handwritten signature]

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2017 жылғы «29» _____ № 500
бұйрығымен бекітілді

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, жалпы орта, техникалық және
кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі
білім беруді жан басына нормативтік қаржыландыру
қағидалары**

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді жан басына нормативтік қаржыландыру қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 5-бабының 46-2) тармақшасына сәйкес әзірленді және білім берудің барлық деңгейлерін жан басына нормативтік қаржыландыру тәртібін белгілейді.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) білім беру ортасы – оқу-тәрбие үдерісінің іске асырылуын қамтамасыз ету үшін қажетті әлеуметтік, материалдық және тұрмыстық жағдайлардың жиынтығы;

2) білім беру процесі – білім берудің барлық деңгейлерінің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыру шеңберіндегі оқу-тәрбие үдерісі;

3) жан басына қаржыландыру нормативі – білім берудің барлық деңгейлеріндегі мемлекеттік кепілдендірілген оқыту құнын қаржылай қамтамасыз ету нормативі;

4) жан басына нормативтік қаржыландыру көлемі – жан басына қаржыландыру нормативінің негізінде анықталатын білім беру процесіне және білім беру ортасына арналған шығыстарды қаржыландыру;

5) кредит-білім алушылар – жоғары оқу орнының барлық білім алушыларының оқу жылында меңгеретін академиялық кредиттерінің жалпы көлемі.

3. Жан басына нормативтік қаржыландыру білім беру саласындағы уәкілетті орган бекітетін еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандарды даярлауға, сондай-ақ жоғары оқу орындарының дайындық бөлімдеріне, мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидаларына (бұдан әрі –



Қағидалар) сәйкес мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру арқылы республикалық және (немесе) жергілікті бюджеттердің есебінен іске асырылады.

4. Жан басына қаржыландырылатын білім беру ұйымы тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары талаптарының орындалуын қамтамасыз етеді.

2-тарау. Білім берудің барлық деңгейлері бойынша жан басына нормативтік қаржыландыру тәртібі

1-параграф. Білім берудің барлық деңгейлері бойынша жан басына нормативтік қаржыландырудың жалпы тәртібі

5. Білім беру саласындағы уәкілетті орган өз құзыреті шегінде білім беру саласындағы уәкілетті орган бекітетін Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді жан басына нормативтік қаржыландыру әдістемесіне (бұдан әрі – Әдістеме) сәйкес республика бюджетінен алдағы қаржы жылына арналған жан басына нормативтік қаржыландыру көлемін анықтайды, сондай-ақ республикалық бюджеттен жан басына қаржыландыру нормативінің көлемінде бюджет қаражатын жан басына қаржыландырылатын білім беру ұйымдары арасында бөледі.

6. Жан басына нормативтік қаржыландыру іске асырылатын облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органы өз құзыреті шегінде Әдістемеге сәйкес жергілікті бюджеттен алдағы қаржы жылына арналған жан басына нормативтік қаржыландыру көлемін анықтайды, сондай-ақ жергілікті бюджеттен жан басына нормативтік қаржыландыру көлемінде бюджет қаражатын жан басына қаржыландырылатын білім беру ұйымдары арасында бөледі.

Жан Республикалық маңызы бар қаланың және астананың, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті Жан басына нормативтік қаржыландыру іске асырылатын облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органы жергілікті бюджет қаражаты болған жағдайда Әдістемеді көзделген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды жан басына қаржыландыру нормативінен төмен емес мөлшерде мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысының мөлшерін белгілей алады.




Жан басына шаққандағы норматив өзгеріп, жалпы орта білімді жан басына нормативтік қаржыландыру көлеміндегі жергілікті бюджет қаражаты жеткіліксіз болған жағдайда жергілікті бюджеттің шығысын ұлғайтуға әкеп соғатын шығынды өтеу республикалық бюджеттен насаналы ағымдағы трансферттермен толтырылады.

7. Республикалық және (немесе) жергілікті бюджеттерден жан басына нормативтік қаржыландыру көлемінің ағымдағы жылы өзгертілуіне Орыналастыру қағидаларына сәйкес білім алушылардың немесе тәрбиеленушінің нақты контингентін айқындау жағдайында ғана жол беріледі.

8. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді жан басына нормативтік қаржыландыру тәртібінің осы Қағидаларда көрсетілген ерекшеліктері бар.

2-параграф. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді жан басына нормативтік қаржыландыру тәртібінің ерекшеліктері

9. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім бар кадрларды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысы орналастырылған жоғары оқу орны:

1) жоғары оқу орны бойынша мамандықтар (білім беру бағдарламалары), оқу курстары мен нысандары бөлінісінде алдағы оқу жылына жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша кредит-білім алушыларды анықтайды және академиялық кезең басталғаннан кейін 10 (он) күнтізбелік күннен кешіктірмей білім беру саласындағы уәкілетті органға ұсынады;

2) жоғары оқу орны бойынша мамандықтар (білім беру бағдарламалары), оқу курстары мен нысандары бөлінісінде білім алушылар контингенті мен кредит-білім алушыларды тоқсан сайын салыстырып тексеруді жүргізеді;

3) тоқсан сайын тоқсан басталар алдындағы айдың 20-сынан (жиырмасынан) кешіктірмей білім беру саласындағы уәкілетті органға білім алушылардың нақты контингенті мен кредит-білім алушылар туралы ақпаратты ұсынады.

10. Білім беру саласындағы уәкілетті орган жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысы орналастырылған жоғары оқу орындарындағы білім алушылар контингенті мен кредит-білім алушыларды мамандықтар (білім беру бағдарламалары), оқу курстары мен нысандары бөлінісінде тоқсан сайын салыстырып тексеруді жүргізеді.

**3-тарау. Білім берудің барлық деңгейлері бойынша жан басына
нормативтік қаржыландыру көлемінде бөлінген бюджет қаражатын
жұмсау тәртібі**

**1-параграф. Білім берудің барлық деңгейлері бойынша жан басына
нормативтік қаржыландыру көлемінде бөлінген бюджет қаражатын
жұмсаудың жалпы тәртібі**

11. Білім берудің барлық деңгейлері бойынша жан басына нормативтік қаржыландыру көлемінде бөлінген бюджет қаражаты мынадай жалпы шығыстарға арналады:

1) штаттық кесте мен тарифтеу тізіміне сәйкес еңбекақы төлеуге, жыл сайынғы төленетін еңбек демалысына сауықтыру жәрдемақыларын төлеуге және салық пен басқа да міндетті төлемдер бойынша жұмыс берушінің жарналарына;

2) білім алушыларды немесе тәрбиеленушілерді ғылыми, спорттық, шығармашылық және зияткерлік сайыстар мен іс-шараларға дайындауға және қатыстыруға;

3) коммуналдық шығыстарға;

4) пошта және телефон байланысы қызметіне, интернет қызметіне ақы төлеуге арналған шығыстар;

5) ғимараттарды, құрылыстарды, техникалық жабдықтарды, компьютерлік және кеңсе техникасын, интерактивті жүйелерді ағымдағы жөндеуді жүргізуге, ұстауға және оларға қызмет көрсетуге арналған шығыстар;

6) жан басына қаржыландырылатын білім беру ұйымының қызметін қамтамасыз ету үшін қажетті, білім беру процесінде қолданылмайтын тауарларды, оның ішінде жуғыш құралдарды, шаруашылық тауарлары мен құрал-саймандарды, құрылыс тауарларын, кеңсе тауарларын, дезинфекциялаушы құралдарды, жұмсақ құрал-саймандар мен ыдыс-аяқты сатып алу;

7) Қағидалардың осы тармағының 1) - 6) тармақшаларымен көзделген шығыстарды жүргізумен байланысты банктік (қаржылық) қызметтерге ақы төлеу.

Бұл ретте осы Қағидалармен білім беру деңгейлері бойынша жан басына нормативтік қаржыландыру көлемінде бөлінген бюджет қаражатын жұмсау ерекшеліктері белгіленген.

12. Жан басына нормативтік қаржыландыру көлемінде бөлінген жан басына қаржыландырылатын білім беру ұйымының бюджет қаражатының жұмсалуды осы Қағидалармен көзделмеген шығыстарға бағыттауға жол берілмейді.

13. Жекеменшік білім беру ұйымдары Заңның 63-бабының 5-тармағына сәйкес жан басына нормативтік қаржыландыру көлемінде бөлінген бюджет қаражатын өз бетінше жұмсайды.

**2-параграф. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды жан басына
нормативтік қаржыландыру көлемінде бөлінген бюджет қаражатын
жұмсаудың ерекшеліктері**

14. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды жан басына нормативтік қаржыландыру көлемінде бөлінген бюджет қаражаты мына шығыстар үшін арналады:

1) Тәрбиеленушілерді ғылыми, спорттық жарыстар мен іс-шараларға дайындауды және қатыстыруды қоспағанда, осы Қағидалардың 11-тармағында көзделген жалпы шығыстарға;

2) білім беру процесін ұйымдастыру және жүзеге асыруға арналған шығыстарға (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13272 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі, жалпы орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдыктармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларына (бұдан әрі – Жарақтандыру нормалары) сәйкес жабдыктарды және жиһазды сатып алу);

3) дәрі-дәрмектер мен басқа да медициналық мақсаттағы құралдарды сатып алуға;

4) үй-жайды жалға алуға арналған шығыстарға.

15. Ағымдағы қаржы жылы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды жан басына нормативтік қаржыландыру көлемінде қалыптасқан бюджет қаражатының үнемін жан басына қаржыландырылатын білім беру ұйымы шығыстардың мына түрлеріне бағыттайды:

1) қызметкерлерге сыйлықақы беруге;

2) қызметкерлердің біліктілігін арттыруға;

3) күрделі шығыстарға.

**3-параграф. Жалпы орта білім беруді жан басына нормативтік
қаржыландыру көлемінде бөлінген бюджет қаражатын
жұмсаудың ерекшеліктері**

16. Жалпы орта білім беруді жан басына нормативтік қаржыландыру көлемінде бөлінген бюджет қаражаты мына шығыстар үшін арналады:

1) Осы Қағидалардың 11-тармағының 2) - 7) тармақшаларында көзделген жалпы шығыстарға;

2) Білім беру процесіне қатысатын басқарушылық және негізгі қызметкерлерге еңбекақы төлеуге, жыл сайынғы төленетін еңбек демалысына сауықтыру жәрдемақыларын төлеуге және салық пен басқа да міндетті

төлемдер бойынша жұмыс берушінің жарналарына, бірақ төменде көрсетілген шығыстардан басқа:

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 17 қыркүйектегі № 375 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8827 болып тіркелген) бекітілген Оқыту бейіні бойынша білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларымен көзделген гимназиялық (лицейлік) компонентті төлеуге арналған шығыстар;

жеке пәндерді тереңдетіп оқытатын оқу орындарының (сыныптардың, топтардың) бейіндік бағытының пәндері бойынша педагогикалық қызметкерлерге қосымша ақы төлеуге арналған шығыстар;

«Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 қаулысымен (бұдан әрі – № 1193 Қаулы) көзделген экологиялық апат және радиациялық қауіпті аймақтарда тұрғаны үшін төлемдерді төлеуге арналған шығыстар;

Басқарушылық және негізгі персоналдың тізбесі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 қаңтардағы № 77 Қаулысымен бекітілген Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарын және педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген адамдар лауазымдарының тізбесіне сәйкес анықталады;

3) білім беру процесіне қатыспайтын басқарушылық, негізгі, әкімшілік, қосалқы қызметкерлер мен жұмысшыларға еңбекақы төлеуге, жыл сайынғы төленетін еңбек демалысына сауықтыру жәрдемақыларын төлеуге және салық пен басқа да міндетті төлемдер бойынша жұмыс берушінің жарналарына (№1193 Қаулымен көзделген экологиялық апат және радиациялық қауіпті аймақтарда тұрғаны үшін төлемдерді төлеуге арналған шығыстардан басқа);

4) басқарушылық, негізгі, әкімшілік, қосалқы қызметкерлер мен жұмысшыларға сыйлықақы беруге;

5) оқу процесін ұйымдастыруға және жүзеге асыруға (Жарақтандыру нормаларына сәйкес баспа және экранды-дыбыстық құралдарды, техникалық оқыту құралдарын, оқу-көрнекі құралдарын, демонстрациялық құралдарды, мектеп жиһазын, спорттық құрал-саймандар мен жабдықтарды, үлестіру және бақылау - өлшеу аспаптарын, музыкалық аспаптарды, көркемөнер материалдарын, оқушы керек-жарақтарын, қабырғаға ілінетін планшеттерді, үлестіру материалдарын, гербарийлерді, топтамаларды, нақпіншіндерді, one-line сабақтар өткізу және жобаларды визуалдау үшін бағдарламалық жасақтамаларды, әдістемелік қорды, сондай-ақ бланкілерді, табельдерді, сынып журналдары мен борды сатып алу);

6) күрделі шығыстарға.

4-параграф. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беруді жан басына нормативтік қаржыландыру көлемінде бөлінген бюджет қаражатын жұмсау ерекшеліктері

17. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беруді жан басына нормативтік қаржыландыру көлемінде бөлінген бюджет қаражаты мына шығыстар үшін арналады:

- 1) Осы Қағидалардың 11-тармағында көзделген жалпы шығыстарға;
- 2) экологиялық апат және радиациялық қауіпті аймақтарда жұмыс істегені үшін қосымша ақыға;
- 3) «Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 7 наурыздағы № 97 бұйрығына сәйкес (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2012 жылы 16 сәуірде № 7574 болып тіркелген) оқу процесін ұйымдастыруға және жүзеге асыруға (Жарақтандыру нормаларына сәйкес баспа және экранды-дыбыстық құралдарды, техникалық оқыту құралдарын, оқу-көрнекі құралдарын, демонстрациялық құралдарды, мектеп жиһазын, спорттық құрал-саймандар мен жабдықтарды, үлестіру және бақылау-өлшеу аспаптарын, музыкалық аспаптарды, көркемөнер материалдарын, оқушы керек-жарақтарын, қабырғаға ілінетін планшеттерді, үлестіру материалдарын, гербарийлерді, топтамаларды, нақпіншілерді, one-line сабақтар өткізу және жобаларды визуалдау үшін бағдарламалық жасақтамаларды, әдістемелік қорды сатып алу);
- 4) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 65 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13149 болып тіркелген) бекітілген Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім үшін оқыту мерзімдері және білім беру деңгейлері бойынша кәсіптер мен мамандықтардың тізбесіне сәйкес зертханалық-тәжірибелік сабақтарды және өндірістік оқытуды ұйымдастырумен, оқу, технологиялық және диплом алдындағы тәжірибе өтумен байланысты шығыстарға;
- 5) оқулықтарды, оқу-әдістемелік әдебиет пен құралдарды сатып алуға;
- 6) дәрі-дәрмектер мен басқа да медициналық мақсаттағы құралдарды сатып алуға;
- 7) үй-жайды жалға алуға арналған шығыстарға;
- 8) дуальды оқытуды іске асыру жағдайында өндірістегі тәлімгерлердің еңбекақысына өтемақы.

18. Ағымдағы қаржы жылы техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беруді жан басына нормативтік қаржыландыру көлемінде қалыптасқан бюджет қаражатының үнемін жан басына қаржыландырылатын білім беру ұйымы шығыстардың мына түрлеріне бағыттайды:

- 1) қызметкерлерге сыйлықақы беруге;
- 2) қызметкерлердің біліктілігін арттыруға;

3) күрделі шығыстарға.

5-параграф. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді жан басына нормативтік қаржыландыру көлемінде бөлінген бюджет қаражатын жұмсау ерекшеліктері

19. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді жан басына нормативтік қаржыландыру көлемінде бөлінген бюджет қаражаты мына шығыстар үшін арналады:

- 1) осы Қағидалардың 11-тармағында көзделген жалпы шығыстар;
- 2) білім беру бағдарламасына сәйкес зертханалық-тәжірибелік сабақтарды ұйымдастырумен және кәсіптік тәжірибе өтумен байланысты шығыстар;
- 3) білім беру процесі үшін жабдықтарды сатып алумен байланысты шығыстар;
- 4) оқу-әдістемелік және ғылыми әдебиетті сатып алумен байланысты шығыстар.

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді жан басына нормативтік қаржыландыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы «28» 08 № 500 бұйрығына негіздеме анықтама

№	Көрсетілуі тиіс мәліметтердің тізбесі	Мемлекеттік органның ақпараты
1.	Нормативтік құқықтық актіні ұсынған мемлекеттік орган	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
2.	Нормативтік құқықтық актіні қабылдау қажеттігінің негіздемесі (нақты мақсаттары, уәждері және нормативтік құқықтық акт қабылданған актіге сілтеме)	«Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 46-2) тармақшасына сәйкес
3.	Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 6 қазандағы № 568 қаулысымен бекітілген Нормативтік құқықтық актілерді ресімдеу, келісу, мемлекеттік тіркеу және олардың күшін жою қағидаларының 51-тармағының талаптары ескеріле отырып, күші жойылғаны туралы актілердің деректемелері көрсетіле отырып, осы мәселе бойынша бұрын қабылданған, мемлекеттік тіркеуден бас тартылған нормативтік құқықтық актілер туралы мәліметтер	Жоқ
4.	Осы нормативтік құқықтық акт республикалық немесе жергілікті бюджеттер шығыстарының көбеюін немесе түсімдерінің қысқаруын көздей ме	Республикалық бюджеттен шығыстарының көбеюін немесе түсімдерінің қысқаруын көздемейді. Сонымен қатар, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды жан басына нормативтік қаржыландыру көлемін есептеу кезінде жергілікті бюджет есебінен жүзеге асырылатын экологиялық

		қасірет салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау бойынша өтемақы төлеуге және жеңілдіктер беруге арналған шығыстар көзделеді.
5.	Нормативтік құқықтық актіні мүдделі мемлекеттік органдармен келісу туралы мәліметтер	Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі
6.	Интернет-ресурстарды қоса алғанда, бұқаралық ақпарат құралдарында жеке кәсіпкерлік субъектілерінің мүдделерін қозғайтын нормативтік құқықтық актілер жобаларының жариялануы туралы мәліметтер	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің www.edu.gov.kz ресми сайтында орналастырылды
7.	«Құқықтық актілер туралы» 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 18-бабының 8-тармағына (бұдан әрі – Заң) сәйкес уәкілетті мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарында тауарлардың, көрсетілетін қызметтердің саудасына немесе зияткерлік меншік құқықтарына қатысты нормативтік құқықтық актілер жобаларының орналастырылуы туралы мәліметтер	Нормативтік құқықтық акт уәкілетті мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарында орналастырылған тауарлар, қызметтер немесе зияткерлік меншік құқықтары саудасымен байланысты мәселелерді қозғамайды.
8.	Реттеушілік әсерді талдау жүргізу нәтижелері туралы мәліметтер (болған кезде)	Талап етілмейді
9.	Заңның 19-бабына сәйкес жеке кәсіпкерлік субъектілерінің мүдделерін қозғайтын нормативтік құқықтық актінің жобасы бойынша сараптамалық қорытындыларды ұсынбаған жеке кәсіпкерлік субъектілерінің аккредиттелген бірлестіктері туралы мәліметтер	Жоқ
10.	Қазақстан Республикасының	«Атамекен» Қазақстан

	Ұлттық кәсіпкерлер палатасының жеке кәсіпкерлік субъектілерінің мүдделерін қозғайтын нормативтік құқықтық актінің жобасы бойынша сараптамалық қорытындыны ұсынуы (ұсынбауы) туралы мәліметтер	Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасының 2017 жылғы 23 тамыздағы № 8683/22 сараптамалық қорытындысы
11.	Заңның 20-бабына сәйкес қоғамдық кеңестің нормативтік құқықтық актінің жобасы бойынша ұсынымдарды ұсынуы (ұсынбауы) туралы мәліметтер	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым, жастар саясаты және балалардың құқықтарын қорғау мәселелері жөніндегі Қоғамдық кеңестің 2017 жылғы 18 тамыздағы № 210 ұсынымдары.
12.	Ашық нормативтік құқықтық актілердің интернет-порталында орналастырылған нормативтік құқықтық актілердің жобаларын көпшілік талқылауы туралы мәліметтер	2017 жылғы 13 қыркүйегінен 2017 жылғы 28 қыркүйегіне дейін Ашық нормативтік құқықтық актілер интернет-порталында орналасқан

**Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрлігі
Заң қызметі және халықаралық
ынтымақтастық департаментінің
директоры**



Н. Байжанов

2017 жылғы «__» _____

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 13 желтоқсандағы № 615 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 10 қаңтарда № 16199 болып тіркелді

"Білім беру ұйымдары білім беру қызметінде пайдаланатын қатаң есептіліктегі құжаттардың нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2007 жылғы 23 қазандағы № 502 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Білім беру қызметінде білім беру ұйымдары пайдаланатын қатаң есептегі құжаттардың нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі міндетін атқарушының 2007 жылғы 23 қазандағы № 502 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде № 4991 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген білім беру қызметінде білім беру ұйымдары пайдаланатын қатаң есептегі құжаттардың нысандарындағы нысандар:

орта білім беру ұйымындағы бұйрықтарды тіркеу кітабы осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

орта білім беру ұйымдарының педагогикалық кеңесі хаттамаларының кітабы осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

орта білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлерінің жеке құрамын есепке алу кітабы осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

білім алушыларды жазатын алфавиттік кітап осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

жеке іс қағазы осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

1-4-сыныптарға арналған сынып журналы осы бұйрыққа 6-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

5-11 (12)-сыныптарға арналған сынып журналы осы бұйрыққа 7-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

факультативтік сабақтардың/үйде оқыту журналы осы бұйрыққа 8-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

босатылған және ауыстырылған сабақтарды есепке алу журналы осы бұйрыққа 9-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

мектепалды сыныптарының журналы осы бұйрыққа 10-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

білім алушылардың үлгерімі туралы табельдерді есепке алу кітабы осы бұйрыққа 11-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

1-4 сынып білім алушысының үлгерімі туралы табель осы бұйрыққа 12-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

5-11(12) сынып білім алушысының сабақ үлгерімі туралы табель осы

бұйрыққа 13-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

негізгі орта орта білім беру ұйымын бітіргендігі туралы аттестатты беру және есепке алу кітабы осы бұйрыққа 14-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

жалпы орта білім туралы аттестатты есепке алу және беру кітабы осы бұйрыққа 15-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

мақтау грамоталарын және мақтау қағаздарын беруді есепке алу кітабы осы бұйрыққа 16-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

орта білім беру ұйымынан кеткен білім алушыларды есепке алу кітабы осы бұйрыққа 17-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

орта білім беру ұйымына келген білім алушыларды есепке алу кітабы осы бұйрыққа 18-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Мектепке дейінгі және орта білім департаменті (Ш.Т. Каринова) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде елтаңбалық мөрмен куәландырылған қағаз данасы қосымшасының электронды тасығышта ресми жариялауды;

3) тіркелген осы бұйрықты алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде оның көшірмесін Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілердің эталондық бақылау банкісіне енгізу үшін осы бұйрықты қол қоюға уәкілетті адамның куәландырылған электрондық цифрлық қолтаңбасын және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің расталған мөрлі электронды және басылымды түрін жіберуді;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі интернет-ресурсында орналастыруды;

5) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Заң қызметі және халықаралық ынтымақтастық департаментіне осы тармақтың 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі А.Қ. Аймағамбетовке жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым министрі*

Е. Сағадиев

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым
министрінің
2017 жылғы 13
желтоқсандағы
№ 615 бұйрығына 1-
қосымша

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым
министрі
міндетін атқарушының
2007 жылғы 23 қазандағы
№ 502 бұйрығымен
бекітілген

Нысан

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
Орта білім беру ұйымындағы бұйрықтарды тіркеу кітабы

(облыс, республикалық маңызы бар қала және астана)

(аудан, қала (ауыл))

(орта білім беру ұйымының атауы)

_____ жылы кітап басталды

_____ жылы кітап аяқталды

№ р/с	Бұйрық №	Шығарылған күні	Бұйрықтың атауы	Кім қол қойды (Т.А.Ә. (болған жағдайда), лауазымы

Ескерту: Бұйрықтарды тіркеу кітабы (бұдан әрі – Кітап) орта білім беру ұйымдарында негізгі қызмет бойынша, кадрлар және оқушылардың жеке құрамы және ауысуы бойынша жүргізіледі.

Бұйрықтар Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 23 қаңтарда № 10129 болып тіркелген Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2014 жылғы 22 желтоқсандағы № 144 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарда құжаттама жасаудың және құжаттаманы басқарудың үлгілік [қағидаларына](#) сәйкес сәйкес ресімделеді.

Кітаптың әрбір парағы нөмірленеді, тігіледі және орта білім беру ұйымы директорының қолы қойылып, мөр басылады.

Электрондық жүйеге қосылған білім беру ұйымдарында бұйрықтарды тіркеу кітабы тек қана электронды түрде толтырылады, оны қағаз нұсқада толтыру талап етілмейді.

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым
министрінің
2017 жылғы 13
желтоқсандағы
№ 615 бұйрығына 2-
қосымша

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым
министрі
міндетін атқарушының
2007 жылғы 23 қазандағы
№ 502 бұйрығымен
бекітілген

Нысан

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
Орта білім беру ұйымдарының педагогикалық кеңесі хаттамаларының
кітабы

(облыс, республикалық маңызы бар қала және астана)

(аудан, қала (ауыл))

(орта білім беру ұйымының атауы)

_____ жылы кітап басталды

_____ жылы кітап аяқталды

№ хаттама

_____ отырысы

(кеңесі, жиналысы)

(өткізілген күні толық көрсетілуі тиіс)

Қатысқандар: (тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) толық көрсетіледі)

Күн тәртібі:

1. Тыңдалды: 1. Қаралған мәселенің тақырыбы.

2. Сөйледі: 1. Сөйлеген адамның (Т.А.Ә. (болған жағдайда) және сөзінің
қысқаша мазмұны.

3. Қаулы етті: 1. Аталған мәселе бойынша қабылданған шешім

Төраға _____ (Т.А.Ә. (болған жағдайда))

Хатшы _____ (Т.А.Ә. (болған жағдайда))

Ескерту: Орта білім беру ұйымының педагогикалық кеңесі
хаттамаларының кітабы (бұдан әрі – Хаттамалар кітабы) барлық орта білім
беру ұйымдарында жүргізіледі, онда педагогикалық кеңеске шығарылған
мәселелердің талқылануы, педагогикалық кеңес мүшелерінің ұсыныстары мен
ескертулері тіркеледі.

Хаттамалар кітабы нөмірленеді, тігіледі, орта білім беру ұйымы директорының қолымен және мөрімен бекітіледі.

Хаттамаларды дайындау мен рәсімдеу тәртібі Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 23 қаңтарда № 10129 болып тіркелген Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2014 жылғы 22 желтоқсандағы № 144 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарда құжаттама жасаудың және құжаттаманы басқарудың үлгілік қағидаларына сәйкес сәйкес ресімделеді.

Орта білім беру ұйымы педагогикалық кеңесінің хаттамасы білім беру ұйымы электрондық жүйеге қосылған жағдайда электронды түрде толтырылады, оның қағаз нұсқасын толтыру талап етілмейді.

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым
министрінің
2017 жылғы 13
желтоқсандағы
№ 615 бұйрығына 3-
қосымша

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым
министрі
міндетін атқарушының
2007 жылғы 23 қазандағы
№ 502 бұйрығымен
бекітілген

Нысан

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
Орта білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлерінің
жеке құрамын есепке алу кітабы

(облыс, республикалық маңызы бар қала және астана)

(аудан, қала (ауыл))

(орта білім беру ұйымының атауы)

_____ жылы кітап басталды

_____ жылы кітап аяқталды

(сол жақ беті)

№ р/с	Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), лауазымы	Жынысы	Туған жылы	Ұлты	Білімі (қашан, қандай оқу орнын және факультетті бітірген, мамандығы, дипломның №)
----------	--	--------	---------------	------	---

1	2	3	4	5	6

Беттің соңына дейін (30 жол)

(оң жақ беті)

Қашан және қандай біліктілігін арттыру курстарын бітірді	Қандай пәнді жүргізеді	Осы орта білім беру ұйымына қабылданған кездегі жалпы педагогикалық стажы	Осы орта білім беру ұйымында қай уақытта н бері жұмыс істейді, бұйрықтың нөмірі, күні	Аттестат тау дан өткен күні, аттестаттау комиссиясының шығарған қорытындысы	Награда лары мен атағы, ғылым и дәрежесі	Мекен-жайы, телефоны	Кеткендігі туралы белгі
7	8	9	10	11	12	13	14

Беттің соңына дейін (30 жол)

Ескерту: Мектептің педагогикалық қызметкерлерінің жеке құрамын есепке алу кітабы (бұдан әрі - Есепке алу кітабы) барлық орта білім беру ұйымдарда жүргізіледі.

Жұмысқа кірген педагогикалық қызметкерлер келесі нөмір тәртібімен жазылады. Бір бетке 10 адамнан артық жазылмайды.

Кітаптағы жазбалар тиісті құжатпен негізделген болуы қажет.

Есепке алу кітабы нөмірленеді, тігіледі, орта білім беру ұйымының қолы және мөрімен бекітіледі.

Педагогикалық қызметкерлердің жеке құрамын есепке алу кітабы орта білім беру ұйымы электрондық жүйеге қосылған жағдайда электронды түрде толтырылады, оның қағаз нұсқасын толтыру талап етілмейді.

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым
министрінің
2017 жылғы 13
желтоқсандағы
№ 615 бұйрығына 4-
қосымша

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым
министрі
міндетін атқарушының
2007 жылғы 23 қазандағы
№ 502 бұйрығымен
бекітілген

Нысан

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
Білім алушыларды жазатын алфавиттік кітап

(облыс, республикалық маңызы бар қала және астана)

(аудан, қала (ауыл))

(орта білім беру ұйымының атауы)

_____ жылы кітап басталды

_____ жылы кітап аяқталды

Кітаптың ішкі беттері (сол жақ беті)

№ р/с	Білім алушының тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)	Туған жылы және айы	Жынысы	Ана тілі	Орта білім беру ұйымына қабылданған күні	Қай сыныпқа қабылданды
1	2	3	4	5	6	7

Кітаптың ішкі беттері (оң жақ беті)

Білім алушының мекен- жайы	Кеткен күні	Қай сыныптан кетті	Кету жөніндегі бұйрықтың күні мен нөмірі	Қайда кетті (облыс, республикалық маңызы бар қала және астана, аудан, орта білім	Кету себептері (оның ішінде, орта білім беру ұйымын	Жеке іс қағазының берілгені н белгілеу

				беру ұйымы)	бітіргенде)	
8	9	10	11	12	13	14

Ескерту: Алфавиттік жазба кітабына (бұдан әрі - Алфавиттік кітап) орта білім беру ұйымының барлық оқушылары жазылады. Жыл сайын кітап жаңа қабылданған оқушылармен толықтырылып отырады. Оқушылардың тегі оның оқитын сыныбына қарамастан алфавиттік ретпен енгізіледі.

Алфавиттің әрбір әрпіне жеке бет арналып, әр әріпке реттік нөмір қойылады. Кітаптағы рет нөмірі оқушының жеке іс қағазындағы нөмірі болып табылады.

Жеке іс қағазда бұл нөмір бөлшек түрінде қойылады. Мысалы, № Б/1-оқушының алфавиттік кітапта "Б" әрпіндегі №15 болып жазылғанын білдіреді.

Егер бұйрықпен рәсімделіп мектептен шығып кеткен оқушы қайтып келсе, онда ол туралы мәлімет жаңадан келген оқушы ретінде қайтадан жазылады.

Барлық беттері толған жағдайда жазуды жалғастыру әрбір әріп бойынша келесі нөмірлер тәртібімен жаңа кітапқа жазылады.

Алфавиттік кітаптың беттері нөмірленіп, бауланып, директордың қолы қойылып, мөр басылады.

Білім беру ұйымы электронды жүйеге қосылған жағдайда Алфавиттік кітап тек электронды түрде толтырылады, оның қағаз нұсқасын толтыру талап етілмейді.

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым
министрінің
2017 жылғы 13
желтоқсандағы
№ 615 бұйрығына 5-
қосымша

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым
министрі
міндетін атқарушының
2007 жылғы 23 қазандағы
№ 502 бұйрығымен
бекітілген

Нысан

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі

Суреттің
орны

№ _____ жеке іс қағазы

Тегі

Аты

Әкесінің аты (болған жағдайда)

Туған күні, айы, жылы

Мекен-жайы

Тегі

Аты

Әкесінің аты (болған жағдайда)

1. Жынысы: ер, әйел _____ (астын сызу)

2.

туған (күні, айы, жылы)

Негізі:

Туу туралы куәлік № ____ берілген күні ____ сериясы ____ № ____

3. Әкесінің тегі, аты, әкесінің аты

Шешесінің тегі, аты, әкесінің аты

немесе оларды алмастыратын адамның тегі, аты, әкесінің аты

4. Ұлты

5. Бірінші сыныпқа қабылданғанға дейін қай жерде тәрбиеленді/оқытылды/

6. Осы орта білім беру ұйымынан басқа орта білім беру ұйымына кету туралы мәліметтер

(ауысқан орта білім беру ұйымының атын және қай сыныпқа қабылданғанын көрсету керек)

7. Орта білім беру ұйымынан кету туралы белгі (қашан, қайда, себептері)

8. Білім алушының мекен-жайы

9. Наградалары мен марапаттаулары

10. Қоғамдық жұмысқа, олимпиадаларға, конференцияларға түрлі жарыстарға және т.б. қатысуы туралы қысқаша мәліметтер

11. Оқытылған факультативтік курстар туралы мәліметтер

Ескерту: Білім алушының жеке іс қағазы (бұдан әрі – Жеке іс қағазы) орта білім беру ұйымына қабылданған кезден бастап мектеп бітіргенше (мектептен шыққанша) әрбір оқушыға жүргізіледі.

10-11 (12) сынып оқушыларының білім алу кезеңінде негізгі орта мектепті бітіргені туралы аттестат Жеке іс қағазында болады.

1-4 сынып оқушыларының жеке іс қағаздарын мұғалімдер, 5-11 (12) сыныптарда жетекшілері жүргізеді.

Оқушылардың іс қағаздары білім алуы кезінде және мектепті бітіргеннен кейін үш жылға дейін сақталады.

Жеке іс қағазға:

1) Туу туралы аттестаттың көшірмесі;

2) 2 дана 3x4 көлеміндегі фотосуреті;

3) медициналық карта (мектепке қабылданған кезде талап етіледі) және мектептің медициналық кабинетінде сақталады;

4) әрбір сыныптағы үлгерім табелі тіркеледі.

Оқу жылының соңында Жеке іс қағазына барлық пәндер бойынша бағалары туралы жазбалар, оқушылардың жетістіктері мен босатқан сабақтарының саны жазылады.

Бір мектептен екінші мектепке ауысқан кезде "_____мектептен кетті" деген жазба жазылып, директордың қолы қойылып, мөр басылып Жеке іс қағазы ата-анаға немесе өзге де заңды өкіліне беріледі.

Алфавиттік кітапқа тіркеу үшін әрбір оқушының Жеке іс қағазы нөмірленеді.

Жеке іс қағаздарының сақталуына мектеп директорының бұйрығымен бекітілген адам жауапты.

Білім беру ұйымы электронды жүйеге қосылған жағдайда Жеке іс қағазы электрондық форматта толтырылады, оны қағаз түрінде толтыру талап етілмейді.

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым
министрінің
2017 жылғы 13
желтоқсандағы
№ 615 бұйрығына 6-
қосымша

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым
министрі
міндетін атқарушының
2007 жылғы 23 қазандағы
№ 502 бұйрығымен

бекітілген

Нысан

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
1-4-сыныптарға арналған сынып журналы

(облыс, республикалық маңызы бар қала және астана)

(аудан, қала (ауыл))

(орта білім беру ұйымының атауы)

сынып

оқу жылы

Ескерту: Сынып журналы орта білім беру ұйымының әрбір мұғалімі жүргізуге міндетті болып табылатын мемлекеттік құжат.

Сынып журналы орта білім беру ұйымы электрондық жүйеге қосылған жағдайда тек қана электрондық форматта толтырылады, оны қағаз нұсқасында толтыруға жол берілмейді.

Электрондық журнал әр тоқсанның қорытындысы бойынша ақпараттық жүйеден жүктеледі және басып шығарылады, беттері бауланып, нөмірленіп, орта білім беру ұйымы директорының қолы қойылып, мөр басылады, олардың сақталуы қамтамасыз етіледі.

1-жарты жылдыққа арналған сабақ кестесі

Күні. Сабақ уақыты	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма	Сенбі
1 сабақ __ сағ. __ мин. __ сағ. __ мин.						
2 сабақ __ сағ. __ мин. __ сағ. __ мин.						
3 сабақ __ сағ. __ мин. __ сағ. __ мин.						
4 сабақ __ сағ. __ мин. __ сағ. __ мин.						
5 сабақ __ сағ. __ мин. __ сағ. __ мин.						
6 сабақ __ сағ. __ мин. __ сағ. __ мин.						

2-жарты жылдыққа арналған сабақ кестесі

Күні. Сабақ уақыты	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма	Сенбі
1 сабақ __сағ. __мин. __сағ. __мин.						
2 сабақ __сағ. __мин. __сағ. __мин.						
3 сабақ __сағ. __мин. __сағ. __мин.						
4 сабақ __сағ. __мин. __сағ. __мин.						
5 сабақ __сағ. __мин. __сағ. __мин.						
6 сабақ __сағ. __мин. __сағ. __мин.						

Мазмұны

Атауы

Беті

1. Сауат ашу

2. Ана тілі

3. Әдебиет

4. Қазақ тілі

5. Орыс тілі

6. Шетел тілі _____
(қандай)

7. Математика

8. Информатика (Ақпараттық
коммуникациялық технология)

9. Жаратылыстану

10. Дүниетану

11. Өзін-өзі тану

12. Музыка _____
13. Бейнелеу өнері _____
14. Еңбекке баулу (Көркем еңбек) _____
15. Дене шынықтыру _____
16. _____
17. _____
18. _____
19. _____
20. Білім алушылар туралы жалпы мағлұматтар _____
21. Білім алушылардың дене шынықтыру дайындығының көрсеткіштері _____
22. Білім алушылардың қатыспаған сабақтары мен күндерінің саны туралы мағлұматтар _____
23. Білім алушылардың оқу үлгерімі және тәртібі есебінің жинақ тізімдемесі _____
24. Сынып журналының жүргізілуі туралы ескертулер _____

(Сол жақ беті)

Пәннің аты _____									
№ р/с	Білім алушының тегі, аты						Айы, күні		
							одан әрі, 26-ға дейін		

Одан әрі, 42-ге дейін
(оң жақ беті)

Мұғалімнің тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)			
Айы, күні	Сабақта не өтілді	Үй тапсырмасы	Мұғалімнің ескертулері

Барлығы 42 жол
(сол жақ беті)

Жаңартылған бағдарлама бойынша 1-4 сыныптар үшін*

Пән атауы _____									
№ п/п	Білім алушының аты-жөні						Күні, айы		
							одан әрі, 26-ға дейін		

Барлығы, 42-ге дейін
(оң жақ беті)

Мұғалімнің Т.А.Ә. (болған жағдайда) _____											
Тоқсандық бағалау көрсеткіші						Күні, айы	Тақырыбы	Үй тапсырмасы			
Оқу бағдарламалары бөлімдері үшін тоқсандық ЖБ балы				Тоқсандық ЖБ балы	% ЖБ р (ең жоғары 50%)				% ЖБ ч (ең жоғары 50%)	Соммасы %	Тоқсандық бағалау
ЖБ 1	ЖБ 2	ЖБ 3	ЖБ 4								
Ең жоғары көрсеткіш балл											

Барлығы, 42-ге дейін (сол жақ беті)

*Ескерту: 2016-2017 оқу жылы – 1-сынып, 2017-2018 оқу жылы – 1, 2 - сыныптар, 2018-2019 оқу жылы – 1, 2 және 3-сыныптар, 2019-2020 оқу жылы – 1, 2, 3 және 4-сыныптар.

Білім алушылар туралы жалпы мағлұматтар

№ р/с	Жеке іс қағазының №	Білім алушылардың тегі, аты	Жынысы	Туған жылы және айы	Ұлты	Мектепке дейінгі мекемеде болуы
1.						
2.						
3.						

Беттің соңына дейін
(оң жақ беті)

лауазым перспективасын айқындау мақсатында білім беру мекемесі ведомствосы және қарамағында болып табылатын білім беруді басқару органының Комиссиясы әңгімелесу өткізеді. Комиссия әңгімелесу өткізу тәртібін өзі айқындайды.

30. Конкурстың барлық кезеңдері аяқталғаннан кейін Комиссия үш жұмыс күні ішінде бір үміткерді айқындайды және оның кандидатурасын лауазымға бекіту үшін конкурс жариялаған білім беруді басқару органының білім басқармасының бастығына ұсынады. Комиссия шешімі ашық, басым дауыспен қабылданады. Дауыс тең болған жағдайда төрағаның даусы шешуші болып табылады. Ұсыныс қорытынды дауыс беру хаттамасымен қоса берілуі тиіс.

31. Конкурстан өтпеген кандидаттарды білім беруді басқару органы үш жұмыс күні ішінде Конкурс қорытындысы туралы жазбаша хабардар етеді.

32. Конкурс қатысушыларының конкурс нәтижелеріне заңнамада белгіленген тәртіппен шағымдануына мүмкіндігі бар.

33. Конкурс жариялаған білім беруді басқару органының басшысы үш жұмыс күні ішінде оң нәтиже алған конкурс қатысушысымен төрт жыл мерзімді ұзарту құқығы бар шартты жасасады және жұмысқа қабылдау туралы бұйрық шығарады.

34. Конкурстан өтпеген кандидаттардың құжаттары Конкурсты өткізген білім беруді басқару органының архивіне беріледі және бес жыл бойы сақталады.

35. Екінші, үшінші, төртінші кезеңдер аудио және бейне жазбамен қамтамасыз етіледі.

Мемлекеттік орта білім
беру
мекемелерінің
басшыларын
конкурстық тағайындау
қағидаларына 1-қосымша

Мемлекеттік орта білім беру мекемелерінің басшылары лауазымына кандидаттың бағалау парағы

(тегі, аты, әкесінің аты)

№	Өлшемшарттар	Балл саны (1-ден 10-ға дейін)
1	Қазақстан Республикасы заңнамасы бойынша теориялық білім деңгейі	
2	Білім берудегі менеджменттің негізгі қағидаттарын білу	
3	Кандидаттың жеке кәсіби қасиеттері	
4	Қазіргі білім беру міндеттерін іске асыру жөніндегі идеялардың бірегейлігі мен негізділігі	

5	Білім беру ұйымдарын табысты дамыту бойынша практикалық көзқарас	
6	Жағдаяттық міндеттерді мобильді, икемді шеше білу	
7	Белсенді, жағымды педагогикалық ортаны құра білу	
8	Білім беру ұйымдарын басқаруда шығармашылық әлеуетті пайдалану	
9	Педагогикалық әдеп және сөйлеу мәдениеті	
Қорытынды:		

Ескерту: Мемлекеттік орта білім беру мекемелерінің басшылары лауазымына кандидаттың өлшемшарттар 10 балдық шәкіл бойынша бағаланады:

- 3 – жеткіліксіз деңгей;
- 4-7 – жеткілікті деңгей;
- 7-10 – өте жақсы деңгей.

Мемлекеттік орта білім
беру
мекемелерінің
басшыларын
конкурстық тағайындау
қағидаларына
2-қосымша

Әңгімелесу үшін тақырыптық бағыттар

1. Қазақстан Республикасы білім беру жүйесінің негізгі нормативтік құқықтық құжаттары.
2. Білім беру менеджментінің заманауи әдістері.
3. Білім беру саласындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттары.
4. Мектепті басқарудағы инновациялар.
5. Табысты мектеп, табысты директор, табысты оқушы, табысты мұғалім өлшемшарттары.
6. Қазақстан біліміндегі халықаралық зерттеулердің рөлі.
7. Білім беру ұйымдарындағы ғылыми-әдістемелік жұмыстарды ұйымдастыру жүйесі.
8. Жаңартылған білім беру мазмұнын енгізу ерекшелігі.
9. Үш тілді білім беруге көшу мәселелері.
10. Қамқоршылық кеңеспен әкімшіліктің өзара іс-қимыл жасау жүйесі.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 25 желтоқсандағы № 647 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 10 қаңтарда № 16205 болып тіркелді

"Мемлекеттік білім беру ұйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілерін оқулықтармен және оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз ету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 91 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Мемлекеттік білім беру ұйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілерін оқулықтармен және оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз ету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 91 бұйрығына (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13288 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2016 жылғы 10 наурызда жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Мемлекеттік білім беру ұйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілерін оқулықтармен және оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз ету қағидаларында:

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Білім беру ұйымдарының кітапхана қорын Тізбеге енген оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз ету білім алушылар контингентіне сай оқу әдебиеттерінің қажетті санын жыл сайын сатып алу арқылы жүзеге асырылады.";

9, 10, 11 және 12-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Баспалар жыл сайын қазан айында Министрлікке оқулықтар мен ОӘК-тің бағдарлы бағасын жолдайды.

10. Баспалар жыл сайын 30 қазаннан кешіктірмей өз ұйымдарының сайтында оқулықтар мен ОӘК-ті сатып алуға жергілікті атқарушы органдардың бюджеттік өтінімдерін қалыптастыру үшін оқулықтар мен ОӘК-тің алдын алу прайс-парағын орналастырады.

Тізбе бекітілгеннен кейін бес жұмыс күні ішінде баспалардың сайтында Тізбеге енгізілген оқулықтар мен ОӘК-тің прайс-парағын орналастырады.

Баспалар оқулықтың электронды нұсқасымен қоса ұсынады.

11. Жергілікті атқарушы органдар жыл сайын 30 қыркүйекке дейін білім беру ұйымдарында білім алушылардың болжамды санын білім алушылар мен тәрбиеленушілердің контингентін есепке ала отырып, келесі оқу жылына оқулықтар мен ОӘК-ті сатып алуға өтінімді оның негізінде қалыптастырады.

12. Білім беру ұйымдары жыл сайын 20 мамырға дейін оқулықтар мен ОӘК-дің оқушылар санына жеткілікті болу нысаны бойынша кітап қорын түгендеуді жүргізеді және кітап қорынан білім алушыларға оқулықтарды және

ОӘК келесі оқу жылына береді."

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Мектепке дейінгі және орта білім департаменті (Ш.Т. Каринова) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмелерін қағаз және электронды түрде қазақ және орыс тілдерінде ресми жариялау және Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдауды;

3) мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде осы бұйрықтың көшірмесін мерзімді баспа басылымдарына жолдауды;

4) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастыруды;

5) осы бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Заң қызметі және халықаралық ынтымақтастық департаментіне осы тармақтың 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі А.К. Аймағамбетовке жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2017 жылғы 27 желтоқсандағы № 651 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 12 қаңтарда № 16220 болып тіркелді

"Оқулықтарды, оқу-әдістемелік кешендері мен оқу-әдістемелік құралдарын әзірлеу, оларға сараптама, сынақ өткізу және мониторинг жүргізу, оларды басып шығару жөніндегі жұмысты ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 24 шілдедегі № 344 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Оқулықтарды, оқу-әдістемелік кешендері мен оқу-әдістемелік құралдарын әзірлеу, оларға сараптама, сынақ өткізу және мониторинг жүргізу, оларды басып шығару жөніндегі жұмысты ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 24 шілдедегі № 344 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7876 болып тіркелген, "Егемен Қазақстан" газетінің 2012 жылғы 19 қыркүйектегі № 609-614 (27687) санында жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Оқулықтарды, оқу-әдістемелік кешендер мен оқу-әдістемелік құралдарды әзірлеу, оларға сараптама, сынақ өткізу және мониторинг жүргізу, оларды басып шығару жөніндегі жұмысты ұйымдастыру қағидаларында:

2-тармақтың 23) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"23) уәкілетті орган – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі";

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Оқулықтарды, ОӘК мен ОӘҚ дайындауды өз бетінше автор, авторлық ұжым немесе баспа ұйымдастырады.

Орта білім беру ұйымдары үшін авторлық ұжым ғалымдар, әдіскерлер және мұғалімдер қатарынан қалыптасады.";

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Уәкілетті орган білім беру ұйымдарында пайдалануға рұқсат етілген бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру деңгейлеріне арналған оқулықтарды, ОӘК мен ОӘҚ, оның ішінде электронды жеткізгіштерілерге авторлық ұжым оқу әдебиеттері сапасының мониторингі нәтижелерін ескере отырып өңдейді.";

10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"10. Оқулықтарға, ОӘК мен ОӘҚ, оның ішінде электрондық жеткізгіштердегі ғылыми және педагогикалық сараптаманы сараптау комиссиясы жүргізеді.

Сараптау комиссиясының құрамына: мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру деңгейлері үшін ғалымдар, жоғары және бірінші санатты мұғалімдер; техникалық және кәсіптік, ортадан кейінгі білім беру деңгейі үшін – ғалымдар мен техникалық және кәсіптік, ортадан кейінгі білім беру ұйымдарының оқытушылары, өндіріс, кәсіпорын және басқа да

ұйым өкілдері; жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру деңгейі үшін – ғалымдар, жоғары оқу орындарының оқытушылары, өндіріс, кәсіпорын және басқа да ұйым өкілдері енеді.

Сараптау комиссиясы сараптамалық шешім шығарады.";

15 және 16-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"15. Оқулықтарға, ОӘК мен ОӘҚ, оның ішінде электронды жеткізгіштегілерге ғылыми және педагогикалық сараптама өткізу ҚР МЖБС-ға, үлгілік оқу жоспарлары мен оқу бағдарламаларына, ал әдістемелік аппараттың – білім алушыларды оқыту, тәрбиелеу мен дамыту мақсаттарына, психология-педагогика ғылымының қазіргі заманғы талаптарына сәйкестігін бағалау мақсатында жүргізіледі.

"Оқулық" орталығы мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру деңгейіне арналған оқулықтар, ОӘК, ОӘҚ-ге келесі қайта басып шығарылғанға дейін сынақ алды және сынақтан кейінгі сараптама өткізеді.

Қоғамдық бағалау жүргізу үшін бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру деңгейіне арналған оқулықтар сараптама жүргізу барысында оның электронды нұсқасы "Оқулық" орталығының интернет-ресурсында орналастырылады.

"Оқулық" орталығы қоғамдық бағалау порталына түскен ескертулер мен ұсыныстарға мониторинг жүргізіп, оларды кемшіліктерді жою мақсатында баспаларға жібереді.

16. Сараптамалық шешім негізінде "Оқулық" орталығы сараптама қорытындысын дайындайды.

Сараптама нәтижелері бойынша сараптама қорытындысы келесі тұжырымдардың бірін қамтиды:

1) бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім деңгейіне арналған оқулықтарға, ОӘК мен ОӘҚ, соның ішінде электрондық жеткізгіштерде:

оң сараптамалық шешім алған жағдайда – "білім беру ұйымдарында пайдалануға ұсынылады", ал сынаққа жолданатын оқулықтарға, ОӘК мен ОӘҚ – "білім беру ұйымдарында сынақтан өткізуге ұсынылады";

сараптамалық шешімде жоюды қажет ететін ескертулер болған жағдайда – "өңдеуді қажет етеді", оның ішінде сынаққа жіберілетін оқу әдебиеттері үшін;

теріс сараптамалық шешім алған жағдайда – "білім беру ұйымдарында пайдалануға ұсынылмайды", сонымен бірге сынаққа жіберілетін оқу әдебиеттеріне – "білім беру ұйымдарында сынақтан өткізуге ұсынылмайды".

2) мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім деңгейінің оқулықтары, ОӘК мен ОӘҚ үшін, оның ішінде электрондық жеткізгіштерде – "білім беру ұйымдарына пайдалануға ұсынылады";

сараптамалық шешімде жоюды қажет ететін ескертулер болған жағдайда – "Өңдеуді қажет етеді";

теріс сараптамалық шешім алған жағдайда – "білім беру ұйымдарына пайдалануға ұсынылмайды.";

20-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"20. Оқулықтар, ОӘК мен ОӘҚ бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жанартылған білім мазмұны бойынша сынақтан өтеді.";

20-2-тармак мынадай редакцияда жазылсын:

"20-2. Уәкілетті орган оқулықтарға, ОӘК мен ОӘҚ сынақ өткізетін эксперименттік білім беру ұйымдарының тізімін және оқулықтар мен ОӘК тізбесін қалыптастырады.";

25, 26 және 27-тармактар мынадай редакцияда жазылсын:

"25. Уәкілетті орган оқулықтар мониторингінің нәтижелері бойынша білім беру ұйымдары тарапынан сұраныссыз қалған оқулықтарды, ОӘК мен ОӘҚ Оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендерінің, құралдарының және басқа да қосымша әдебиеттердің, оның ішінде электрондық жеткізгіштегілерінің тізбесінен (бұдан әрі – Тізбе) алып тастау туралы шешім қабылдайды.

26. Уәкілетті орган оқулықтарды, ОӘК мен ОӘҚ-ні, оның ішінде электронды жеткізгіштегілерді, сараптама және сынақ жүргізу нәтижелерін қарастыру жөніндегі Республикалық комиссияны (бұдан әрі – Республикалық комиссия) құрады.

Республикалық комиссияның құрамы уәкілетті органның бірінші басшысымен бекітіледі.

Республикалық комиссияның құрамына білім беру саласында жұмыс тәжірибесі бар мемлекеттік, қоғамдық ұйымдардың, педагогикалық және ғылыми қоғамдастықтың өкілдері кіреді.

Уәкілетті орган оқулықтардың, ОӘК мен ОӘҚ-нің, оның ішінде электронды жеткізгіштегілердің сараптама, сынақ нәтижелерін қарастыру және Республикалық комиссияға ұсыныс енгізу үшін пәндік комиссияларды құрады.

Пәндік комиссиялардың отырысы жылына екі реттен кем емес өткізіледі.

Пәндік комиссиялар құрамы мемлекеттік және қоғамдық ұйымдардың өкілдерінен, ғалымдар, әдіскерлер мен педагог-практиктерден құрылады.

Пәндік комиссиялар:

1) мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім деңгейлеріне арналған оқулықтарға сараптама жасайды және бірыңғай базалық оқулықты анықтау үшін деңгейге бөлу жұмыстарын жүргізеді;

2) оқулықтардың, ОӘК мен ОӘҚ сараптама, сынақ, оқулықтар сапасын қоғамдық бағалаудың аралық және соңғы қорытындыларын қарастырады;

3) мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру деңгейлеріне арналған оқулықтардың, ОӘК мен ОӘҚ-ні, оның ішінде электронды жеткізгіштегілерді сараптамалық бағалау, сынақтан өткізу және деңгейге бөлу қорытындыларын Республикалық комиссияның қарауына енгізеді.

27. Республикалық комиссия:

1) пәндік комиссиялар жұмысының қорытындыларын қарастырады;

2) оқу басылымының мазмұнын бағалау критерийлері негізінде пәндік комиссиялардың ұсыныстарын, сондай-ақ оқулықтардың бағасын есепке ала отырып, оқулықтарды, ОӘК мен ОӘҚ-ні, оның ішінде бірыңғай базалық оқулықтарды іріктеуді жүзеге асырады;

3) оқулықтарды, ОӘК мен ОӘҚ-ні, оның ішінде электрондық жеткізгіштегілерді оқу процесінде пайдалану туралы мынадай шешімдерді қабылдайды:

"білім беру ұйымдарында пайдалануға ұсынылады";

"білім беру ұйымдарында пайдалануға ұсынылмайды";

"білім беру ұйымдарында бірыңғай базалық оқулық ретінде пайдалануға ұсынылады";

"білім беру ұйымдарында қосымша қолдануға арналған оқулық ретінде пайдалануға ұсынылады";

4) Тізбеге енгізу үшін ұсынылған оқу әдебиеттері тізімін Министрліктің қарауына және бекітуіне ұсынады;

5) оқулықтарды, ОӘК мен ОӘҚ-ні дайындау, сараптау, сынақтан өткізу, мониторинг жүргізу және басып шығару тетіктерін жетілдіру бойынша ұсыныстар дайындайды және енгізеді.";

29-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"29. Тізбеге бір оқу пәні бойынша бестен артық емес балама оқулықтар, ОӘК мен ОӘҚ енгізіледі.

Уәкілетті орган бекіткен Тізбе www.edu.gov.kz интернет-ресурсына орналастырылады."

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Мектепке дейінгі және орта білім департаменті (Ш.Т. Каринова) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмелерін қағаз және электронды түрде ресми жариялау және Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдауды;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмелерін мерзімді басылымдарға ресми жариялау үшін жолдау;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің ресми интернет-ресурсында ресми жарияланғаннан кейін орналастыруды;

5) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Заң қызметі және халықаралық ынтымақтастық департаментіне осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі А.К. Аймағамбетовке жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
міндетін атқарушы*

А. Әмрин

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2017 жылғы 29 желтоқсандағы № 662 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 22 қаңтарда № 16258 болып тіркелді

"Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 [бұйрығына](#) (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13272 болып тіркелген, "Әділет" Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2016 жылғы 15 наурызда жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру [нормаларында](#):

Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларында:

"Ұсынылатын бейнелеу іс-әрекетіне арналған жабдықтар" деген бөлім мынадай мазмұндағы 95-1, 95-2, 95-3, 95-4, 95-5, 95-6, 95-7, 95-8, 95-9-жолдармен толықтырылсын:

"

95-1	Ойын алаңы, бағдарламаланатын робот ойыншығы, тапсырмалары бар карточкалар мен әдістемелік құралдан тұратын бағдарламалау дағдыларын дамытуға арналған старттық жинақ	Жинақ	2	2	2
95-2	Тақта және кодтау блоктары, моторлар, датчиктер, электрондық және конструкциялық элементтер, әдістемелік оқулықтардан тұратын бағдарламалау дағдыларын дамытуға арналған базалық жинақ	Жинақ	4	4	4
95-3	Конструкциялық элементтер, микроконтроллер, датчиктер, картридер және әдістемелік оқулықтардан тұратын мектеп жасына дейінгі балаларға арналған робототехникалық жинақ	Жинақ	4	4	4
95-4	Конструкциялық элементтер, микроконтроллер, датчиктер, және әдістемелік оқулықтардан тұратын мектеп жасына дейінгі балаларға арналған	Жинақ	1	1	1

	робототехникалық жинақ					
95-5	Конструкциялық элементтерден, технологиялық картадан және әдістемелік оқулықтан тұратын мектеп жасына дейінгі балалар топтарының жаратылыстану ғылымдары, технология, өнер, конструкциялық құрастыру және математика саласындағы зерттеу қызметіне арналған конструкциялық жинақ	Жинақ		1	1	1
95-6	Конструкциялық элементтер, фигуралар, объектілер, технологиялық карталар мен әдістемелік құралдан тұратын шығармашылық және танымдық қабілетті дамытуға арналған конструкциялық жинақ	Жинақ		4	4	4
95-7	Конструкциялық элементтер, фигуралар, объектілер, технологиялық карталар және әдістемелік оқулықтан тұратын ерте жастан математикалық дамытуға арналған конструкциялық жинақ	Жинақ		3	3	3
95-8	Әдістемелік оқулықпен бірге 2 және 3 өлшемді модельдеуге арналған геометриялық фигуралардан тұратын ерте жастан математикалық дамытуға арналған конструкциялық жинақ	Жинақ			1	1
95-9	Геометриялық фигуралар, конструкциялық элементтер және әдістемелік оқулықтан тұратын балаларды роботтармен ойынға дайындауға арналған конструкциялық жинақ	Жинақ		1	1	1

”;

Бастауыш білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларында:

"Әкімшілік кабинеті" деген бөлімде:

"Ақпараттық-білім беру саласының (АБС) желілік инфрақұрылымының оқу кабинеттеріне арналған жабдықтар" деген кіші бөлім мынадай мазмұндағы 330-1, 330-2, 330-3, 330-4, 330-5, 330-6, 330-7, 330-8-жолдармен толықтырылсын:

”

330-1	Ноутбук	Дана	5
330-2	Конструкциялық элементтер, микроконтроллер, моторлар, датчиктер, қосымша бөлшектер, зарядтаушы құрылғы және әдістемелік құралдан тұратын робототехникалық жинақ	Жинақ	5
330-3	Конструкциялық элементтер, микроконтроллер, картридерлер, датчиктер және әдістемелік оқулықтан	Жинақ	2

	тұратын робототехникалық жинақ			
330-4	Бағдарламалайтын контроллер, радиомодуль, қашықтықтан басқару пульті, датчиктер, конструкциялық және электр элементтерінен және әдістемелік оқулықтан тұратын жаттығулар мен жарыстарға арналған робототехникалық жинақ	Жинақ		
330-5	Ойын алаңы, бағдарламалайтын ойыншық-робот, тапсырмалары бар карточкалары және әдістемелік оқулықтан тұратын бағдарламалау дағдыларын дамытуға арналған старттық жинақ	Жинақ	1	
330-6	Пластик жинағы мен әдістемелік құралы бар 3D қалам	Дана	5	
330-7	Конструкциялық элементтер, фигуралар мен объектілер, технологиялық карталар және әдістемелік оқулықтан тұратын механизмдер жұмысының принциптерін, механика негіздерін үйренуге арналған конструкциялық жинақ	Жинақ	2	3
330-8	Конструкциялық элементтер, объектілер, аспаптар, технологиялық карталар мен әдістемелік оқулықтан тұратын инженерлік ғылымдар, қалпына келтірілетін энергия көздері, пневматика негіздерін үйренуге арналған конструкторлық жинақ	Жинақ		2 3

”;

"Спорттық зал" деген бөлімде:

"Гимнастика" деген кіші бөлімде реттік нөмірлері 408, 410, 413, 414, 417, 420, 438, 440-жолдар алынып тасталсын;

"Қимылды және спорт ойындары" деген кіші бөлімде реттік нөмірлері 454-жолдар алынып тасталсын;

Негізгі орта білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларында:

"Материалдарды көркем өңдеу, металл және ағашты өңдеу технологиясын жабдықтар және жиһаздар" деген бөлім мынадай мазмұндағы 880-1, 880-2, 880-3, 880-4, 880-5, 880-6, 880-7, 880-8, 880-9, 880-10-жолдармен толықтырылсын:

”

880-1	Ноутбук	Дана	10
880-2	Желілік фильтр	Дана	10
880-3	Басып шығаруға арналған пластигі бар 3-D принтер	Дана	2

880-4	Бағдарламалық қамтамасыз етілген микрокомпьютер, сервомоторлар, датчиктер, құрылыс элементтері, зарядтаушы құрылғы, интерактивтік сабақтар, оқу-әдістемелік кешеннен тұратын робототехникалық жинақ	Жинақ	10
880-5	Мониторы бар және бағдарламалық қамтамасыз етілген микропроцессорлік компьютер базасындағы бағдарламалауды оқытуға арналған жинақ	Жинақ	3
880-6	Микроконтроллері мен командалық интерпретаторы бар плата базасындағы робототехникалық жинақ және оқу әдістемелік кешен	Жинақ	4
880-7	Зерттеу қызметіне арналған датчиктер жинағы	Жинақ	4
880-8	Бағдарламалау мүмкіндігі бар электрондық компоненттер мен механикалық модельдер, әдістемелік құралдан тұратын жобалау қызметіне арналған жинақ	Жинақ	10
880-9	Лицензиялық бағдарламалар, оның ішінде микроконтроллермен жұмысқа арналған үстел және мобильдік операциялық жүйесінің кешені, құжаттаманы, мультимедиялық деректерді және оқу-әдістемелік материалдарды қарау құралдары, визуалды әзірлеу құралдары, редакторлар, дерекқорлар, микроконтроллердің жұмысын атқаратын виртуалды машиналар, үш өлшемді модельдерді жасауға, схемаларды жобалауға және интертетте жұмыс істеуге арналған бағдарламалар	Жиынтық	1
880-10	Баннерлік матадағы жаттығу алаңдары	Дана	6

”;

"Спорт зал және секциялар" деген бөлімде реттік нөмірлері 971, 972, 977, 981-жолдар алынып тасталсын;

Жалпы орта білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру [нормаларында](#):

"Дене шынықтыру зал және секция" деген бөлімде:

"Гимнастика" деген кіші бөлімде реттік нөмірлері 829, 830, 835, 839-жолдар алынып тасталсын;

"Жеңіл атлетика" деген кіші бөлімде реттік нөмірі 851-жол алынып тасталсын;

"Туризм, спорт және үстел ойындары" деген кіші бөлімде реттік нөмірлері 886, 887, 891-жолдар алынып тасталсын;

"Алғашқы әскери дайындық кабинеті" деген кіші бөлімде:

алғашқы әскери дайындық кабинеті

”;

деген кіші бөлімінің атауы мынадай редакцияда жазылсын:

”

алғашқы әскери және технологиялық дайындық кабинеті

”;

реттік нөмірі 1001-жол мынадай редакцияда жазылсын:

”

1001	Алғашқы әскери және технологиялық дайындық бойынша плакаттар	дана	1
------	--	------	---

”;

реттік нөмірі 1004-жол мынадай редакцияда жазылсын:

”

1004	"Алғашқы әскери және технологиялық дайындық" электрондық оқу басылымы	дана	1
------	---	------	---

"Қару және әскери-техникалық мүлікті сақтау" деген кіші бөлімде реттік нөмір 1043 - жол алынып тасталсын;

"Алғашқы әскери дайындық қалашығы" деген кіші бөлімде реттік нөмірлері 1044, 1045, 1046, 1047, 1049-жолдар алынып тасталсын;

"Ұсынылатын жабдықтар" деген кіші бөлімде реттік нөмірлері 1050, 1052, 1053, 1054, 1055, 1056, 1057, 1058, 1059, 1060, 1061, 1062, 1063, 1066, 1067, 1068, 1069-жолдар алынып тасталсын;

"Тир" деген бөлімде реттік нөмірі 1083-жол алынып тасталсын;

"Әкімшілік кабинеті" деген бөлім:

"Робот техникасымен, зерттеу және жобалау қызметімен айналасуға арналған инновациялық және жоғары технологиялық жабдықтар" деген кіші бөліммен толықтырылсын:

Робот техникасымен, зерттеу және жобалау қызметімен айналасуға арналған инновациялық және жоғары технологиялық жабдықтар			
1199	Ноутбук	Дана	10
1200	Желілік фильтр	Дана	10
1201	Басып шығаруға арналған пластигі бар 3-D принтер	Дана	2
1202	Бағдарламалық қамтамасыз етілген микрокомпьютер, сервомоторлар, датчиктер, құрылыс элементтері, зарядтаушы құрылғы, интерактивтік сабақтар, оқу-әдістемелік кешеннен тұратын робототехникалық жинақ	Жинақ	4
1203	Мониторы бар және бағдарламалық қамтамасыз етілген микропроцессорлік компьютер базасындағы	Жинақ	5

	бағдарламалауды оқытуға арналған жинақ		
1204	Микроконтроллері мен командалық интерпретаторы бар плата базасындағы робототехникалық жинақ және оқу әдістемелік кешен	Жинақ	10
1205	Зерттеу қызметіне арналған датчиктер жинағы	Жинақ	10
1206	Бағдарламалау мүмкіндігі бар электрондық компоненттер мен механикалық модельдер, әдістемелік құралдан тұратын жобалау қызметіне арналған жинақ	Жинақ	10
1207	Лицензиялық бағдарламалар, оның ішінде микроконтроллермен жұмысқа арналған үстел және мобильдік операциялық жүйесінің кешені, құжаттаманы, мультимедиялық деректерді және оқу-әдістемелік материалдарды қарау құралдары, визуалды әзірлеу құралдары, редакторлар, дерекқорлар, микроконтроллердің жұмысын атқаратын виртуалды машиналар, үш өлшемді модельдерді жасауға, схемаларды жобалауға және интернетте жұмыс істеуге арналған бағдарламалар	Жиынтық	1
1208	Жарыстар мен олимпиадаларға қатысуға арналған жинақ	Жинақ	1
1209	Антропоморфтік робот	Дана	1
1210	Виртуалды ортаны және толықтырылған шынайылықты жасауға арналған жабдықтар мен бағдарламалық қамтамасыз ету кешені және әдістемелік құрал	Жиынтық	1
1211	Баннерлік матадағы жаттығу алаңдары	Дана	10

".

2. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің Мектепке дейінгі және орта білім департаменті (Ш.Т. Карина):

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдауды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан

Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Заң департаментіне осы бұйрықтың 2-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі А.Қ. Аймағамбетовке жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым министрінің
міндетін атқарушы*

А. Әмрин

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 11 қаңтардағы № 13 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 9 сәуірде № 16727 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі, жергілікті атқарушы органдар көрсететін "Үздік педагог" атағын беру және мемлекеттік орта білім беру мекемелерінің басшылары лауазымдарына орналасу конкурстарына қатысу үшін құжаттарды қабылдау бойынша мемлекеттік қызметтер стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 8 сәуірдегі № 173 [бұйрығына](#) (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11058 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 22 мамырда жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Үздік педагог" атағын беру конкурсына қатысу үшін құжаттар қабылдау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет [стандарты](#) осы бұйрыққа [1-қосымшаға](#) сәйкес редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген осы "Мемлекеттік орта білім беру мекемелерінің басшылары лауазымдарына орналасу конкурсына қатысу үшін құжаттар қабылдау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет [стандарты](#) осы бұйрыққа [2-қосымшаға](#) сәйкес редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Республикалық маңызы бар мемлекеттік орта білім беру мекемелерінің басшылары лауазымдарына орналасу конкурсына қатысу үшін құжаттар қабылдау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет [стандарты](#) осы бұйрыққа [3-қосымшаға](#) сәйкес редакцияда жазылсын.

2. "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлері мен оларға теңестірілген тұлғаларға біліктілік санаттарын беру (растау) үшін аттестаттаудан өткізуге құжаттар қабылдау бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 9 қарашадағы № 632 [бұйрығына](#) (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12449 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 31 желтоқсанда жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен

кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлері мен оларға теңестірілген тұлғаларға біліктілік санаттарын беру (растау) үшін аттестаттаудан өткізуге құжаттар қабылдау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет [стандарты](#) осы бұйрыққа [4-қосымшаға](#) сәйкес редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын республикалық ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлері мен оларға теңестірілген тұлғаларға біліктілік санаттарын беру (растау) үшін аттестаттаудан өткізуге құжаттар қабылдау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет [стандарты](#) осы бұйрыққа [5-қосымшаға](#) сәйкес редакцияда жазылсын.

3. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Мектепке дейінгі және орта білім департаменті (Ш.Т. Каринова) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін қағаз және электронды түрде қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Заң қызметі және халықаралық ынтымақтастық департаментіне осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі А.Қ. Аймағамбетовке жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым министрі *Е. Сағадиев*
"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Ақпарат және коммуникация министрі
_____ Д. Абаев

2018 жылғы 16 наурыз

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрі
_____ Т. Сүлейменов



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

2018 ж. 18 қысқарт. № 20

Астана қ.

г. Астана

Қазақстан Республикасында орта білім
мазмұнын әдіснамалық қамтамасыз етуді
үйлестіру туралы

Білімнің жаңартылған мазмұны жағдайында орта білім жүйесін әдістемелік қамтамасыз етуді жетілдіру, білім сапасын, педагогтердің кәсіби шеберлігін арттыру үшін жағдай жасау мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қосымша берілгендер:

1) Орта білім саласындағы Республикалық оқу-әдістемелік кеңес (бұдан әрі - РОӘК) туралы ереже осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес;

2) РОӘК-тің құрамы осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес;

3) Жалпы білім беретін мектеп директорларының республикалық кеңесі туралы ереже осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес;

4) Жалпы білім беретін мектеп директорларының республикалық кеңесінің құрамы осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Мектепке дейінгі және орта білім департаменті (Каринова Ш.Т.) осы бұйрықты облыстық, Астана және Алматы қалаларының білім басқармаларына және республикалық білім беру ұйымдарына жеткізсін.

3. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы (Ж.О. Жылбаев):

1) орта білім мазмұнын әдіснамалық қамтамасыз етуді үйлестіру жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлесін;

2) облыстық, Астана және Алматы қалаларының әдістемелік кабинеттерінің/орталықтарының;

жоғарыда атаған кеңестердің өзара жұмыс жасауын қамтамасыз етсін;

3) пән мұғалімдері қауымдастығының ынтымақтастығы мен өзара қызметін қамтамасыз етсін.

4. Облыстық, Астана және Алматы қалаларының білім басқармалары:

1) аудандық (қалалық) және облыстық пән мұғалімдері қауымдастығының өзара қызметін қамтамасыз етсін;

Бланк сериялық нөмірсіз жарамсыз болып табылады.
Бланк без сериального номера недействителен.

000236

2) облыстық, Астана және Алматы қалалары білім басқармалары жалпы білім беретін мектеп директорлары кеңесінің жұмысын ұйымдастырсын;

3) Б. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының оқу-әдістемелік жұмыстар бойынша әдістемелік кабинеттермен/орталықтармен өзара қызметін қамтамасыз етсін.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Білім және ғылым вице-министрі А.Қ. Аймағамбетовке жүктелсін.

6. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Министрдің
міндетін атқарушы



Б. Асылова

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2018 жылғы «18» қыңтар
№ 20 бұйрығына 1- қосымша

Орта білім беру саласындағы Республикалық оқу-әдістемелік кеңес туралы ереже

1. Жалпы ережелер

1. Орта білім беру саласындағы Республикалық оқу-әдістемелік кеңес (бұдан әрі - РОӘК) туралы ереже Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңы 5-бабының 25- тармақшасына, 29-бабының 2-тармағына сәйкес әзірленді.

2. Орта білім беру саласындағы РОӘК Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі (бұдан әрі – ҚР БҒМ) жанындағы орта білім беру мазмұнын оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету мәселелері бойынша үйлестіру-кеңестік және ұйымдастыру-әдістемелік кеңес болып табылады.

3. РОӘК өз қызметінде білім беру мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерін, басқа да нормативтік құқықтық актілерін және осы Ережені басшылыққа алады.

2. РОӘК негізгі міндеттері мен құқығы

4. РОӘК негізгі міндеттері:

1) орта білім беру саласындағы әдістемелік кабинеттермен өзара қызмет жасау;

2) пән мұғалімдері қауымдастығымен ынтымақтастық және өзара қызмет жасау;

3) орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын жетілдіру шараларын әзірлеу;

4) білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын және бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру бағдарламаларын іске асыруда білім беру ұйымдарын оқу-әдістемелік қолдауды жүзеге асыру;

5) орта білім берудің үлгілік оқу бағдарламаларының мазмұнын жаңарту және жетілдіру бойынша ұсынымдамалар дайындау;

6) жалпы білім беретін мектептерге арналған оқулықтар мен оқу әдебиеттерін, соның ішінде электронды оқулықтарды пайдалану жөнінде ұсынымдамалар дайындау;

7) инновациялық тәжірибені, жаңа педагогикалық технологияларды жинақтау және оларды енгізу туралы ұсынымдамалар дайындау.

5. РОӘК өз міндеттеріне сәйкес:

1) орта білім беру жүйесіндегі оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмыстарды жетілдіру жөнінде ҚР БҒМ-ге ұсынымдамалар беруге және ұсыныстар енгізуге;

2) оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмыстар мәселелер, сондай-ақ РОӘК құзыретіне кіретін басқа да мәселелер бойынша ұсыныстарды зерделеу және дайындау үшін жұмыс топтарын құруға;

3) орта білім беру ұйымдарында оқу-әдістемелік жұмыстарды үйлестіруді жүзеге асыруға;

4) оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік конференцияларды, семинарлар мен дөңгелек үстелдерді ұйымдастыруға қатысуға құқылы.

3. РОӘК қызметін жүзеге асыру тәртібі

6. РОӘК-тің жұмыс органы ҚР БҒМ Ұ. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы (бұдан әрі – ҰБА) болып табылады.

7. РОӘК құрамына төраға мен РОӘК төрағасының екі орынбасары, әдістемелік кабинеттердің (орталықтар) басшылары (өкілдері), ҰБА өкілдері кіреді.

8. РОӘК құрамы ҚР БҒМ бұйрығымен бекітіледі.

9. РОӘК-ті төраға басқарады.

10. РОӘК отырыстарын оның төрағасы жүргізеді, ал ол болмаған жағдайда – РОӘК төрағасы орынбасарларының бірі жүргізеді.

11. РОӘК отырыстарының кезеңділігі – тоқсан сайын.

12. Отырысқа құрамының кемінде үштен екісі қатысқан жағдайда РОӘК шешімі ашық дауысқа салу арқылы, қарапайым көпшілік дауыспен қабылданады.

13. РОӘК отырыстары және ондағы қабылданған шешімдер хаттамамен ресімделеді. РОӘК отырыстарының хаттамаларына РОӘК төрағалық етушісі және РОӘК хатшысы қол қояды.

14. РОӘК хатшысы ҰБА қызметкері болып табылады, РОӘК отырыстарын өткізуге дайындықты ұйымдастырады және РОӘК шешімдерін іске асыруды қамтамасыз етеді.

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2018 жылғы « 18 » қысқар
№ 20 бұйрығына 2- қосымша

Орта білім беру саласындағы Республикалық оқу-әдістемелік кеңестің құрамы

ҚР Білім және ғылым вице-министрі, төраға;
ҚР БҒМ Мектепке дейінгі және орта білім департаментінің директоры,
төрағаның орынбасары;
Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының президенті,
төрағаның орынбасары;
«Назарбаев Зияткерлік мектептері» оқу бағдарламалары орталығының
директоры;
«Назарбаев Зияткерлік мектептері» педагогикалық шеберлік
орталығының директоры;
«БІЛІМ-ИННОВАЦИЯ» халықаралық қоғамдық қорының президенті;
Ақмола облысы білім басқармасы облыстық оқу-әдістемелік кабинетінің
директоры;
Ақтөбе облыстық ғылыми-тәжірибелік орталық жетекшісі;
Алматы облысы білім басқармасы облыстық әдістемелік кабинетінің
меңгерушісі;
Атырау облысы білім басқармасы әдістемелік орталығының директоры;
Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы «Шығыс» өңірлік
орталығының директоры;
Жамбыл облысы әкімдігі білім басқармасы облыстық оқу-әдістемелік
кабинетінің жетекшісі;
Батыс Қазақстан облысы білім басқармасы мектепке дейінгі, жалпы білім
беру, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының облыстық оқу-
әдістемелік кабинетінің жетекшісі;
Қарағанды облысы білім беруді дамыту оқу-әдістемелік орталығының
жетекшісі;
Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасы мектепке дейінгі және жалпы
орта білім беру әдістемелік кабинетінің жетекшісі;
Қызылорда облыстық оқу орталығының (әдістемелік кабинет) директоры;
Маңғыстау облысы білім басқармасы облыстық қосымша білім беру оқу-
әдістемелік орталығының жетекшісі;
Павлодар облысы білім беру басқармасының білім беруді дамытудың
инновациялық орталығы» КММ жетекшісі;
Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім беру саласындағы
әдістемелік жұмыс және ақпараттық технологиялар орталығының жетекшісі;

Оңтүстік Қазақстан облысы білім басқармасы әдістемелік кабинетінің жетекшісі;

Өскемен қаласы білім бөлімінің бастығы;

Талдықорған қаласы білім бөлімінің бастығы;

Қарағанды қаласы білім бөлімінің бастығы;

Павлодар қаласы білім бөлімінің бастығы;

Шымкент қаласы білім бөлімінің бастығы;

Ақтау қаласы білім бөлімінің бастығы;

Көкшетау қаласы білім бөлімінің бастығы;

Астана қаласы Білім беруді жаңғырту орталығының директоры;

Алматы қаласы әдістемелік кабинетінің жетекшісі;

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2018 жылғы «18» қаңтар
№ 20 бұйрығына 3- қосымша

Жалпы білім беретін мектептер директорларының Республикалық кеңесі туралы ереже

1. Жалпы ережелер

1. Жалпы білім беретін мектептер директорларының Республикалық кеңесі (бұдан әрі – Кеңес) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі (бұдан әрі – ҚР БҒМ) жанындағы консультациялық-кеңесші орган болып табылады.

2. Кеңес білім мазмұнын жаңарту жағдайында орта білім беру жүйесін дамыту саясатын жүзеге асыруға ықпал ету мақсатында құрылады.

3. Кеңес өз қызметінде білім беру мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының заңнама актілерін, өзге де нормативтік құқықтық актілерді және осы Ережені басшылыққа алады.

2. Кеңестің негізгі міндеттері және құқығы

4. Кеңестің негізгі міндеттері:

1) орта білім беруді бұдан әрі дамыту жөнінде ұсыныстар әзірлеу, біртұтас білім беру кеңістігі қызметінің нормативтік-құқықтық базаларын әзірлеу және қабылдау, білім сапасын арттыру үшін жағдайлар жасау, педагогтердің кәсіби құзыреттіліктерін бағалау;

2) мектептерге басшылық жасау қызметтерінде жалпы білім беру ұйымдарының басшыларына құқықтық, ұйымдастырушылық, консультациялық көмек көрсету;

3) жалпы білім беретін мектептерге қаржылық және ресурстық қолдау көрсету, кадрлар даярлау сапасын бағалау, орта білім беру жүйесін жетілдіруде нақты шаралар жасау мәселелері бойынша қауымдастықтар өкілдерімен, орта білім саласындағы жергілікті өкілдік және атқарушы органдармен өзара тығыз қарым-қатынас жасауды қамтамасыз ету;

4) орта білім беруді дамыту мәселелері бойынша конференциялар, семинарлар, педагогикалық оқулар ұйымдастыру;

5) оқу орнын басқару бойынша сапа менеджменті жүйесінің озық әдістерін енгізу, оқу процесін ұйымдастыру бойынша мектеп директорларының оң жұмыс тәжірибелерін тарату;

6) жалпы білім беретін мектептер мен білім алушылардың салауатты өмір салтын ұйымдастыруға жағдай жасау, оқу-материалдық базасын нығайту және дамыту жөнінде өзара қызмет жасау;

7) жалпы білім беретін мектептердің тікелей халықаралық байланыстар орнатуына, нығайтуына және дамытуына ықпал ету;

8) орта білім беру жүйесінің басшылық және педагог қызметкерлерінің әлеуметтік мәртебесін көтеруге көмектесу;

9) жалпы білім беретін мектептер қызметкерлерінің азаматтық, әлеуметтік-экономикалық, саяси, кәсіби құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асыруға және қорғауға көмектесу.

5. Кеңес өз міндеттеріне сәйкес:

1) орта білім беру мәселелеріне қатысты нормативтік құқықтық актілердің жобаларына ұсыныстар дайындауға;

2) оқу орындарында оқу-тәрбие процесін жетілдіру және мектептердің инфрақұрылымын дамыту бойынша орта білім саласындағы жергілікті атқарушы органдарға, Мектепке дейінгі және орта білім беру департаментіне ұсыныстар енгізуге;

3) мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын, үлгілік оқу жоспарлары мен орта білім берудің оқу бағдарламаларын әзірлеуге қатысуға;

4) білім беру саласындағы тиісті жергілікті атқарушы органдарға, жалпы білім беретін мектептердің білім алушылары мен мұғалімдерінің әлеуметтік жағдайларын жақсарту бойынша ұсыныстар енгізуге, сондай-ақ белгіленген тәртіппен мұғалімдерді моральдық және материалдық көтермелеуге, соның ішінде марапаттар, сыйлықтар беруге қатысуға;

5) жалпы білім беретін мектептерден мектептердің жұмысына байланысты қажетті ақпаратты және материалдарды сұратуға және алуға;

6) білім беру жүйесінің өзекті проблемалары бойынша, соның ішінде орта білім беру бойынша ғылыми-практикалық конференциялар өткізу жөнінде ұсыныстар енгізуге құқылы.

3. Кеңестің қызметін іске асыру тәртібі

6. Кеңес ҚР БҒМ бұйрығымен құрылады.

7. Кеңестің жұмыс органы ҚР БҒМ Ұ. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы болып табылады.

8. Білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында орта білім беруді дамытуды қамтамасыз ету үшін облыстық білім басқармалары жанында жалпы білім беретін мектептер директорларының кеңестік-мәжілістік кеңесі құрылады.

9. Кеңестің құрамына ведомстволық бағыныстылығына және меншіктілік түріне карамастан облыстардың, Астана және Алматы қалаларының жалпы білім беретін мектептері директорлары кеңестерінің төрағалары кіреді.

Орта білім беру проблемаларын неғұрлым толық және жан-жақты талқылау үшін Кеңестің құрамына, оның отырысына жалпы білім беретін

мектептердің басшылары, қоғамдық бірлестіктердің өкілдері шақырылуы мүмкін.

10. Кеңес өзінің отырыстарын қажеттілігіне қарай, бірақ кем дегенде тоқсанына бір рет өткізіп отырады. Егер Кеңес мүшелерінің кем дегенде жартысы қатысса, Кеңес отырысы өткізіледі. Кеңестің шешімі қатысушылардың көпшілік дауысымен қабылданады.

11. Кеңеске, оның жұмысын басқаратын төрағасы басшылық етеді, ал ол болмаған жағдайда оның міндеттерін Кеңес төрағасының орынбасары атқарады.

12. Кеңеске жүктелген міндеттерді орындау үшін келесі жұмыс органдары құрылады: кеңестің президиумы, қызметінің негізгі бағыттары бойынша комиссия.

13. Кеңестің шешімі Кеңес төрағасы (ол болмаған жағдайда Кеңес төрағасының орынбасары) және хатшысы қол қоятын хаттамамен ресімделеді.

14. Кеңестің шешімдері мен хаттамаларын ресімдеуді Кеңес хатшысы жүзеге асырады.

Хатшы Кеңес мүшесі болып табылмайды және дауыс құқығына ие.

15. Кеңес өз өкілеттігі шегінде, Кеңестің мүшелері орындау үшін ұсынымдық сипатта болатын шешімдер қабылдайды.

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2018 жылғы «18» қаңтар
№ 20 бұйрығына 4- қосымша

**Жалпы білім беретін мектептер директорлары
Республикалық кеңесінің құрамы**

ҚР Білім және ғылым вице-министрі, төраға;
ҚР БҒМ Мектепке дейінгі және орта білім департаментінің директоры,
төрағаның орынбасары;
Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының президенті,
төрағаның орынбасары;
Көкшетау қаласы әкімдігі «М. Ғабдуллин атындағы № 3 көп тілде
оқытатын кәсіби мектеп-гимназия» КММ директоры;
Целиноград ауданы білім бөлімі «Қабанбай Батыр атындағы № 41 орта
мектеп» КММ директоры;
Бурабай ауданы білім бөлімі «Щучье қаласы № 1 мектеп-гимназия» КММ
директоры;
Ақтөбе қаласы «№ 23 орта мектеп-лицей» директоры;
Хромтау ауданы № 6 Хромтау гимназиясының директоры;
Мұғалжар ауданы Қандыағаш қ. «№ 4 орта мектеп» директоры;
Талдықорған қ. «Дарынды балаларға арналған үш тілде оқытатын № 20
мамандандырылған лицей» директоры;
«Қарасай ауданы білім бөлімі» ММ Мектепке дейінгі шағын орталығы
бар Алмалыбақ ауылы орта мектеп-гимназиясы» КММ директоры;
«Талдықорған қаласы № 14 орта мектеп-гимназиясы» КММ директоры;
Атырау қаласы № 31 орта мектеп директоры;
Атырау қаласы № 17 мектеп-лицей директоры;
Исатай ауданы Ж. Мырзағалиев атындағы орта мектеп директоры;
«Ы. Алтынсарин атындағы «Глубоков орта мектебі» КММ директоры;
«Үш тілді оқытатын Шәкәрім атындағы көп бейінді гимназия» КММ
директоры;
«Өскемен қаласы әкімдігі № 38 гимназия» КММ директоры;
Тараз қаласы үш тілде оқытын дарынды балаларға арналған арнайы
мектеп директоры;
Тараз қаласы №1 гимназия директоры;
Мерке ауданы И.И. Трубицын атындағы №17 орта мектеп директоры;
Орал қаласы «№44 мектеп-гимназиясы» КММ директоры;

Бөрлі ауданы Аксай қаласы «№5 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ директоры;

Зеленов ауданы «Дарьинская жалпы орта білім беретін мектебі» КММ директоры;

Шахтинск қаласы «Ә.Бөкейханов атындағы мектеп-лицей» КММ директоры;

Ақтоғай ауданы Шашубай ауылы «Мектеп-балабақша кешені» базасындағы тірек мектебі (Ресурстық орталық) директоры;

Қарағанды қаласы «Мұрагер» мамандандырылған мектеп-интернаты» КММ директоры;

«Қызылорда облысы білім басқармасының дарынды балаларға арналған Е. Әуелбеков атындағы №4 мектеп-интернаты» КММ директоры;

Қызылорда қаласы әкімдігі білім басқармасының М.Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейі» ММ директоры;

Қызылорда қаласы әкімдігі білім басқармасының Т.Жүргенов атындағы №123 мектеп-лицейі» ММ директоры;

Қостанай қаласы әкімдігі білім басқармасының физика-математика лицейі директоры;

«Қостанай қаласы әкімдігі білім басқармасының №1 мектеп-лицейі» ММ директоры;

«Ы. Алтынсарин атындағы дарынды балаларға арналған мектеп-интернаты» КММ директоры;

Бейнеу ауданы «Бейнеу орта мектебі» КММ директоры;

«Ақтау қаласы №14 мектеп» КММ директоры;

«Мұнайлы ауданы №10 мектеп» КММ директоры;

«Аксу қаласы Евгеньевка селолық округы Үштерек ауылының орта мектебі» КММ директоры;

Павлодар қаласы № 36 ОМ директоры;

Екібастұз қаласы дарынды балаларға арналған «Зерде» мамандандырылған жалпы орта білім беретін мектеп» ММ директоры;

СҚО Ғабит Мүсірепов атындағы аудан «Пескин орта мектебі» КММ директоры;

СҚО Қызылжар ауданы «Парасат» мектеп-лицейі» КММ директоры;

Петропавловск қаласы «№5 жалпы орта мектеп» КММ директоры;

ОҚО Мактарал ауданы әкімдігі «Үлгілі» жалпы орта мектебі» ММ директоры;

Шымкент қаласы әкімдігі «№ 90 жалпы орта мектеп» ММ директоры;

Кентау қаласы әкімдігі «Ә. Бөкейханов атындағы № 23 жалпы орта мектеп» ММ директоры;

Алматы қаласы № 54 Қазақстан-Ресей гимназиясының директоры;

Алматы қаласы №139 мектеп-гимназияның директоры;

Алматы қаласы № 90 мамандандырылған мектеп-лицейдің директоры;

Астана қаласы «№ 40 орта мектеп» директоры;

Астана қаласы «№ 6 гимназия» директоры;

Астана қаласы «№ 66 мектеп-лицей директоры.

Орта білім беру ұйымдарының жеке санаттағы педагог қызметкерлері жүргізу үшін ұсынылатын құжаттардың тізбесін анықтау туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 10 қаңтардағы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру және мұғалім кәсібінің беделін көтеру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Осы бұйрықтың қосымшасына сәйкес орта білім беру ұйымдарының жеке санаттағы педагог қызметкерлері жүргізу үшін ұсынылатын құжаттардың тізбесі (одан әрі – Тізбе) анықталсын.

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетіне (Т.И. Ешенқұлов) және Мектепке дейінгі және орта білім департаментіне (Ш.Т. Каринова), облыстардың, Астана және Алматы қалаларының білім басқармаларына:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің Білім саласындағы бақылау департаменттері мен орта білім беру ұйымдары басшыларының назарына жеткізсін;

2) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, педагог жұмыскерлерді өздерінің кәсіптік міндеттерін орындаумен байланысы жоқ жұмыс түрлеріне тартуға жол бермеуге қатысты «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 51-бабы 4-тармағының орындалуын қамтамасыз етсін;

3) жеке санаттағы педагог қызметкерлер анықталған Тізбеге ғана сәйкес құжаттарды жүргізуді қамтамасыз ету бойынша тиісті шаралар қабылдасын.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі А.Қ. Аймағамбетовке жүктелсін.

4. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Министр

Е. Сағадиев

**Орта білім беру ұйымдарының жеке санаттағы
педагог қызметкерлері жүргізу үшін
ұсынылатын құжаттардың
ТІЗБЕСІ**

Орта білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлері	Орта білім беру ұйымдарының жеке санаттағы педагог қызметкерлері жүргізу үшін ұсынылатын құжаттардың тізбесі
Мұғалім	- Сынып журналы*; - Күнтізбелік-тақырыптық жоспарлау*; - Әр сабақты жоспарлау немесе қысқа мерзімді жоспар*; - Критериалды бағалау бойынша құжаттар (суммативтік және формативтік бағалау); - Білім алушылардың күнделіктері*.
Сынып жетекшісінің қызметін атқаратын мұғалім	- Сынып журналы*; - Білім алушылардың жеке іс қағазы (соның ішінде білім алушылардың сабақ үлгерімі туралы табелі); - Тәрбие жұмысы жоспары (жылына бір рет толтырылады оқу жылының басында); - Ата-аналар жиналысының хаттамалары; - Білім алушылардың күнделіктері*.
Директордың орынбасары (оқу ісі, тәрбие жұмысы және т.б.) бөлінген қызметтік міндеттерге сәйкес	- Оқу жылына арналған жалпы мектептік жұмыс жоспары; - Оқу жұмыс жоспары; - Тарификация; - Сағаттар есебі; - Жұмыс уақытын тіркеу табелі; - Сабақ кестесі; - Емтихан қорытындыларының хаттамалары; - Ата-аналар жиналысының хаттамалары; - Бітіруші түлектерді жұмыспен қамтуды есепке алу журналы; - Білім алушылардың мақтау қағаздарын және мақтау грамоталарын, сабақ үлгерімі туралы табельдері беруді есепке алу кітабы*; - Босатылған және ауыстырылған сабақтарды

	есепке алу журналы; - Оқу-әдістемелік жұмыс бойынша құжаттар; - Мектепшілік бақылау бойынша құжаттар; -Педагогтерді аттестаттау бойынша материалдар*.
--	--

Ескерту:

*Орта білім беру ұйымы электрондық жүйеге қосылған болса тек электрондық нұсқада ғана толтырылады, қағаз түрінде толтыру қажет емес.

Факультативті сабақ беретін немесе үйден оқытатын мұғалімдер факультативті сабақтардың журналдарын және үйден оқыту бойынша журналдарын толтырады.

Мектеп алды даярлық сыныптары болған жағдайда мектеп алды даярлық журналдары толтырылады.

**Орта білім беру ұйымдарының жеке санаттағы
педагог қызметкерлері жүргізу үшін
ұсынылатын құжаттардың
ТІЗБЕСІ**

Орта білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлері	Орта білім беру ұйымдарының жеке санаттағы педагог қызметкерлері жүргізу үшін ұсынылатын құжаттардың тізбесі
Мұғалім	- Сынып журналы 1-4 сыныптар үшін; - Сынып журналы 5-11 (12) сыныптар үшін; - Күнтізбелік-тақырыптық жоспарлау немесе орта мерзімді жоспар; - Әр сабақты жоспарлау (қысқа мерзімді жоспар); - критериалды бағалау бойынша құжаттар (суммативтік және формативтік бағалау); - Білім алушылардың күнделіктері*.
Сынып жетекшінің міндетін атқаратын мұғалім	- Мектеп алды даярлық сыныптарының журналы; - факультативтік сабақтардың журналы/ үйден оқыту; - Білім алушылардың жеке іс қағазы; - Тәрбие жұмысы жоспары (жылына бір рет толтырылады оқу жылының басында); - 1-4 сынып білім алушысының сабақ үлгерімі туралы табелі; - 5-11 (12) сынып білім алушысының сабақ үлгерімі туралы табелі; - Білім алушылардың күнделіктері*.
Директордың орынбасарлары (оқу ісі, тәрбие, т.б. жұмыстар бойынша) қызметтік міндеттеріне сәйкес	- оқу жылына арналған жалпы мектептік жұмыс жоспары; - оқу жұмыс жоспары; - Тарификация. - сағаттар есебі; - жұмыс уақытын тіркеу табелі; - Жалақы табелі; - Сабақ кестесі; - Орта білім беру ұйымдарының педагогикалық кеңесінің хаттамалар кітабы; - Емтихан қорытындыларының хаттамалары;

	- Ата-аналар жиналысының хаттамалары; - Бітіруші түлектердің жұмыспен қамтуды есепке алу журналы; - Негізгі орта мектепті бітіргендігі туралы куәлікті беру және есепке алу кітабы; - жалпы орта білім туралы аттестатты есепке алу және беру кітабы; - Мақтау грамоталарын және мақтау қағаздарын беруді есепке алу кітабы - орта білім беру ұйымының бұйрықтарын тіркеу кітабы; -Білім алушылардың оқу үлгерімі табельдерін есепке алу журналы; - Босатылған және ауыстырылған сабақтарды есепке алу журналы; - Орта білім беру ұйымдарының жеке құрамындағы педагог қызметкерлерді есепке алу кітабы; - Білім алушыларды жазатын алфавиттік кітабы; - Педагогтерді аттестаттау бойынша материалдар; - Кеткен білім алушыларды есепке алу кітабы; - Келген білім алушыларды есепке алу кітабы.
--	--

Ескерту* : Орта білім беру ұйымы электрондық жүйеге қосылған болса тек электрондық нұсқада ғана толтырылады, қағаз түрінде толтыру қажет етпейді.

ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ



МИНИСТЕРСТВО
ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

2018 жыл 9 наурыз № 47

Астана қ.

г. Астана

«Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы



БҰЙЫРАМЫН:

1. «Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5191 болып тіркелген, «Заң газеті» газетінің 2008 жылғы 30 мамырдағы № 81 (1307) санында жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылаудың, оларды аралық және қорытынды аттестаттау жүргізудің үлгі қағидаларында:

13-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«13. Формативтік бағалау білім алушылардың оқыту мақсатына жету мониторингін жүргізу және орындалған үй жұмысы мен педагогтің жазбаша түрдегі (дәптерге немесе күнделікке) немесе ауызша ұсынымдамаларының

Бланк сериялық нөмірсіз жарамсыз болып табылады.
Бланк без серийного номера недействителен.

000892

қорытындысын ескере отырып сараланған жұмыстарды одан әрі теңестіру үшін жүргізіледі.»

мынадай мазмұндағы 13-1 және 13-2-тармақтармен толықтырылсын:

«13-1. Формативтік бағалау кезінде педагог білім алушылардың санын және кері байланысты беру жиілігін дербес анықтайды.

13-2. Формативті бағалау нәтижелері басып шығару мен одан әрі сақтауды талап етпейді.

Формативті бағалау нәтижелерін қою бағаланатын жұмыс орындалған дәптерлерінде жүзеге асырылады.»;

14-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«14. Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылауды тоқсан, бөлім (ортақ тақырып) аяқталғаннан кейін оқу материалдарының мазмұнын меңгеру деңгейін анықтау және қадағалау үшін жиынтық бағалау нысанында педагогтер жүргізеді.

Жиынтық бағалау үшінші тоқсаннан бастап 1-сыныптарда, бірінші тоқсаннан бастап 2-11 (12) сыныптарда жүргізіледі.»;

мынадай мазмұндағы 14-1, 14-2, 14-3, 14-4, 14-5, 14-6, 14-7 және 14-8 тармақтармен толықтырылсын:

«14-1. Бөлім/ортақ тақырып бойынша жиынтық бағалау (бұдан әрі - БЖБ) нәтижесі бойынша білім алушыларға тоқсандық оқу жетістіктерін бағалау кезінде ескерілетін балдар қойылады.

14.2. БЖБ үшін максималды бал, БЖБ өткізу нысаны (бақылау, практикалық немесе шығармашылық жұмыс, жоба, ауызша сұрау, эссе) мен сабағы және БЖБ орындау уақыты реттелмейді.

14.3. Бөлім және тоқсандық жұмыс үшін жиынтық бағалауға қойылатын қорытынды балды қою кезінде қолмен жөнделген жер, сондай-ақ оқу тапсырмалары мен есептер шарттарын ресімдеу сапасы есептелмейді.

14-4. Аптасына 1 сағат оқу жүктемесі кезінде БЖБ тоқсанда екі реттен артық емес жүргізіледі.

14-5. Бөлімдер/ортақ тақырыптар тоқсанына үш және одан да көп бөлімдерді (ортақ тақырыптар) оқып-зерделеген жағдайда тақырыптардың ерекшеліктерін және оқыту мақсаттарының санын ескере отырып біріктіріледі.

Тоқсанда бір бөлімді (ортақ тақырыпты) оқып-зерделеген жағдайда, БЖБ тоқсанның екінші жартысында, тоқсанның соңына дейін кемінде екі апта бұрын бір рет өткізіледі. Оны екі кезеңге бөліп жүргізуге болады.

14-6. Пәндердің күрделілік деңгейін есепке ала отырып, бір күнде үш тоқсандық жиынтық бағалау жүргізуге болады. Олар тоқсан аяқталатын соңғы күні жүргізілмейді.

14-7. Үйде оқитын білім алушыларды бағалау кезінде педагог үйде оқитын білім алушылардың оқу жүктемесін және олардың оқып-зерделеген



оқу материалын ескере отырып, сараланған және/немесе жеке тапсырмаларды әзірлейді.

14-8. Ерекше оқу қажеттіліктері бар білім алушыларды бағалау кезінде педагог сараланған және/немесе жеке тапсырмаларды қолданып, сондай-ақ, оқушының ерекшелігін есепке ала отырып, бағалау критерийлеріне өзгерістер енгізеді.»;

15-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«15. «Өзін-өзі тану», «Көркем еңбек», «Музыка», «Дене шынықтыру», «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері», «Графика және жобалау», «Қоғам және дін» пәндері бойынша жиынтық бағалау өткізілмейді.

Токсан («Дене шынықтыру», «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» және «Графика және жобалау»), жарты жыл («Өзін-өзі тану», «Көркем еңбек», «Музыка», «Қоғам және дін») және оқу жылының соңында аталған пәндер бойынша «есептелінді» («есептелінген жоқ») деген белгі жазылады.»;

20-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«20. Білім алушы белгілі себептермен болмаған жағдайда (ауырып қалуына байланысты, жақын туыстарының қайтыс болуы, конференцияға, олимпиадалар мен ғылыми жобаларға (ғылыми жарыстарға) қатысу)) жеке кесте бойынша жиынтық бағалауды тапсырады.»;

23-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«23. Білім алушылардың жиынтық бағалау нәтижелері балл түрінде (қағаз/электрондық) журналға қойылады және осы Қағидаға 1-қосымшаға сәйкес балды бағаға ауыстыру шәкілі бойынша тоқсандық және жылдық бағаға ауыстырылады.»;

27-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«27. 2-11 (12) сынып білім алушыларының пәндер бойынша жылдық бағалары бөлім (ортақ тақырыптар) және тоқсандық жиынтық бағалары нәтижелерінің жиынтығы негізінде 50%-да 50% пайыздық арақатынаста қойылады және қорытынды баға болып табылады.»;

31-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«31. Оқушылар бір мектептен екінші мектепке ауысқан кезде, оқу жылы көлеміндегі оның жиынтық бағалау нәтижесі (бөлім (ортақ тақырыптар) және тоқсан үшін жиынтық бағалаудың максималды балы және білім алушының қорытынды балдары) электронды (қағаз) журналдан жазба арқылы ресімделіп, директор және мектеп мөрімен расталып, оқушының жеке іс қағазымен беріледі.»;

32-тармақ алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 39-1 және 39-2-тармақтармен толықтырылсын:

«39-1. Мамандандырылған музыкалық мектеп-интернаттардың 11 сынып білім алушыларын қорытынды аттестаттау мынадай нысандарда өткізіледі:



1) ана тілі және әдебиетінен (оқыту тілі) эссе нысанында жазбаша емтихан;

2) алгебра және анализ бастамалары пәнінен жазбаша емтихан.

39-2. Мамандандырылған музыкалық мектеп-интернаттардың 12 сынып білім алушыларын қорытынды аттестаттау мынадай нысандарда өткізіледі:

1) Қазақстан тарихынан ауызша емтихан;

2) орыс, өзбек, ұйғыр және тәжік тілдерінде оқытатын мектептерде қазақ тілінен және қазақ тілінде оқытатын мектептерде орыс тілінен тестілеу;

3) таңдау бойынша пәннен (физика, химия, биология, география, геометрия, дүниежүзі тарихы, әдебиет, шетел тілі (ағылшын, француз, неміс), информатика) тестілеу.».

42-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«42. Білім алушыларды «Технология» (Көркем еңбек), «Алғашқы әскери дайындық» («Алғашқы әскери және технологиялық дайындық») және «Дене тәрбиесі» оқу пәндерінен Қазақстан Республикасының заңнамаларында белгіленген пәртіпте босату олардың үлгеріміне, қорытынды аттестаттауға жіберуге келесі сыныптарға көшіруге әсер етпейді.».

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Мектепке дейінгі және орта білім департаменті (Ш.Т. Каринова) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмелерін қағаз және электронды түрде ресми жариялау және Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдауды;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмелерін мерзімді басылымдарға ресми жариялау үшін жолдау;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің ресми интернет-ресурсында ресми жарияланғаннан кейін орналастыруды;

5) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Заң қызметі және халықаралық ынтымақтастық департаментіне осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі А.К. Аймағамбетовке жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым министрі



Е. Сағадиев

Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 9 ақпандағы № 633 Жарлығы

Мемлекет басшысының 2018 жылғы 10 қаңтардағы "Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері" атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі шаралар туралы

Мемлекет басшысының 2018 жылғы 10 қаңтардағы "Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері" атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру мақсатында **қаулы етемін:**

1. Қоса беріліп отырған Мемлекет басшысының 2018 жылғы 10 қаңтардағы "Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері" атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі жалпыұлттық іс-шаралар жоспары (бұдан әрі – Жалпыұлттық жоспар) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) Жалпыұлттық жоспар іс-шараларының мүлтіксіз және уақтылы орындалуын, сондай-ақ Мемлекет басшысының 2018 жылғы 10 қаңтардағы "Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері" атты Қазақстан халқына Жолдауының ережелері бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмысын жүйелі негізде жүргізуді қамтамасыз етсін;

2) есепті жылдан кейінгі жылдың 25 қаңтарына дейін Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне Жалпыұлттық жоспардың орындалу барысы туралы ақпарат ұсынсын.

3. Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдардың, орталық және жергілікті атқарушы органдардың, басқа да мемлекеттік органдардың бірінші басшылары Жалпыұлттық жоспар іс-шараларының мүлтіксіз және уақтылы орындалуын қамтамасыз етсін.

4. Осы Жарлықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне жүктелсін.

5. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Президенті	Н.Назарбаев
	Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 9 ақпандағы № 633 Жарлығымен БЕКІТІЛГЕН

Мемлекет басшысының 2018 жылғы 10 қаңтардағы "Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері" атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі жалпыұлттық іс-шаралар жоспары

Р/с №	Іс-шаралардың атауы	Аяқталу нысаны	Орындауға жауаптылар	Орындау мерзімі
1	2	3	4	5

1. Индустрияландыру жаңа технологияларды енгізудің көшбасшысы болуға тиіс				
1.	Өнім экспорты мен технологиялар трансфертіне бағдарлана отырып, отандық кәсіпорындарды жаңғыртуға және цифрландыруға бағытталған жаңа құралдарды жетілдіру және әзірлеу	мемлекеттік органдардың бұйрықтары	ИДМ, АҚМ, АШМ, ЭМ, ҰЭМ, Қаржымині, ҚАӨМ, Астана және Алматы қалаларының, облыстардың әкімдіктері, "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ (келісім бойынша), "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ (келісім бойынша), "ҚазАгро" ҰБХ" АҚ (келісім бойынша), "Атамекен" ҰКП (келісім бойынша)	2018 жылғы желтоқсан
2.	Бірқатар өнеркәсіп орындарын цифрландыру жөніндегі пилоттық жобаны іске асыру және алынған тәжірибені одан әрі кеңінен тарату	Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне ақпарат	ИДМ, АҚМ, ЭМ, ҚАӨМ, "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ (келісім бойынша), "ҚИДИ" АҚ (келісім бойынша)	2018-2020 жылдардағы желтоқсан
3.	Назарбаев Университеті, "Астана" халықаралық қаржы орталығы және IT-стартаптардың халықаралық технопаркі инновациялық орталықтарында Цифрлық және да басқа инновациялық	АҚМ, "Назарбаев Университеті" ДБҰ, "АХҚО" әкімшілігі" АҚ, "Зерде" ҰИХ" АҚ (Халықаралық IT-стартаптар технопаркі) бірлескен бұйрығы	АҚМ, ИДМ, БҒМ, ҰЭМ, "Назарбаев Университеті" ДБҰ (келісім бойынша), "АХҚО" әкімшілігі" АҚ (келісім бойынша), Халықаралық IT-стартаптар технопаркі	2018 жылғы сәуір

	шешімдерді әзірлеушілердің экожүйесін дамыту жөніндегі жол картасын әзірлеу		(келісім бойынша)	
4.	Жер қойнауын пайдаланушылардан жинақталған қаражатты пайдалану тиімділігін айқындауды қоса алғанда, "Инновациялық технологиялар паркі" дербес кластерлік қорының қызметіне талдау жүргізу	Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне ақпарат	ИДМ, АҚМ, Қаржымині, Әділетмині, ҰЭМ, Алматы қаласының әкімдігі, "ИТП" ДКҚ (келісім бойынша)	2018 жылғы мамыр
5.	"Инновациялық технологиялар паркі" инновациялық кластерінің қызметін қайта ұйымдастыруға бағытталған нормативтік құқықтық актілерді қабылдау	Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне ақпарат	ИДМ, АҚМ, ҰЭМ, Қаржымині, Әділетмині, Алматы қаласының әкімдігі, "ИТП" ДКҚ (келісім бойынша)	2018 жылғы қазан
6.	Заңнамаға мынадай: жаңа технологиялардың трансферті мәселелерін қоса алғанда, нақты сектордың оларға сұранысын; венчурлік қаржыландырудың жеке нарығын ынталандыруды көздейтін өзгерістер мен толықтырулар енгізу	Қазақстан Республикасы Заңының жобасы	АҚМ, ҰЭМ, ИДМ, Қаржымині, АШМ, ЭМ, ҚАӨМ, ҰБ, "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ (келісім бойынша), "Атамекен" ҰКП (келісім бойынша), "ТДҰА" АҚ (келісім бойынша), Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы (келісім бойынша), "Зерде" ҰИХ" АҚ (келісім бойынша)	2018 жылғы қыркүйек

			бойынша)	
7.	Мыналарды: әр өңірдің жұмыс істеп жатқан (әсіресе ірі) кәсіпорындарда еңбек өнімділігінің артуына байланысты жұмыс күшінің босатылуын болжай отырып, оның еңбек нарығына талдау жасауын; бизнеспен, "Атамекен"ҰКП-мен және орталық атқарушы органдармен бірлесе отырып босатылған кадрларды жұмыспен қамту үшін тұрақты жұмыс орындарын ашу бойынша шаралар кешендерін әзірлеуді қамтитын еңбек ресурстарының ағынын басқару жөніндегі жол карталарын әзірлеп, іске асыру	Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне ақпарат	ЕХӘҚМ, АҚМ, ИДМ, ҰЭМ, ЭМ, АШМ, Астана және Алматы қалаларының, облыстардың әкімдіктері, "Атамекен" ҰКП (келісім бойынша)	2018-2019 жылдары, жартыжылдық та бір рет
8.	"Цифрлық дәуір" өнеркәсібін (инновацияларға, технологиялар трансфертіне баса назар аудару, өңдеуші өнеркәсіпті цифрландыруға жәрдемдесу, стандарттау жүйесінің тиісті бейімделуі) қалыптастыруға бағытталған индустрияландырудың үшінші бесжылдығы тұжырымдамасын әзірлеу	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулылары	ИДМ, ҰЭМ, ЭМ, АШМ, ҚАӨМ, АҚМ, БҒМ, ЕХӘҚМ, Қаржымині, Астана және Алматы қалаларының, облыстардың әкімдіктері, "ҚИДИ" АҚ (келісім бойынша), "Атамекен" ҰКП (келісім бойынша), "Назарбаев Университеті" ДБҰ (келісім	2018 жылғы желтоқсан 2019 жылғы желтоқсан

	Индустриялық-инновациялық дамудың 2020-2024 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын әзірлеу		бойынша), "ИТП" ДКҚ (келісім бойынша), "Самұрық-Қазына" ҰАҚ (келісім бойынша), "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ (келісім бойынша), "Зерде" ҰИХ" АҚ (келісім бойынша)	
9.	IT-, инжинирингтік қызмет көрсетулерді дамытуға бағытталған іс-шараларды іске асыру	Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне есеп	АКМ, ИДМ, ЭМ	2019 жылғы наурыз
10.	Зияткерлік меншікті қорғау тиімділігін арттыру жөнінде шаралар қолдану	Қазақстан Республикасы Үкіметіне ұсыныстар	Әділетмині, ҰЭМ, Қаржымині, ИДМ, БҒМ, АКМ	2018 жылғы тамыз
2. Ресурстық әлеуетті одан әрі дамыту				
11.	Табиғи ресурстарды басқару кезінде кешенді ақпараттық-технологиялық тәсілдерді енгізу	Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне ақпарат	ИДМ, ЭМ, АКМ, Астана және Алматы қалаларының, облыстардың әкімдіктері, "Самұрық-Қазына" ҰАҚ (келісім бойынша)	2018 жылғы қараша
12.	Кәсіпорындардың энергия тиімділігі мен энергия үнемдеуіне қойылатын талаптарды жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізу	Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне ұсыныстар	ИДМ, ЭМ, ҰЭМ, Астана және Алматы қалаларының, облыстардың әкімдіктері, "Атамекен" ҰКП (келісім бойынша)	2018 жылғы шілде
13.	Энергия өндірушілердің өз жұмысының экологиялық тазалығы мен	Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне ұсыныстар	ЭМ, ҰЭМ, Астана және Алматы қалаларының, облыстардың	2018 жылғы шілде

	тиімділігіне қойылатын талаптарды жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізу		әкімдіктері, "Атамекен" ҰКП (келісім бойынша)	
14.	"Жасыл технологияларға" инвестициялау бөлігінде бизнесті ынталандыру жөніндегі шараларды тұжырымдау	Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне ұсыныстар	ЭМ, ИДМ, ҰЭМ, Астана және Алматы қалаларының, облыстардың әкімдіктері, "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ (келісім бойынша), "Атамекен" ҰКП (келісім бойынша), "KAZAKH INVEST" ҰК" АҚ (келісім бойынша)	2018 жылғы тамыз
15.	Шағын және орта бизнес субъектілерін кеңінен тарта отырып, ТҚҚ заман талабына сай кәдеге жарату және өңдеу бойынша шаралар кешенін әзірлеу және қабылдау	ЭМ-ге ақпарат, Астана және Алматы қалалары, облыстар әкімдіктерінің қаулылары	Астана және Алматы қалаларының, облыстардың әкімдіктері, "Атамекен" ҰКП (келісім бойынша)	2018 жылғы қыркүйек
16.	Өңірлерде ТҚҚ кәдеге жаратудың қазіргі заманғы әдістері мен технологияларын ендіру бойынша прогресті (қарқынды) мониторингтеу мен бағалау жүйесін әзірлеу бойынша ұсыныстар енгізу	Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне ұсыныстар	ЭМ, ҰЭМ, Астана және Алматы қалаларының, облыстардың әкімдіктері	2018 жылғы шілде
17.	Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісіне жаңа редакциядағы Қазақстан Республикасы	Қазақстан Республикасы Кодексінің жобасы	ЭМ, ИДМ, Қаржымині, Әділетмині, ҰЭМ, "Атамекен" ҰКП (келісім бойынша),	2019 жылғы желтоқсан

	Экологиялық кодексінің жобасын енгізу		Астана және Алматы қалаларының, облыстардың әкімдіктері	
3. "Ақылды технологиялар" – агроөнеркәсіптік кешенді қарқынды дамыту мүмкіндігі				
18.	Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2017 - 2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына мыналарды: 5 жыл ішінде АӨК-дегі еңбек өнімділігін және өңделген ауыл шаруашылығы өнімінің экспортын 2017 жылмен салыстырғанда кемінде 2,5 есеге арттыруды; өндірілетін ауыл шаруашылығы өнімі (дақылдары) түрлерін әртараптандыруды; аграрлық ғылымды дамытуды, оның ішінде жаңа технологиялар трансфертін және оларды отандық жағдайға бейімдеуді; АӨК-дегі ең озық білімдер мен үздік практиканы тарату орталықтары ретінде қалыптасу бөлігінде аграрлық университеттердің рөлін қайта қарауды, сондай-ақ олардың оқыту	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	АШМ, ҰЭМ, Қаржымині, ИДМ, БҒМ, "Ұлттық аграрлық ғылыми-білім беру орталығы" КЕАҚ (келісім бойынша), "ҚазАгро" ҰБХ" АҚ (келісім бойынша), "KAZAKHINVEST" ҰК" АҚ (келісім бойынша), "Kazakh Export" АҚ (келісім бойынша), "Атамекен" ҰКП (келісім бойынша), Астана және Алматы қалаларының, облыстардың әкімдіктері	2018 жылғы шілде

	бағдарламаларын жаңартуды; азық-түлік "тізбектерін": шикізатты өндіру, оны сақтау, қайта өңдеу сатысынан ішкі және экспорттық нарықтарға жеткізуге дейін кешенді қолдаудың тетіктерін тұжырымдай отырып, "Қазақстанда жасалған" табиғи азық-түлік брендин ілгерілету үшін шикізатты өңдеуді дамыту және халықаралық нарыққа шығарудың стратегиялық тауашасын айқындауды көздейтін өзгерістер мен толықтырулар енгізу			
19.	Техникалық регламенттерді бұза отырып өндірілген азық-түлік өнімінен елдің ішкі нарығын қорғауды халықаралық талаптарға сәйкес техникалық реттеу жүйесін жаңғырту жолымен қамтамасыз ету жөнінде ұсыныстар енгізу	Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне ұсыныстар	ИДМ, АШМ, ІМ, ЭМ, Әділетмині, БП, "Атамекен" ҰКП (келісім бойынша), облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері	2018 жылғы маусым
20.	Ауыл шаруашылығы кооперациясын одан әрі дамыту және оларды өңірде көбейту үшін өңірдің ерекшелігін ескере отырып, әрбір өңірде	Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне ұсыныстар	АШМ, Қаржымині, ҰЭМ, Астана және Алматы қалаларының, облыстардың әкімдіктері	2018 жылғы наурыз

	модельдік пилоттық ауыл шаруашылығы кооперациясын құру жөнінде ұсыныстар енгізу			
21.	Ауыл шаруашылығы өнімдерінің қауіпсіздігін қамтамасыз етудің және қадағалаудың бірыңғай жүйесін "фермадан үстелге" қағидаты бойынша құру, сондай-ақ ветеринариялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін ветеринариялық қызмет деңгейі жөнінде ұсыныстар енгізу	Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне ұсыныстар	АШМ, ДСМ, Қаржымині, ҰЭМ, Әділетмині, Астана және Алматы қалаларының, облыстардың әкімдіктері	2018 жылғы мамыр
22.	Жерді тиімді пайдалану бойынша ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерді ынталандыру және сарапшылар мен жұртшылықты тарта отырып, тиімсіз пайдаланушыларға шара қолдану жөнінде ұсыныстар енгізу	Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне ұсыныстар	АШМ, ҰЭМ, Қаржымині, Астана және Алматы қалаларының, облыстардың әкімдіктері, "Атамекен" ҰКП (келісім бойынша)	2018 жылғы маусым
23.	Тиімсіз субсидияларды АӨК субъектілеріне арналған банк кредиттерін арзандатуға қайта бағдарлау және АӨК субъектілері үшін банктік кредиттеуге, микроаржыландыруға және сақтандыруға қолжетімділікті кеңейту	АШМ бұйрығы	АШМ, ҰЭМ, Қаржымині, ҰБ, "ҚазАгро" ҰБХ" АҚ (келісім бойынша), "Атамекен" ҰКП (келісім бойынша)	2018 жылғы шілде

4. Көлік-логистика инфрақұрылымының тиімділігін арттыру

24.	Көлік ағындарын тиімді басқаруды қамтамасыз ету мен инфрақұрылымды әрі қарай дамытудың қажеттіліктерін айқындау үшін цифрлық технологияларды қолдана отырып, Интеллектуалдық көлік жүйесін кезең-кезеңімен енгізу бойынша шаралар жоспарын әзірлеу және қабылдау	ИДМ мен АҚМ-нің бірлескен бұйрығы	ИДМ, Қаржымині, АҚМ, АШМ, "ҚТЖ" ҰК" АҚ (келісім бойынша), "Атамекен" ҰКП (келісім бойынша)	2018 жылғы шілде
25.	Жүк қозғалысын онлайн режимінде мониторингтеу және кедендік рәсімдерді оңайлату үшін "блокчейн" және "ауқымды деректерді" талдау сияқты қазіргі заманғы технологияларды зерделеу мен енгізуді қамтамасыз ету	Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне ақпарат	ИДМ, Қаржымині, АҚМ, АШМ, "ҚТЖ" ҰК" АҚ (келісім бойынша), "Атамекен" ҰКП (келісім бойынша)	2018-2020 жылдардағы желтоқсан
26.	Ішкі өңірлік мобильділікті жақсарту үшін автожолдардың жергілікті желісін жөндеу мен реконструкциялауды қаржыландыруды ұлғайту, жергілікті бюджеттерді ескере отырып жыл сайын бөлінетін қаражаттың жалпы көлемін орта мерзімді перспективада 150	Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне ақпарат	ИДМ, ҰЭМ, Қаржымині, облыстардың әкімдіктері	2018 жылғы желтоқсан

	миллиард теңгеге дейін жеткізу			
27.	Жергілікті жол желілерінің (бөлінетін бюджет қаражатын пайдалану тиімділігіне, автожолдардың құрылысы мен күтудің үлестік шығындарын төмендетуге және т.б. көңіл бөле отырып) сапасын жақсарту бойынша өңірлер әкімдері жұмысының прогресін (қарқынын) мониторингтеу мен бағалау жүйесін әзірлеу бойынша ұсыныстар енгізу	Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне ұсыныстар	ИДМ, ҰЭМ, Астана және Алматы қалаларының, облыстардың әкімдіктері	2018 жылғы шілде
5. Құрылысқа және коммуналдық секторға заманауи технологияларды енгізу				
28.	Сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы: құрылыстың жаңа әдістерін, қазіргі заманғы материалдарды, ғимараттарды жобалауда және қала құрылысын жоспарлауда мүлде өзге тәсілдерді қолдану; ғимараттардың экологиялық сапасына және энергиялық тиімділігіне қойылатын талаптарды арттыру бөлігінде	ИДМ бұйрығы	ИДМ, ЭМ, ІІМ, "Атамекен" ҰКП (келісім бойынша)	2018 жылғы желтоқсан

	мемлекеттік нормативтерді жетілдіру			
29.	Тұрғын үймен қамту көрсеткішін 2030 жылға қарай бір тұрғынға шаққанда 30 шаршы метрге дейін жеткізе отырып, құрылыс пен ипотекалық кредиттеуді арзандату жөніндегі жүйелік шараларға көңіл бөліп, тұрғын үйдің қолжетімділігін арттыру туралы ұсыныстар тұжырымдау	Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне ақпарат	ИДМ, ҰЭМ, Қаржымині, АШМ, ЭМ, ҰБ, Астана және Алматы қалаларының, облыстардың әкімдіктері, "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ (келісім бойынша), "Атамекен" ҰКП (келісім бойынша)	2018 жылғы маусым
30.	Нормативтік құқықтық актілерге көппәтерлі тұрғын үйлерді интеллектуалдық басқару жүйелерімен жарақтауды көздейтін өзгерістер мен толықтырулар енгізу	Қазақстан Республикасының Заңы, ИДМ бұйрығы	ИДМ, АҚМ, Қаржымині, ҰЭМ, Астана және Алматы қалаларының, облыстардың әкімдіктері	2019 жылғы наурыз
31.	Табиғи монополиялар субъектілері қызметінің тиімділігін және ұсынылатын реттелетін қызметтердің сапасын арттыруды көздейтін "Табиғи монополиялар туралы" Қазақстан Республикасының Заңын қабылдау	Қазақстан Республикасының Заңы	ҰЭМ, "Атамекен" ҰКП (келісім бойынша)	2018 жылғы желтоқсан
32.	Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасына ауылдық елді мекендерді сапалы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ҰЭМ, ИДМ, АШМ, Астана және Алматы қалаларының, облыстардың әкімдіктері,	2018 жылғы қыркүйек

	ауызсумен қамтамасыз ету үшін барлық қаражат көздерінен жыл сайын кемінде 100 миллиард теңге бөлуді көздейтін өзгерістер мен толықтырулар енгізу		"Атамекен" ҰКП (келісім бойынша)	
6. Қаржы секторын "қайта жаңғырту"				
33.	Банк портфелін "нашар" кредиттерден арылту ісін аяқтау	Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне ақпарат	ҰБ, Қаржымині, ҰЭМ, Әділетмині	2018-2022 жылдардағы желтоқсан
34.	Мыналар: банк иелерінің экономикалық жауапкершілігі; банк акционерлерінің еншілес компаниялар мен жеке адамдардың пайдасы үшін қаржы шығарғаны үшін қылмыстық жауапкершілігін белгілеу, сондай-ақ қылмыстың тиісті құрамын ауырлығы орташа дәрежесінен ауыр қылмыстар дәрежесіне ауыстыру жөнінде ұсыныстар енгізу	Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне ұсыныстар	ҰБ, Қаржымині, ҰЭМ, Әділетмині, ЖС, БП, ҰҚК, МҚІСҚА	2018 жылғы сәуір
35.	Кредиттер бойынша төлемдерді қайта бастау үшін ынталандыру жасауға және берілген кредиттерге ("тоқтатып қою", айыппұл мен өсімақыларды есептен шығару, негізгі қарыздың сомасын азайту	Қазақстан Республикасы Заңының жобасы	Қаржымині, ҰЭМ, ҰБ	2018 жылғы маусым

	және т.б.) бұрын жүргізілген сараптамалардың сапасына жауапкершілікті екінші деңгейдегі банктер арасында бөлуге баса назар аудара отырып, Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісіне "Қазақстан Республикасы жеке тұлғаларының (азаматтарының) төлем қабілеттілігін қалпына келтіру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасын енгізу			
36.	Мыналар: Ипотекалық қарыздарды қайта қаржыландыру бағдарламасына өзгерістер мен толықтырулар енгізу; Ипотекалық қарыздарды қайта қаржыландыру бағдарламасының шарттарына сәйкес валюталық қарыздарды айырбастауды жүзеге асыру арқылы халықтың жылжымайтын тұрғын үй мүлігімен қамтамасыз етілген және 2016 жылғы 1 қаңтарға дейін берілген валюталық ипотекалық қарыздар мәселесі бойынша жұмысты аяқтау	Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне ақпарат	ҰБ	2018 жылғы шілде, желтоқсан
37.	Экономика	Қазақстан	ҰБ,	ҰЭМ, 2018 жылғы

	салаларындағы нақты рентабельділікті есепке алатын мөлшерлемелермен бизнесті ұзақ мерзімді кредиттеуді қамтамасыз ету жөніндегі шараларды әзірлеу	Республикасы Президентінің Әкімшілігіне ақпарат	Қаржымині, "Атамекен" ҰКП (келісім бойынша)	шілде
38.	Инвестициялық ахуалды жақсарту жөнінде ұсыныстар енгізу	Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне ұсыныстар	ИДМ, ҰЭМ, Қаржымині, "АХҚО" АҚ (келісім бойынша), "KAZAKH INVEST" ҰҚ (келісім бойынша)	2018 жылғы шілде
39.	"Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ ұлттық компанияларының акцияларын жария орналастыруды кезең-кезеңімен өткізуді қамтамасыз ету, оның ішінде оларды "Астана" халықаралық қаржы орталығының алаңшасында IPO өткізуге даярлауды қамтамасыз ету	Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне ақпарат	"Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ (келісім бойынша), ҰБ, "АХҚО" АҚ (келісім бойынша), ҰЭМ, "Қазақстан қор биржасы" АҚ (келісім бойынша)	2018-2020 жылдардағы желтоқсан
40.	"Астана" халықаралық қаржы орталығының базасында ШОБ үшін арнайы биржалық алаңша ашу	Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне ақпарат	"АХҚО" АҚ (келісім бойынша), "Атамекен" ҰКП (келісім бойынша)	2018-2019 жылдардағы желтоқсан
7. Адами капитал – жаңғыртудың негізі				
41.	Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016 - 2019 жылдарға	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	БҒМ, ҰЭМ, ИДМ, АШМ, АҚМ, ЕХӘҚМ, Қаржымині, Әділетмині, ДСМ, МСМ, ЭМ,	2018 жылғы шілде

	арналған мемлекеттік бағдарламасына: университеттер жанындағы педагогикалық кафедралар мен факультеттерді дамытуды; орта мектептердің, колледждер мен жоғары оқу орындарының үздік оқытушыларының бейнесабақтарын және бейнедәрістерін интернетте орналастыруды; цифрлық білім беру ресурстарын дамытуды, кең жолақты интернетке қосуды және мектептерді бейнежабдықтармен жабдықтауды; отандық жас ғалымдарды, оларға ғылыми гранттар шеңберінде квоталарды бөле отырып қолдауды; оқытушыларды қайта даярлауды күшейтуді, жоғары оқу орындарына шетелдік менеджерлерді тартуды, әлемдік университеттердің кампустарын ашуды; білім берудің жаңартылған мазмұнын енгізу мерзімдерін қайта қарауды; металлургияны, мұнай-газ химиясын, АӨК-ні, био- және IT-		Қорғанысмині, ҚАӨМ, Астана және Алматы қалаларының, облыстардың әкімдіктері, "Атамекен" ҰКП (келісім бойынша), НЗМ (келісім бойынша)	
--	--	--	---	--

	технологияларды зерттеуге басымдық бере отырып жоғары оқу орнындағы ғылымды дамытуды көздейтін өзінің инвестициялық жобалары мен экспорттық әлеуеті бар экономиканың жеке саласы ретінде білім беру саласын дамытуға бағытталған өзгерістер мен толықтырулар енгізу			
42.	Балалардың ерте жастан дамуы үшін олардың әлеуметтік дағдыларын және өз бетінше оқу дағдыларын дамытатын бағдарламалардың бірыңғай стандарттарын енгізу	БҒМ бұйрығы	БҒМ, Астана және Алматы қалаларының, облыстардың әкімдіктері, НЗМ (келісім бойынша)	2018 жылғы желтоқсан
43.	Білім берудің барлық деңгейлерінде математика және жаратылыстану ғылымдарын оқытудың сапасын арттыру бойынша шаралар қабылдау	Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне ақпарат	БҒМ, Астана және Алматы қалаларының, облыстардың әкімдіктері	2019 жылғы қыркүйек
44.	Юриспруденция саласында және қызметтің сабақтас салаларында мамандарды даярлау сапасын нығайту	Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне ақпарат	БҒМ, БП, ЖС, ІІМ, Әділетмині, СІМ, Астана және Алматы қалаларының, облыстардың әкімдіктері	2018 жылғы желтоқсан
45.	Орта білім беруде оқушыға түсетін жүктемені төмендету бойынша шаралар қабылдау	Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне ақпарат	БҒМ, ҰЭМ, Қаржымині, Әділетмині, ДСМ, Астана және Алматы қалаларының,	2018 жылғы тамыз

			облыстардың әкімдіктері, "Атамекен" ҰКП (келісім бойынша), НЗМ (келісім бойынша)	
46.	Білім беру мекемелерінің арасында бәсекелестікті арттыру және жеке капиталды тарту үшін қала мектептерінде жан басына қатысты қаржыландыруды енгізу	Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне ақпарат	БҒМ, ҰЭМ, Қаржымині, Әділетмині, Астана және Алматы қалаларының, облыстардың әкімдіктері, "Атамекен" ҰКП (келісім бойынша)	2018-2020 жылдардағы желтоқсан
47.	Барлық өңірлерде оқушылар сарайларының базасында компьютерлерді, зертханаларды және 3D-принтерлерді қоса алғанда, оларды ұстау тетігін қарастырумен, барлық қажетті инфрақұрылымы бар балалар технопарктері мен бизнес-инкубаторлар желісін құру	Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне ақпарат	БҒМ, ҰЭМ, Әділетмині, ИДМ, Астана және Алматы қалаларының, облыстардың әкімдіктері, "Атамекен" ҰКП (келісім бойынша)	2018-2019 жылдардағы желтоқсан
48.	Тұрақты және жалпыға бірдей танылған терминдер мен ұғымдарды қазақ тіліне аударуды шектеу бойынша тәсілдерді тұжырымдау	Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне ұсыныстар	МСМ, БҒМ	2018 жылғы маусым
49.	Бұрын қазақ тіліне аударылған жалпыға бірдей танылған терминдер мен ұғымдарды қайта қарау	Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне ақпарат	МСМ, БҒМ	2018 жылғы қазан
50.	Неғұрлым көп пайдаланатын	Қазақстан Республикасы	АКМ, МСМ, БҒМ	2019 жылғы ақпан

	бағдарламалар мен қосымшаларда, мәселен Microsoft Word, Google-аудармашы және т.б. сияқты, қазақ тілінің дұрыс грамматикасын пайдалануды қамтамасыз ету бойынша жұмысты жандандыру	Президентінің Әкімшілігіне ақпарат		
51.	Білім берудің барлық деңгейлерінде 2025 жылға дейін латын әліпбиіне көшудің кестесін әзірлеу және бекіту	БҒМ бұйрығы	БҒМ, МСМ, Астана және Алматы қалаларының, облыстардың әкімдіктері	2018 жылғы сәуір
52.	Қызметкерлерден талап етілетін білімді, дағдылар мен құзыреттерді нақты бекіте отырып барлық негізгі басым мамандықтар бойынша қазіргі заманғы кәсіби стандарттар әзірлеу	Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне ақпарат	ЕХӘҚМ, БҒМ, мүдделі мемлекеттік органдар, "Атамекен" ҰКП (келісім бойынша)	2018-2019 жылдардағы желтоқсан
53.	Жұмыс берушілерді тарта отырып жаңа және/немесе қолданыстағы білім беру бағдарламаларын, оның ішінде халықаралық талаптар мен кәсіби стандарттарды негізге ала, цифрлық дағдыларды ескере отырып, техникалық және кәсіптік білім беру бағдарламаларын жаңарту	Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне ақпарат	БҒМ, ЕХӘҚМ, АҚМ, мүдделі мемлекеттік органдар, "Кәсіпқор" холдингі" КАҚ (келісім бойынша), "Атамекен" ҰКП (келісім бойынша)	2018-2019 жылдардағы қыркүйек
54.	Жоғары білім беру ісінде ақпараттық технологиялар	Қазақстан Республикасы Үкіметінің	БҒМ, АҚМ, ҚАӨМ	2018-2020 жылдардағы маусым

	бойынша білім алған, жасанды интеллектімен және "ауқымды деректермен" жұмыс істеуді меңгерген түлектер санын ұлғайту	қаулысы		
55.	Президенттің "Болашақ" халықаралық стипендиясы шеңберінде киберқауіпсіздік саласындағы жоғары білікті мамандарды даярлау (академиялық оқыту мен тағылымдамалар) және АКТ-мамандықтары бойынша ұлттық кадрларды жеделдетілген қайта даярлау үшін шетелдік оқытушылар мен ғалымдарды тарту	Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне ақпарат	БҒМ, АҚМ, ҚАӨМ,	2018 жылғы шілде
56.	Қолданбалы ғылыми-зерттеулерді жүргізу кезінде ағылшын тіліне кезең-кезеңімен көшуді қамтамасыз ету	Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне ақпарат	БҒМ, ИДМ, МСМ, ҰЭМ, Қаржымині, ДСМ, АШМ, Қорғанысмині, ҚАӨМ, ЭМ, ІІМ	2018-2019 жылдардағы қараша
57.	Жоғары оқу орындарының шетелдердің жетекші университеттерімен және зерттеу орталықтарымен, ірі кәсіпорындармен және трансұлттық компаниялармен бірлескен жобаларды іске асыруы	Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне ақпарат	БҒМ, ИДМ, СІМ, ҰЭМ, Қаржымині, Әділетмині, АШМ, Қорғанысмині, МСМ, ІІМ, ДСМ, "Атамекен" ҰКП (келісім бойынша)	2018-2019 жылдардағы желтоқсан

58.	Бюджеттік қаражаттарды бөлу кезінде қолданбалы ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу үшін жеке сектор тарапынан қоса қаржыландырудың болуы бойынша міндетті талаптар енгізу	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	БҒМ, ИДМ, Қаржымині, ҰЭМ, Әділетмині, МСМ, ДСМ, АШМ, Қорғанысмині, ҚАӨМ, ЭМ, ІІМ, "Атамекен" ҰКП (келісім бойынша)	2018 жылғы қараша
59.	Заңнамаға жоғары оқу орындарына білім беру бағдарламаларының, сондай-ақ жоғары оқу орындарының рейтингін жасауына және бағалауына көбірек құқық беріп, олардың академиялық еркіндігін бекітуді көздейтін өзгерістер мен толықтырулар енгізу	Қазақстан Республикасының Заңы	БҒМ, Әділетмині, ҰЭМ, "Атамекен" ҰКП (келісім бойынша)	2018 жылғы желтоқсан
60.	Білім берудің жанартылған мазмұнына көшетін мұғалімдердің лауазымдық жалақысын 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап 30%-ға көбейту	Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне ақпарат	БҒМ, Қаржымині, ЕХӘҚМ, мүдделі мемлекеттік органдар	2018 жылғы сәуір, 2019-2020 жылдардағы қазан
61.	Ұлттық біліктілік тест (ұстаздар үшін) пен оны өткізудің тетіктерін әзірлеу	БҒМ бұйрығы	БҒМ, мүдделі мемлекеттік органдар	2018 жылғы маусым
62.	Ұлттық біліктілік тест нәтижелері негізінде санат берген және/немесе оны растаған жағдайларда ұстаздық шеберлігі үшін (30%-дан 50%-ға дейін арттырумен) мұғалімдердің	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	БҒМ, Қаржымині, ЕХӘҚМ, Астана және Алматы қалаларының, облыстардың әкімдіктері	2018 жылғы қазан

	жалақысына қосымша ақының жаңа кестесін енгізу			
63.	Қоғамдық денсаулықты басқару жөніндегі шаралар жоспарын әзірлеу және қабылдау	ДСМ бұйрығы	ДСМ, мүдделі мемлекеттік органдар	2018 жылғы мамыр
64.	Астана қаласында ғылыми онкологиялық орталық құру жөніндегі іс-шараларды көздейтін, Онкологиялық ауруларға қарсы күрес жөніндегі кешенді жоспар әзірлеу және қабылдау	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ДСМ, Қаржымині, "Назарбаев Университеті" ДБҰ (келісім бойынша), Астана және Алматы қалаларының, облыстардың әкімдіктері	2018 жылғы маусым
65.	Мемлекет міндеттемелерінің нақты шегін белгілей отырып, тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемінің жаңа моделін әзірлеу	Қазақстан Республикасы Заңының жобасы	ДСМ, Әділетмині, Қаржымині, ҰЭМ	2018 жылғы маусым
66.	Ақпараттық жүйелерді интеграциялау, мобильдік цифрлық қосымшаларды қолдану, электрондық денсаулық паспорттарын енгізу, "қағаз қолданбайтын" ауруханаға көшу	Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне ақпарат	ДСМ, Астана АҚМ, Алматы және қалаларының, облыстардың әкімдіктері	2018 жылғы шілде, 2019-2020 жылдардағы қаңтар, шілде
67.	Медицинада инновациялық технологиялар енгізу (жасанды интеллект, генетикалық талдау негізінде медицинаны	Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне ақпарат	ДСМ, АҚМ	2018 жылғы шілде, 2019-2020 жылдардағы қаңтар, шілде

	дербестендіру және т.б.)			
68.	Медициналық жоғары оқу орындарының жанынан, оның ішінде МЖӨ тетіктерін қолдана отырып университет клиникаларын ашу	Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне ақпарат	ДСМ, БҒМ, Астана және Алматы қалаларының, облыстардың әкімдіктері	2018-2019 жылдардағы желтоқсан
69.	"Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің жаңа редакциясын әзірлеу	Қазақстан Республикасы Кодексінің жобасы	ДСМ, Әділетмині, Қаржымині, ҰЭМ, Астана және Алматы қалаларының, облыстардың әкімдіктері, "Атамекен" ҰКП (келісім бойынша)	2019 жылғы маусым
70.	Бейресми жұмыспен қамтылған халықты деректендіру және оларды ел экономикасына және тиісінше міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіне тарту бойынша 2018-2019 жылдарға арналған ұйымдастырушылық іс-шаралар жоспарын (Жол картасын) іске асыру	Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне ақпарат	ЕХӘҚМ, ҰЭМ, Қаржымині, ДСМ, АШМ, БҒМ, Әділетмині, ІІМ, Астана және Алматы қалаларының, облыстардың әкімдіктері, "Атамекен" ҰКП (келісім бойынша)	2018-2019 жылдары тоқсан сайын
71.	Өз-өзін жұмыспен қамтыған және жұмыссыз азаматтарды 2017-2021 жылдарға арналған нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасымен қамтуды кеңейту	Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне ақпарат	ЕХӘҚМ, АШМ, БҒМ, ҰЭМ, облыстардың Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері, "Атамекен" ҰКП (келісім бойынша)	2018 жылғы шілде, 2019-2020 жылдардағы қаңтар, шілде
72.	Республикада	Қазақстан	ЕХӘҚМ, АҚМ,	2018 жылғы

	электрондық еңбек биржасын іске қосуды көздейтін "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне халықтың көші-қоны және жұмыспен қамтылуы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңын қабылдау	Республикасын ың Заңы	Астана және Алматы қалаларының, облыстардың әкімдіктері	наурыз
73.	Бейресми жұмыспен қамтылған халықтың қызметін деректендіруді, еңбек кітапшалары мен еңбек шарттарын электрондық нысанға ауыстыруды көздейтін "Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне бейресми жұмыспен қамтылған адамдардың қызметін заңдастыру мәселелері бойынша өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасын әзірлеу	Қазақстан Республикасы Заңының жобасы	ЕХӘҚМ, ҰЭМ, АШМ, БҒМ, Әділетмині, АҚМ, ІІМ, Астана және Алматы қалаларының, облыстардың әкімдіктері, "Атамекен" ҰКП (келісім бойынша)	2018 жылғы желтоқсан
74.	Кәмелеттік жастағы бала кезінен І топтағы мүгедектерге күтім жасайтын ата-аналар үшін мемлекеттік жәрдемақы енгізуді көздейтін	Қазақстан Республикасын ың Заңы	ЕХӘҚМ, Қаржымині, Әділетмині	2018 жылғы мамыр

	"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңын қабылдау			
75.	Әлеуметтік сақтандыру жүйесінен төленетін төлемдер параметрлерін жетілдіруді және олардың еңбек өтілімен өзара байланысын күшейтуді көздейтін "Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасын әзірлеу	Қазақстан Республикасы Заңының жобасы	ЕХӘҚМ, ҰЭМ, Қаржымині, ҰБ	2018 жылғы желтоқсан
8. Тиімді мемлекеттік басқару				
76.	Бизнесті қайта реттеуге (бақылау-қадағалау функцияларын төмендету және т.б.) бағытталған заң қабылдауды жеделдету	Қазақстан Республикасының Заңы	ҰЭМ	2018 жылғы сәуір
77.	Бизнестің "жалғыз терезе" қағидаты бойынша мемлекеттік қолдауды процесін цифрландыруды қамтамасыз ету	Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне ақпарат	ҰЭМ, АҚМ, МҚІСҚА, АШМ, ИДМ, "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ (келісім бойынша), "ҚазАгро" ҰБХ" АҚ (келісім бойынша), "Атамекен" ҰКП	2018-2019 жылдардағы желтоқсан

			(келісім бойынша), "Азаматтарға арналған үкімет" Мемлекеттік корпорациясы" КЕАҚ	
78.	Қалыптасқан өзіндік құнның, сондай-ақ 2016 - 2017 жылдар ішінде энергия өндіруші қуаттарға жүзеге асырылған инвестициялардың талдауын ескере отырып, энергия өндіруші ұйымдардың топтары бойынша электр энергиясына негізделген тарифтерді белгілеу жөнінде шаралар қабылдау	Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне есеп	ЭМ, "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ (келісім бойынша)	2018 жылғы шілде
79.	Бизнес ахуалды, әсіресе, өңірлік деңгейде жақсартуға, сондай-ақ бизнесті көлеңкеден шығаруды ынталандыру жөнінде жүйелі шаралардың жаңа пакетін дайындау	Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне ақпарат	ҰЭМ, МҚІСҚА, барлық орталық мемлекеттік органдар, Астана және Алматы қалаларының, облыстардың әкімдіктері, "Атамекен" ҰКП (келісім бойынша)	2018 жылғы шілде
80.	Жекешелендіру объектілерінің тізбесін, оның ішінде мемлекеттік органдардың ведомстволық бағыныстағы ұйымдарының санын қысқарту есебінен кеңейту	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ҰЭМ, Қаржымині, мүдделі мемлекеттік органдар, "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ (келісім бойынша), "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ (келісім бойынша), "ҚазАгро" ҰБХ" АҚ (келісім бойынша)	2018 жылғы тамыз
81.	Жекешелендіру	Қазақстан	Қаржымині,	2018 жылғы

	жоспарын (ПРО-ға шығарылатын активтерді қоспағанда) іске асыруды жеделдету	Республикасы Президентінің Әкімшілігіне ақпарат	ҰЭМ, мүдделі мемлекеттік органдар, "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ (келісім бойынша), "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ (келісім бойынша), "ҚазАгро" ҰБХ" АҚ (келісім бойынша)	желтоқсан
82.	Жекешелендіруге жататын компаниялар тізіміне енгізудің негізгі критерийлерін (қағидаттарын) бекіту, әкімшілік шығыстарды төмендету мақсатында шоғырландыруға жататын мемлекеттік органдардың ведомстволық бағыныстағы ұйымдарының тізбесін тексеру және айқындау	Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне есеп	ҰЭМ, Қаржымині, мүдделі мемлекеттік органдар	2018 жылғы тамыз
83.	Орталық және жергілікті мемлекеттік органдарда фактор-балл шәкілі негізінде мемлекеттік қызметшілерге еңбекақы төлеудің жаңа жүйесін енгізу бойынша пилоттық жобаны іске асыру	Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне ақпарат	МҚІСҚА, ҰЭМ, Қаржымині, Әділетмині, Астана қаласы мен Маңғыстау облысының әкімдіктері	2018 жылғы қыркүйек, 2019 жылғы маусым
84.	Визалық рәсімдерді жеңілдетуді, "кіру-шығу" бақылауын цифрландыруды, инфрақұрылым-ды дамыту мен туризм	Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне ақпарат	МСМ, ҰЭМ, Қаржымині, АШМ, АҚМ, Әділетмині, ДСМ, СІМ, ІІМ, ИДМ, БҒМ,	2018 жылғы шілде

22 және 23-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"22. Жалпы білім беру ұйымдарының барлық түрінде оқушылар үшін сабақтар арасындағы үзілістің ұзақтығы кемінде бес минут, үлкен үзіліс (екінші немесе үшінші сабақтан кейін) отыз минутты құрайды. Бір үлкен үзілістің орнына екінші және төртінші сабақтан кейін әрқайсысы он бес минуттан екі үзіліс жасауға жол беріледі.";

23. Жалпы білім беру ұйымдарында сабақтың ұзақтығы қырық минуттан аспайды.".

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Мектепке дейінгі және орта білім департаменті (Ш. Т. Каринова) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін қағаз және электронды түрде қазақ және орыс тілдерінде ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) ресми жарияланғаннан кейін осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Заң қызметі және халықаралық ынтымақтастық департаментіне осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі А. Қ. Аймағамбетовке жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

<i>Қазақстан Білім және ғылым министрі</i>	<i>Республикасының Е. Сағадиев</i>
--	--

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 10 мамырдағы № 199 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 5 маусымда № 16989 болып тіркелді

"Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8424 болып тіркелген, "Егемен Қазақстан" газетінің 2013 жылғы 12 маусымдағы № 146 (28085) санында жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

175, 176, 177, 178, 179, 180, 181, 182, 184, 185, 186, 187, 187-1, 188, 188-1-қосымшалар осы бұйрыққа 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15-қосымшаларға сәйкес редакцияда жазылсын;

осы бұйрыққа 16-қосымшаға сәйкес 188-2-қосымшасымен толықтырылсын.

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Мектепке дейінгі және орта білім департаменті (Ш.Т. Каринова) Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін баспа және электронды түрде қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

3) ресми жарияланғаннан кейін осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Заң қызметі және халықаралық ынтымақтастық департаментіне осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі А.Қ. Аймағамбетовке жүктелсін.

4. Осы бұйрық 2018 жылғы 1 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілетін 3-сыныптарға арналған үлгілік оқу бағдарламалары мен 2019 жылғы 1 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілетін 4-сыныптарға арналған үлгілік оқу бағдарламаларын қоспағанда, оның алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Бастауыш білім беру деңгейінің 1-сыныбына арналған "Сауат ашу" пәнінен үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде)

Бастауыш білім беру деңгейінің 1-сыныбына арналған "Сауат ашу" оқу пәнінен үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту орыс тілінде)

Бастауыш білім беру деңгейінің 1-сыныбына арналған "Сауат ашу" оқу пәнінен үлгілік оқу бағдарламасын жүзеге асыру бойынша ұзақ мерзімді жоспар (оқыту орыс тілінде)

Бастауыш білім беру деңгейінің 1-4-сыныптарына арналған "Қазақ тілі" пәнінен үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде емес)

Бастауыш білім беру деңгейінің 1-4-сыныптарына арналған "Қазақ тілі" пәнінен үлгілік оқу бағдарламасын жүзеге асыру бойынша ұзақ мерзімді жоспар (оқыту қазақ тілінде емес)

Бастауыш білім беру деңгейінің 1-4-сыныптарына арналған "Орыс тілі" пәнінен үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту орыс тілінде емес)

Бастауыш білім беру деңгейінің 1-4-сыныптарына арналған "Орыс тілі" пәнінен үлгілік оқу бағдарламасын жүзеге асыру бойынша ұзақ мерзімді жоспар (оқыту орыс тілінде емес)

Бастауыш білім беру деңгейінің 1-4-сыныптарына арналған "Ағылшын тілі" пәнінен үлгілік оқу бағдарламасы

Бастауыш білім беру деңгейінің 1-4-сыныптарына арналған "Математика" пәнінен үлгілік оқу бағдарламасы

Бастауыш білім беру деңгейінің 1-4-сыныптарына арналған "Жаратылыстану" пәнінен үлгілік оқу бағдарламасы

Бастауыш білім беру деңгейінің 1-4-сыныптарына арналған "Дүниетану" пәнінен үлгілік оқу бағдарламасы

Бастауыш білім беру деңгейінің 1-4-сыныптарына арналған "Музыка" пәнінен үлгілік оқу бағдарламасы

Бастауыш білім беру деңгейінің 1-4-сыныптарына арналған "Көркем еңбек" пәнінен үлгілік оқу бағдарламасы

Бастауыш білім беру деңгейінің 2-4-сыныптарына арналған "Қазақ тілі" пәнінен үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде)

Бастауыш білім беру деңгейінің 2-4-сыныптарына арналған "Әдебиеттік оқу" пәнінен үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде)

Бастауыш білім беру деңгейінің 2-4-сыныптарына арналған "Орыс тілі" пәнінен үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту орыс тілінде)

Бастауыш білім беру деңгейінің 2-4-сыныптарына арналған "Әдебиеттік оқу" пәнінен үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту орыс тілінде)

Бастауыш білім беру деңгейінің 1-4-сыныптарына арналған "Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар" пәнінен үлгілік оқу бағдарламасы

*Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым министрі*

.. "Білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттардың түрлері мен нысандарын және оларды беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 28 қаңтардағы № 39 бұйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 16 мамырдағы № 210 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 29 мамырда № 16965 болып тіркелді.

БҰЙЫРАМЫН:

"Білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттардың түрлері мен нысандарын және оларды беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 28 қаңтардағы № 39 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10348 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесі 2015 жылғы 21 шілдеде жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Мыналар:

- 1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттардың түрлері;
- 2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес негізгі орта білім туралы аттестаттың нысаны;
- 3) осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес негізгі орта білім туралы үздік аттестаттың нысаны;
- 4) осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес негізгі орта білім туралы аттестатқа қосымшаның нысаны;
- 5) осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес білім туралы аттестаттың нысаны;
- 6) осы бұйрыққа 6-қосымшаға сәйкес негізгі орта білім туралы аттестатқа қосымшалардың нысандары;
- 7) осы бұйрыққа 7-қосымшаға сәйкес жалпы орта білім туралы аттестаттың нысаны;
- 8) осы бұйрыққа 8-қосымшаға сәйкес жалпы орта білім туралы үздік аттестаттың нысаны;
- 9) осы бұйрыққа 9-қосымшаға сәйкес Алтын белгі жалпы орта білім туралы аттестаттың нысаны;
- 10) осы бұйрыққа 10-қосымшаға сәйкес жалпы орта білім туралы аттестатқа қосымшаның нысаны;
- 11) осы бұйрыққа 11-қосымшаға сәйкес техникалық және кәсіптік білім туралы дипломның нысаны;
- 12) осы бұйрыққа 12-қосымшаға сәйкес техникалық және кәсіптік білім туралы үздік дипломның нысаны;
- 13) осы бұйрыққа 13-қосымшаға сәйкес екі тілде техникалық және кәсіптік білім туралы дипломға қосымшаның нысаны;
- 14) осы бұйрыққа 14-қосымшаға сәйкес орта білімнен кейінгі білім туралы дипломның нысаны;
- 15) осы бұйрыққа 15-қосымшаға сәйкес орта білімнен кейінгі білім туралы үздік дипломның нысаны;
- 16) осы бұйрыққа 16-қосымшаға сәйкес екі тілде орта білімнен кейінгі білім туралы дипломға қосымшаның нысаны;
- 17) осы бұйрыққа 17-қосымшаға сәйкес кәсіптік даярлау туралы куәліктің нысаны;
- 18) осы бұйрыққа 18-қосымшаға сәйкес бакалавр дәрежесі берілетін жоғары білім туралы дипломның нысаны;
- 19) осы бұйрыққа 19-қосымшаға сәйкес бакалавр дәрежесі берілетін жоғары білім туралы үздік дипломның нысаны;
- 20) осы бұйрыққа 20-қосымшаға сәйкес біліктілік берілетін жоғары білім туралы дипломның нысаны;
- 21) осы бұйрыққа 21-қосымшаға сәйкес біліктілік берілетін жоғары білім туралы үздік дипломның нысаны;
- 22) осы бұйрыққа 22-қосымшаға сәйкес магистр дәрежесі берілетін жоғары оқу орнынан кейінгі білім дипломының нысаны;

23) осы бұйрыққа 23-қосымшаға сәйкес іскерлік әкімшілік жүргізу докторы дәрежесі берілетін жоғары оқу орнынан кейінгі білім дипломының нысаны;

24) осы бұйрыққа 24-қосымшаға сәйкес резидентураны бітіргені туралы куәліктің нысаны;

25) осы бұйрыққа 25-қосымшаға сәйкес интернатураны бітіргені туралы куәліктің нысаны;

26) осы бұйрыққа 26-қосымшаға сәйкес клиникалық ординатураны бітіргені туралы куәліктің нысаны;

27) осы бұйрыққа 27-қосымшаға сәйкес үш тілде дипломға қосымшаның нысаны;

28) осы бұйрыққа 28-қосымшаға сәйкес магистр дипломына куәліктің нысаны;

29) осы бұйрыққа 29-қосымшаға сәйкес қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атағы берілетін аттестаттың нысаны;

30) осы бұйрыққа 30-қосымшаға сәйкес профессор ғылыми атағы берілетін аттестаттың нысаны;

31) осы бұйрыққа 31-қосымшаға сәйкес кандидат ғылыми дәрежесі берілетін дипломның нысаны;

32) осы бұйрыққа 32-қосымшаға сәйкес кандидат ғылыми дәрежесі берілетін дипломның (қайта аттестаттау) нысаны;

33) осы бұйрыққа 33-қосымшаға сәйкес философия докторы (PhD) дәрежесі берілетін дипломның нысаны;

34) осы бұйрыққа 34-қосымшаға сәйкес бейіні бойынша доктор дәрежесі берілетін дипломның нысаны;

35) осы бұйрыққа 35-қосымшаға сәйкес білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттарды беру қағидалары бекітілсін.";

көрсетілген бұйрыққа 5-қосымша осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес 6-қосымшамен толықтырылсын;

көрсетілген бұйрыққа 6-қосымшаның оң жақтағы жоғарғы бұрышы мынадай редакцияда жазылсын:

	"Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 28 қаңтардағы № 39 бұйрығына 7-қосымша";
--	---

көрсетілген бұйрыққа 7-қосымшаның оң жақтағы жоғарғы бұрышы мынадай редакцияда жазылсын:

	"Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 28 қаңтардағы № 39 бұйрығына 8-қосымша";
--	---

көрсетілген бұйрыққа 8-қосымшаның оң жақтағы жоғарғы бұрышы мынадай редакцияда жазылсын:

	"Қазақстан Республикасы
--	-------------------------

	Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 28 қаңтардағы № 39 бұйрығына 9-қосымша";
көрсетілген бұйрыққа 9-қосымшаның оң жақтағы жоғарғы бұрышы мынадай редакцияда жазылсын:	
	"Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 28 қаңтардағы № 39 бұйрығына 10-қосымша";
көрсетілген бұйрыққа 10-қосымшаның оң жақтағы жоғарғы бұрышы мынадай редакцияда жазылсын:	
	" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 28 қаңтардағы № 39 бұйрығына 11-қосымша";
көрсетілген бұйрыққа 11-қосымшаның оң жақтағы жоғарғы бұрышы мынадай редакцияда жазылсын:	
	" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 28 қаңтардағы № 39 бұйрығына 12-қосымша";
көрсетілген бұйрыққа 12-қосымшаның оң жақтағы жоғарғы бұрышы мынадай редакцияда жазылсын:	
	" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 28 қаңтардағы № 39 бұйрығына 13-қосымша";
көрсетілген бұйрыққа 13-қосымшаның оң жақтағы жоғарғы бұрышы мынадай редакцияда жазылсын:	
	" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 28 қаңтардағы № 39 бұйрығына 14-қосымша";
көрсетілген бұйрыққа 14-қосымшаның оң жақтағы жоғарғы бұрышы мынадай редакцияда жазылсын:	
	" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 28 қаңтардағы № 39 бұйрығына 15-қосымша";
көрсетілген бұйрыққа 15-қосымшаның оң жақтағы жоғарғы бұрышы мынадай редакцияда жазылсын:	
	" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің

	2015 жылғы 28 қаңтардағы № 39 бұйрығына 16-қосымша";
--	---

көрсетілген бұйрыққа 16-қосымшаның оң жақтағы жоғарғы бұрышы мынадай редакцияда жазылсын:

	" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 28 қаңтардағы № 39 бұйрығына 17-қосымша";
--	---

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттарды беру қағидаларында:

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Қорытынды аттестаттаудан өткен білім алушыларға негізгі орта білім туралы аттестат, жалпы орта білім туралы аттестат, техникалық және кәсіптік білім туралы диплом, орта білімнен кейінгі білім туралы диплом, бакалавр дәрежесі берілетін жоғары білім туралы диплом, біліктілік берілетін жоғары білім туралы диплом, магистр дәрежесі берілетін жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы диплом, сондай-ақ кәсіптік даярлау туралы куәлік беру үшін тиісті (емтихан, біліктілік, аттестаттау) комиссияның шешімі негіздеме болып табылады.

Интернатураны немесе резидентураны бітіргені туралы куәлікті беру үшін аттестаттау комиссиясының шешімі негіздеме болып табылады.

Ерекше білім беруге қажеттілігі бар білім алушыға негізгі орта білім туралы аттестат беру үшін білім беру ұйымы басшысының бұйрығы негіздеме болып табылады.

Философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дипломын беру үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті төрағасының (бұдан әрі – Комитет) философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор ғылыми дәрежесін беру жөніндегі бұйрығы негіздеме болып табылады.

Қауымдастырылған профессор (доцент) немесе профессор аттестатын беру үшін Комитет төрағасының қауымдастырылған профессор (доцент) немесе профессор ғылыми атағын беру жөніндегі бұйрығы негіздеме болып табылады."

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Мектепке дейінгі және орта білім департаменті (Ш.Т. Каринова) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуді;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін баспа және электронды түрде қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Заң қызметі және халықаралық ынтымақтастық департаментіне осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі А.Қ. Аймағамбетовке жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

<i>Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі</i>	<i>Е.Сағадиев</i>
	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 16 мамырдағы № 210 бұйрығына 1-қосымша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 28 қаңтардағы № 39 бұйрығына 5-қосымша
	Нысан

Негізгі орта білім туралы аттестат

Негізгі орта білім туралы АТТЕСТАТ Серия БТ № _____ Осы _____ аттестат _____ жылы _____ (білім беру ұйымының (мектебінің) толық атауы) _____ бітірген	АТТЕСТАТ об основном среднем образовании Серия БТ № _____ Настоящий _____ аттестат выдан _____ фамилия, имя, отчество) (при его наличии)
(тегі, аты, әкесінің аты) (болған жағдайда) _____ берілді	_____
і. Директор _____/ Директордың орынбасары _____/ _____/ Сынып жетекшісі _____/ М.О. _____	(полное наименование организации образования (школы)) Директор _____/ Заместитель директора _____/ _____/ Классный руководитель _____/

Елді мекен _____ жылғы "____" _____ берілді. Тіркеу нөмірі № _____	_____/_____ М.П. Населенный пункт _____ Выдан "____" _____ года Регистрационный номер № _____
--	--

Осы нысанды толтыру бойынша түсіндірме: арнайы мектепте, арнайы сыныптарда және инклюзивті білім беру жағдайында жалпы білім беретін мектептерде ерекше білім беруге қажеттілігі бар білім алушыларға (жеңіл және орташа ақыл-ой кемістігі бар) арналған.

	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 16 мамырдағы № 210 бұйрығына 2-қосымша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 28 қаңтардағы № 39 бұйрығына 6-қосымша
	Нысандар

Негізгі орта білім туралы аттестатқа қосымша

Негізгі орта білім туралы аттестатқа қосымша (БТ № ____ аттестатсыз жарамсыз)	Приложение к аттестату об основном среднем образовании (без аттестата БТ № ____ недействительно)
_____ (тегі, аты, әкесінің аты) (болған жағдайда) Оқыған _____ кезінде (білім беру ұйымының толық атауы) бітірді және мынадай білімін көрсетті: қазақ тілі _____ Орыс тілі _____ оқу және тіл дамыту _____ математика _____ информатика _____ айналадағы әлем _____	_____ (фамилия, имя, отчество) (при его наличии) за _____ время обучения в _____ (полное наименование организации образования) показал (-а) следующие знания: казахский язык _____ русский язык _____ чтение и развитие речи _____ математика _____ информатика _____

_____	мир	_____	вокруг
жаратылыстану	_____	естествознание	_____
_____	_____	география	_____
география	_____	_____	_____
Қазақстан	_____	история	_____
тарихы _____	және Қазақстана _____	общество	и _____
қоғам _____	_____	право _____	_____
құқық _____	_____	культура	_____
тәртіп _____	өнері _____	поведения _____	_____
мәдениеті _____	_____	изобразительное	искусство _____
бейнелеу _____	_____	_____	_____
_____	_____	музыка	_____
музыка	_____	_____	_____
әлеуметтік-тұрмыстық	_____	_____	_____
бағдарлау _____	еңбекке _____	социально-бытовая	_____
жалпы _____	_____	ориентировка _____	_____
даярлау _____	_____	общетрудовая	_____
кәсіби-еңбекке	_____	подготовка _____	_____
баулу _____	_____	профессионально-трудовое	_____
бейімделген _____	дене _____	обучение _____	_____
шынықтыру _____	_____	адаптивная _____	физическая _____
кәсіптік _____	еңбекке _____	баулу _____	культура _____
_____	_____	_____	_____
Директор _____ / _____ /	_____	_____	_____
Директордың орынбасары _____ /	Директор _____ / _____ /	Заместитель _____ /	директора _____ /
_____ /	_____	_____	_____
Сынып _____ жетекшісі _____ /	_____	Классный _____	руководитель _____ /
_____ /	_____	_____	_____
М.О.	_____	М.П.	_____
Елді _____ мекен _____	_____	Населенный пункт _____	_____
_____ жылғы " _____ " _____ берілді.	_____	Выдан " _____ " _____ года	_____
Тіркеу нөмірі № _____	_____	Регистрационный номер № _____	_____

Осы нысанды толтыру бойынша түсіндірме: арнайы мектепте, жалпы білім беретін мектептердегі арнайы сыныптарда ерекше білім беруге қажеттілігі бар білім алушыларға (жеңіл ақыл-ой кемістігі бар) арналған.

Негізгі орта білім туралы аттестатқа қосымша

Негізгі орта білім туралы аттестатқа қосымша	Приложение к аттестату об основном среднем образовании
(БТ № _____ аттестатсыз жарамсыз)	(без _____ аттестата БТ № _____ недействительно)
_____	_____
_____	_____

(тегі, аты, әкесінің аты) (болған жағдайда)	_____	(фамилия, имя, отчество) (при его наличии)	_____
(білім беру ұйымының толық атауы) бітірді және мынадай оқу пәндері бойынша оқытылды:	_____	оқу, жазу және тіл дамыту _____ санау _____	оқончил _____ (-а)
айналадағы _____ әлем _____	_____	_____	_____
адам және _____ әлем _____	_____	_____	_____
тәртіп мәдениеті _____	_____	_____	_____
бейнелеу _____ өнері _____	_____	_____	_____
музыка және _____ ырғақ _____	_____	_____	_____
әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлау _____ шаруашылық еңбек _____ кәсіп _____	_____	_____	_____
бейімделген _____ дене _____	_____	_____	_____
шынықтыру _____	_____	_____	_____
Директор _____ / _____ /	_____	_____	_____
Директордың орынбасары _____ / _____ /	_____	_____	_____
Сынып жетекшісі _____ / _____ /	_____	_____	_____
М.О. _____	_____	_____	_____
Елді мекен _____ жылғы " ____ " _____	_____	_____	_____
берілді.	_____	_____	_____
Тіркеу нөмірі № _____	_____	_____	_____

Осы нысанды толтыру бойынша түсіндірме: арнайы мектепте, жалпы білім беретін мектептердегі арнайы сыныптарда ерекше білім беруге қажеттілігі бар білім алушыларға (орташа ақыл-ой кемістігі бар) арналған.

Негізгі орта білім туралы аттестатқа қосымша

Негізгі орта білім туралы аттестатқа	Приложение к аттестату об основном
--------------------------------------	------------------------------------

қосымша (БТ № ____ аттестатсыз жарамсыз)	среднем (без аттестата ____недействительно)	образовании БТ № ____
_____ (тегі, аты, әкесінің аты) (болған жағдайда)	_____ (фамилия, имя, отчество) (при его наличии)	_____ (-а)
_____ (білім беру ұйымының толық атауы) бітірді және мынадай оқу пәндері бойынша	_____ оқытылды: (полное наименование организации образования (школы)) и обучался по следующим учебным предметам:	
Қазақ тілі	қазақ әдебиеті	казахский язык
қазақ тілі	қазақ әдебиеті	казахский язык
орыс тілі	орыс әдебиеті	орусский язык
орыс тілі	орыс әдебиеті	орусский язык
ана тілі	ана тілі	русский язык
() әдебиеті	() әдебиеті	() язык
шет тілі	шет тілі	иностранного языка
алгебра	алгебра	алгебра
геометрия	геометрия	геометрия
информатика	информатика	информатика
жаратылыстану	жаратылыстану	естествознание
физика	физика	физика
химия	химия	химия
география	география	география
биология	биология	биология
дүниежүзі тарихы	дүниежүзі тарихы	всемирная история
Қазақстан тарихы	Қазақстан тарихы	история Казахстана
құқық	құқық	история Казахстана

1. "Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарының түрлері қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 18 маусымдағы № 229 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тізілімінде № 8544 болып тіркелген, "Егемен Қазақстан" газетінің 2013 жылғы 4 қыркүйектегі № 203 (28142) санында жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрыққа 1-қосымшада:

Балалар үйлері қызметінің үлгілік қағидаларында:

мынадай мазмұндағы 2-1 тармақпен толықтырылсын:

"2-1. Балалар үйлері жинақталмаған жағдайда Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 22 ақпандағы № 50 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тізілімінде № 8390 болып тіркелген) бекітілген білім беру ұйымдары түрлері номенклатурасының 9-тармағында көрсетілген жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарының бір түріне қайта құрылуы мүмкін.";

көрсетілген бұйрыққа 2-қосымшада:

Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балаларға арналған балалар үйлері қызметінің үлгілік қағидаларында:

мынадай мазмұндағы 2-1 тармақпен толықтырылсын:

"2-1. Балалар үйлері жинақталмаған жағдайда Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 22 ақпандағы № 50 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тізілімінде № 8390 болып тіркелген) бекітілген білім беру ұйымдары түрлері номенклатурасының 9-тармағында көрсетілген жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарының бір түріне қайта құрылуы мүмкін.";

көрсетілген бұйрыққа 3-қосымшада:

Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған мектеп-интернаттар қызметінің үлгілік қағидаларында:

мынадай мазмұндағы 2-1 тармақпен толықтырылсын:

"2-1. Мектеп-интернаттары жинақталмаған жағдайда Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 22 ақпандағы № 50 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тізілімінде № 8390 болып тіркелген) бекітілген білім беру ұйымдары түрлері номенклатурасының 9-тармағында көрсетілген жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарының бір түріне қайта құрылуы мүмкін.";

көрсетілген бұйрыққа 4-қосымшада:

Пана үйі қызметінің үлгілік қағидаларында:

мынадай мазмұндағы 3-1 тармақпен толықтырылсын:

"3-1. Паналар жинақталмаған жағдайда Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 22 ақпандағы № 50 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тізілімінде № 8390 болып тіркелген) бекітілген

білім беру ұйымдары түрлері номенклатурасының 9-тармағында көрсетілген жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарының бір түріне қайта құрылуы мүмкін.";

көрсетілген бұйрыққа 5-қосымшада:

Отбасы үлгісіндегі балалар үйлері қызметінің үлгілік қағидаларында: мынадай мазмұндағы 2-1 тармақпен толықтырылсын:

"2-1. Балалар үйлері жинақталмаған жағдайда Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 22 ақпандағы № 50 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тізілімінде № 8390 болып тіркелген) бекітілген білім беру ұйымдары түрлері номенклатурасының 9-тармағында көрсетілген жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарының бір түріне қайта құрылуы мүмкін.";

көрсетілген бұйрыққа 6-қосымшада:

Кәмелетке толмағандардың бейімдеу орталықтары қызметінің үлгілік қағидаларында:

мынадай мазмұндағы 1-1 тармақпен толықтырылсын:

"1-1. Орталықтар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 22 ақпандағы № 50 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тізілімінде № 8390 болып тіркелген) бекітілген білім беру ұйымдары түрлері номенклатурасының 9-тармағында көрсетілген жинақталмаған жағдайда жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарының бір түріне қайта құрылуы мүмкін.";

көрсетілген бұйрыққа 7-қосымшада:

Өмірлік қиын жағдайдағы балаларды қолдау орталықтары қызметінің үлгілік қағидаларында:

6-тармақ алып тасталсын:

мынадай мазмұндағы 6-1, 6-2 және 6-3 тармақтарымен толықтырылсын:

"6-1. Орталықтар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 22 ақпандағы № 50 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тізілімінде № 8390 болып тіркелген) бекітілген білім беру ұйымдары түрлері номенклатурасының 9-тармағында көрсетілген жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарының базасында құрылуы мүмкін.

6-2. Түнгі уақытта, демалыс немесе мереке күндері кәмелетке толмағандар осы Қағидаларға қосымшаға сәйкес нысан бойынша Орталыққа өмірлік қиын жағдайдағы балаларды қолдау орталықтарына кәмелетке толмағандарды қабылдау туралы актінің негізінде қабылданады.

6-3. Кәмелетке толмағандарды одан әрі күтіп бағу не орналастыру туралы мәселені шешу үшін Орталықтың қызметкерлері үш жұмыс күні ішінде қорғаншылық және қамқоршылық органдарына панасыздық, қадағалаусыздық белгілері болуын негіздейтін, қамқоршысыз қалғанын не болмаса баланың өмірі мен денсаулығына тікелей қауіп төнгені туралы ақпаратты ұсынады.";

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"Орталыққа жолдама беруді отбасының (баланың) өмірлік қиын жағдайда жүргенін растайтын мемлекеттің қамқоршылық және қорғаншылық функцияларын жүзеге асыратын органының қорытындысы негізінде үш жұмыс күні ішінде облыстың, астананың және республикалық маңызы бар қаланың білім басқармасы жүзеге асырады.

Өз бетімен және ерікті түрде өтініш білдірген балалар мен олардың заңды өкілдеріне консультациялық көмек білім басқармасының жолдамасынсыз көрсетіледі.";

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Орталық мектепке дейінгі және мектеп жасындағы балалар үшін құрылады.

Орталықта саны 15 адамнан аспайтын 3-тен 18 жасқа дейінгі балаларға арналған әртүрлі жастағы беске дейін топтар ұйымдастырылады.";

11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"11. Кәмелетке толмағандар орталықта оларға көмек көрсету және одан әрі орналастыру мәселелерін шешу үшін алты айдан аспайтын мерзімде болады, отбасына тәрбиелеуге беру мүмкін болмаған жағдайда, кәмелет жасқа толғанға дейін.";

13-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"13. Тәрбиеленушілердің тұруын ұйымдастыру Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 16 тамыздағы № 611 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15681 болып тіркелді) бекітілген "Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы" санитариялық қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.";

осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес қосымшамен толықтырылсын;

көрсетілген бұйрыққа 8-қосымшада:

Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балаларға арналған мектеп-интернаттар қызметінің үлгілік қағидаларында:

мынадай мазмұндағы 2-1 тармақпен толықтырылсын:

"2-1. Мектеп-интернаттар жинақталмаған жағдайда Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 22 ақпандағы № 50 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тізілімінде № 8390 болып тіркелген) бекітілген білім беру ұйымдары түрлері номенклатурасының 9-тармағында көрсетілген жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарының бір түріне қайта құрылуы мүмкін.".

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Балалардың құқықтарын қорғау комитеті (Н.Ә. Оршубеков) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмелерін баспа және электронды түрде қазақ және орыс тілдерінде ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдауды;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмеін мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялау үшін жолдауды;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

5) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Заң қызметі және халықаралық ынтымақтастық департаментіне осы тармақтың 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы білім және ғылым вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

<i>Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушы</i>	<i>Б. Асылова</i>
	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 23 мамырдағы № 222 бұйрығына қосымша Кәмелетке толмағандардың бейімдеу орталықтары қызметінің үлгілік қағидаларына 1-қосымша
	Нысан

**Өмірлік қиын жағдайдағы балаларды қолдау орталығына қабылдау
актісі**

20__ жылғы "___" _____ Қала, аудан _____

Мен, _____

(лауазымы, атағы, тегі, әкесінің аты)

(орталықтың атауы)

(кәмелетке толмағанды жеткізген тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты)

(бар болған жағдайда), жұмыс орны, лауазымы, мекенжайы, телефоны)

(кәмелетке толмағанды анықтаған орын, уақыт және жағдайлар)

_____ анықталған, кәмелетке толмағанды жеткізгені туралы

акт жасалады.

Кәмелетке толмағанның белгілері _____

(бойы, салмағы, жасы, сөйлей білуі ерекше

белгілері (мендер, тыртықтар т.б.) денесіндегі жаңа жарақаттар,

зорлық әрекеттерінің белгілері)

Кәмелетке толмағаннан алынды _____

(шыққан кезде қайтарылуға жататын

заттар, бағалы заттар және құжаттар)

(кәмелетке толмағанның тегін, аты-жөнін, жасын, ата-аналарын немесе басқа заңды тұлғаларын, тұрғылықты жерін, жұмыс

орнын, ата-анасының лауазымын, маңызы бар басқада деректерді) (сыртынан

қарағанда кәмелетке толмағанның дені сау, ауру, дене жарақаты бар)

_____ анықтау мүмкін болды

Қолы

(актіні толтырған лауазымды адамның лауазымы, атағы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)) _____

(кәмелетке толмағанды жеткізген тұлғаның тегі)



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

2018 ж. 24 мамыр № 226

Астана қ.

г. Астана

**Ұсынылған пәндік олимпиадалардың,
кәсіби конкурстардың, ғылыми жобалардың,
спорттық жарыстардың және басқа да
шығармашылық іс-шаралардың
тізбесін бекіту туралы**

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2018 жылғы 10 қаңтардағы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру мақсатында, сондай-ақ, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғаларды және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарының 1-тармағының 9) тармақшасына сәйкес

БҰЙЫРАМЫН:

1. Осы бұйрықтың қосымшасына сәйкес ұсынылған пәндік олимпиадалардың, кәсіби конкурстардың, ғылыми жобалардың, спорттық жарыстардың және басқа да шығармашылық іс-шаралардың тізбесі бекітілсін.

2. Облыстық, Астана және Алматы қалаларының білім басқармаларының басшылары педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғаларды аттестаттаудың екінші кезеңін өткізу кезінде ұсынылған:

1) осы ұсынылған пәндік олимпиадалардың, кәсіби конкурстардың, ғылыми жобалардың, спорттық жарыстардың және басқа да шығармашылық іс-шаралардың тізбесін;

2) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 7 желтоқсандағы № 514 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізіліміне 2011 жылы 27 желтоқсанда № 7355 болып тіркелген, «Егемен Қазақстан» газетінде 2012 жылғы 31 наурызда № 127 (27 200), 2012 жылғы 21 сәуірде № 172-177 (27 251) жарияланған) Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық және

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 маусымдағы № 266 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 3 шілдеде № 17151 болып тіркелді

"Педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 95 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 95 бұйрығына (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13420 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2016 жылғы 11 сәуірде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және жүргізу қағидаларында:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) біліктілік – тиісті кәсіби қызмет шеңберінде жұмыстарды орындау үшін қажет кәсіби білім, іскерлік, дағды және жұмыс тәжірибесінің жиынтығы;

2) курстан кейінгі мониторинг – бұл педагогика практикасының нақты жай-күйін білім беру ұйымдарында оқыту процесінің күтілетін нәтижелерімен салыстыру мақсатында арнайы ұйымдастырылған, ғылыми негізделген, үздіксіз, мақсатты түрде білім беру процесінің және сертификатталған педагогтердің курстан кейінгі қызметінің сапасын диагностикалау, болжамды қадағалау, бағалау және басқару жүйесі;

3) қорытынды бағалау – нәтижесінде сертификаттау туралы шешім қабылданатын, үміткердің біліктілікті беру схемасының талаптарына сәйкестігін белгілеуге көмектесетін процесс;

4) педагог кадрлар – біліктілікті арттыру бағдарламалары шеңберінде оқудан өтуші педагогикалық қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалар;

5) педагог кадрлардың біліктілігін арттыру – сабақ беру мен оқыту сапасын арттыру үшін жаңадан және бұрын алынған кәсіби білімін, іскерлігін, дағдысы мен құзыретін дамытуға, кеңейтуге, тереңдетуге және жетілдіруге мүмкіндік беретін кәсіби оқыту нысаны;

6) педагог кадрларды курстан кейінгі қолдау – педагог кадрлардың білім беру қызметіне әдістемелік, консультациялық қолдау көрсету бойынша іс-шаралар кешені, педагог кадрлардың кәсіби тапшылықтарын еңсеруге және кәсіби құзыреттіліктерін дамытуға бағытталған, курстан кейінгі кезеңде олардың педагогикалық қызметін қадағалау;

7) сертификат – маман біліктілігінің біліктілік талаптарына, сондай-ақ нақты салаға арналған стандартқа сәйкестігін және кәсіби қызмет деңгейін растайтын құжат;

8) сертификаттау – маманның біліктілікке сәйкестігін растау және оған біліктілікті беру рәсімі. Сертификаттау тұлғаның біліктілік және құзыреттілік деңгейіне қойылатын талаптарға сәйкестігін белгілейді;

9) сертификатталған педагог кадрларды курстан кейінгі қолдау – білім беру ұйымдарындағы тәрбиеленушілер мен білім алушылардың табысты оқуына ықпал ететін сертификатталған педагог кадрлардың мектептегі практикасының оңтайлы кәсіби дамуы және өзгеруі үшін қолайлы жағдаймен қамтамасыз ететін ресурстар, нысандар мен әдістер жүйесі;

10) сертификатталған тренер – тренерлерді даярлау бағдарламасы бойынша сертификатталатын оқудан өткен маман немесе педагогикалық қызметкер."

25-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"25. Курстардан өткен тыңдаушыларға Ұйым біліктілікті арттыру курсының тақырыбына сәйкес сертификат береді."

26-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"26. Келесі білім беру бағдарламалары бойынша ұзақ мерзімді курстарды сәтті аяқтаған тыңдаушыларға Ұйым сертификат береді:

1) осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес "Педагогикалық қоғамдастықтағы мұғалім көшбасшылығы";

2) осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес "Мектептегі мұғалім көшбасшылығы";

3) осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес "Тиімді оқыту";

4) осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес "Мектептің біртұтас педагогикалық процесіндегі жалпыадамзаттық құндылықтар";

5) осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес "Сыныптың біртұтас педагогикалық процесіндегі жалпыадамзаттық құндылықтар";

6) осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес "Сабақтағы жалпыадамзаттық құндылықтар";

7) осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарының басшыларына."

31-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"31. Ұйымдар:

1) Сертификатталған педагог кадрларды курстан кейінгі қолдауды;

2) Педагог кадрларды курстан кейінгі қолдауды;

3) Курстан кейінгі қолдауды немесе курстан кейінгі сүйемелдеуді қамтамасыз ету үшін әдістемелік ресурстар мен инструментарийлерді, курстан кейінгі мониторингті жүргізу тетіктерін және/немесе диагностикалық инструментарийлерін әзірлеу және бекітуді (Білім басқармаларымен келісім бойынша) жүзеге асырады."

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Техникалық және кәсіптік білім департаменті (Н.Ж. Оспанова) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмелерін ресми жариялау үшін мерзімді баспа басылымдарына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдауды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы бұйрықтың 1), 2) және 3) тармақшаларында қарастырылған іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Заң қызметі және халықаралық ынтымақтастық департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі А.Қ. Аймағамбетовке жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

<i>Қазақстан Білім және ғылым министрі</i>	<i>Республикасының</i>	<i>Е. Сағадиев</i>
--	------------------------	--------------------

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" ШЖҚ РМК

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 26 маусымдағы № 308 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 16 шілдеде № 17207 болып тіркелді

"Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарының басшыларын конкурстық тағайындау қағидасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 21 ақпандағы № 57 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Мемлекеттік орта білім беру мекемелерінің басшыларын конкурстық тағайындау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 21 ақпандағы № 57 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7495 болып тіркелген, "Егемен Қазақстан" газетінің 2012 жылғы 26 мамырдағы № 269-273 (27347) санында жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

бұйрықтың атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік орта білім беру мекемелерінің басшыларын конкурстық тағайындау қағидаларын бекіту туралы";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Мемлекеттік орта білім беру мекемелерінің басшыларын конкурстық тағайындау қағидалары осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Мектепке дейінгі және орта білім департаменті (Ш.Т. Каринова) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін қағаз және электронды түрде қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Заң қызметі және халықаралық ынтымақтастық департаментіне осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі А.Қ. Аймағамбетовке жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі	Е. Сағадиев
--	-------------

	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 26 маусымдағы № 308 бұйрығына қосымша
	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 21 ақпандағы № 57 бұйрығымен бекітілген

Мемлекеттік орта білім беру мекемелерінің басшыларын конкурстық тағайындау қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Мемлекеттік орта білім беру мекемелерінің басшыларын конкурстық тағайындау қағидалары (бұдан әрі - қағида) "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленді және мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанындағы бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, қосымша, арнайы, мамандандырылған білімнің оқу бағдарламаларын іске асыратын ұйымдар және жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған ұйымдар басшысының бос лауазымына конкурстық тағайындау тәртібін айқындайды.

2. Мемлекеттік орта білім беру мекемелерінің басшыларын конкурстық тағайындау кандидаттың (бұдан әрі – кандидат) кәсіби және жеке мінездемелерінің біліктілік талаптарына сәйкестігін белгілеу үшін жүргізіледі.

3. Мемлекеттік орта білім беру мекемелері басшыларының лауазымына тағайындау конкурсын (бұдан әрі – конкурс) бос лауазымы бар білім беру мекемесі ведомствосы және қарамағында болып табылатын білім беруді басқару органы жүргізеді.

2-тарау. Мемлекеттік орта білім беру мекемелерінің басшыларын конкурстық тағайындау тәртібі

4. Объективтілік пен айқындылықты қамтамасыз ету үшін, сондай-ақ барлық кандидаттарға тең мүмкіндік беру мақсатында конкурс жариялаған білім беруді басқару органының жанынан конкурстық комиссия (бұдан әрі – комиссия) құрылады.

5. Комиссия құрамының мүшелері жалпы саны тақ санды құрайтын кемінде бес адамнан тұрады, құрамы білім беруді басқару органы басшысының бұйрығымен бекітіледі.

6. Комиссия құрамына білім беруді басқару органдарының, әдістемелік құрылымдардың, ата-аналар қоғамының, білім беру мәселелері бойынша қоғамдық бірлестіктердің өкілдері енгізіледі.

Комиссия төрағасы, төраға орынбасары және хатшы комиссия мүшелерінен сайланады.

7. Комиссияның әр отырысы отырысқа қатысқан төраға, комиссия мүшелері және хатшы қол қойған хаттамамен ресімделеді.

8. Комиссия отырысы оның жалпы құрамынан кемінде 2/3 мүшелері қатысса, отырыс өткізілді, ал оның шешімі заңды деп есептелінеді.

9. Комиссия конкурс өткізу мерзімін, орнын және тәртібін айқындайды, конкурстық орналастыру туралы хабарландыру мәтінін жазады, бұқаралық ақпарат құралдарында, білім беруді басқару органының ресми сайтында хабарландыруды жариялауды қамтамасыз етеді.

10. Хабарландыру мәтіні мына ақпараттан тұруы тиіс:

1) конкурс жариялаған органның атауы;

2) конкурс жарияланған лауазымның атауы;

3) орналасқан орнын көрсетіп, оның қызметін қысқаша сипаттай отырып, білім беру мекемесінің толық атауы;

4) лауазымға ұсынылатын кандидатқа қойылатын біліктілік талаптары;

5) орта білім беру мекемесі басшысының лауазымдық міндеттері;

6) лауазымдық айлық мөлшері;

7) конкурс өткізу орны және күні;

8) конкурсқа қатысуға өтінімді беру мерзімі мен оны қабылдау орны;

9) конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар тізбесі;

10) ақпаратты нақтылау үшін байланыс телефондары, электрондық адрестер.

11. Мемлекеттік орта білім беру мекемелері басшыларының лауазымына кандидаттардың конкурсқа қатысуы үшін мыналар талап етіледі:

1) жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білім;

2) педагогикалық жұмыс өтілі кемінде бес жыл, оның ішінде басшылық лауазымдағы жұмыс өтілі кемінде бір жыл, шағын жинақты мектепте педагогикалық жұмыс өтілі кемінде үш жыл, басшылық лауазымдағы жұмыс өтілі талап етілмейді;

3) бірінші немесе жоғары біліктілік санатының және (немесе) "педагог-сарапшы", "педагог-зерттеуші", "шебер-педагог" санатының болуы (мемлекеттік қызметшілерді, ЖОО және әдістемелік қызмет қызметкерлерін қоспағанда);

4) "Денсаулық сақтау ұйымдарының бастапқы медициналық құжаттама нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2010 жылғы 23 қарашадағы № 907 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6697 болып тіркелген) бекітілген нысан бойынша денсаулық жағдайы туралы анықтама;

5) соттылығының жоқ екені туралы анықтама.

12. Білім беруді басқару органы хабарлама жарияланған күннен бастап жеті жұмыс күні ішінде бос лауазымға орналасу үшін мынадай құжаттарды қабылдауды жүзеге асырады:

1) білім беруді басқару органы басшысының атына тұрғылықты тіркеу орны, нақты тұратын жері, байланыс телефондары көрсетілген конкурсқа қатысуға өтініш;

- 2) жеке тұлғаны куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 3) білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттың көшірмесі;
- 4) еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі;
- 5) кадрларды есепке алу жөніндегі жеке парақ және фото;

6) ескертпелер мен көтермелеулерді көрсете отырып, бұрынғы жұмыс орнынан өндірістік мінездеме;

7) біліктілік санаты және ғылыми дәрежесі туралы құжаттың көшірмесі (болған жағдайда);

8) "Денсаулық сақтау ұйымдарының бастапқы медициналық құжаттама нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2010 жылғы 23 қарашадағы № 907 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6697 болып тіркелген) бекітілген нысан бойынша денсаулық жағдайы туралы анықтама;

9) соттылығының жоқ екендігі туралы анықтама;

10) тестілеуден өткендігі туралы анықтама (болған жағдайда);

11) мектепті дамытудың перспективалық жоспары.

Конкурсқа қатысу үшін ұсынылатын құжаттардың көшірмелері жұмыс орнының кадр қызметі немесе білім беру ұйымының жауапты қызметкері тарапынан куәландырылады және мөрмен куәландырылады.

Осы қағидалардың 12-тармағында көзделген құжаттар топтамасы толық ұсынылмаса, кандидаттың конкурсқа қатысу үшін берген құжаттарын қабылдаудан бас тартылады.

13. Кандидат конкурсқа қатысу үшін білім беруді басқару органының қарауына өзінің кәсіби жетістіктері, біліктілігін арттыруы, ғылыми зерттеулері, өзінің педагогикалық тәжірибесін жинақтауы, наградалары туралы материалдарды ұсынуға құқылы.

14. Конкурс төрт кезеңде өткізіледі:

1) конкурсқа қатысушылардың біліктілігін бағалау;

2) мектептің қамқоршылық кеңесімен (бұдан әрі – қамқоршылық кеңес) кандидаттарды келісу;

3) облыстың (республикалық маңызы бар қалаларды, астананы қоспағанда) білім беруді басқару органдарымен кандидаттарды келісу;

4) білім беруді басқару органының конкурстық комиссиясының отырысында әңгімелесу.

15. Конкурстың бірінші кезеңінде білім беруді басқару органының комиссиясы үш жұмыс күні ішінде осы қағидалардың 12-тармағына сәйкес құжаттарға біліктілік бағалауын жүргізеді.

16. Конкурстың екінші кезеңінде конкурсқа қатысушылардың біліктілігін бағалау қорытындысы бойынша білім беруді басқару органының комиссиясы екі жұмыс күні ішінде қамқоршылық кеңеске бос лауазымға орналасуға кандидаттардың тізімін жолдайды.

17. Қамқоршылық кеңес құжаттар келіп түскен күннен бастап үш жұмыс күні ішінде кандидаттарды қамқоршылық кеңес отырысының өткізілу күні, уақыты және орны туралы хабардар етеді.

18. Қамқоршылық кеңес кандидатты хабардар еткен күннен кейін үш жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттарды зерделейді және бос лауазымға орналасуға кандидаттың қатысуымен отырыс өткізеді.

19. Қамқоршылық кеңестің отырысына кандидат мектепті дамытудың перспективалық жоспарын ұсынады.

20. Қамқоршылық кеңес отырыс қорытындылары бойынша білім беру ұйымдары басшыларының лауазымына кандидатуралар бойынша хаттамалық шешім шығарады. Қамқоршылық кеңес отырысының хаттамасы білім беруді басқару органына отырыс өткен күннен кейін келесі күні ұсынылады.

21. Егер қамқоршылық кеңесімен орта білім беру ұйымы басшысының лауазымына кандидаттар анықталмаған болса, онда білім беруді басқару органы конкурсты өтпеді деп таниды және конкурсты қайта өткізу туралы шешім шығарады.

22. Қамқоршылық кеңес кандидаттарды айқындаған жағдайда білім беру мекемесі ведомствосы және қарамағында болып табылатын білім беруді басқару органының комиссиясы облыстың білім басқармасына келісуге жолдайды.

Мамандандырылған мектептердің бос лауазымына үміткер кандидаттар үшін қосымша "Дарын" республикалық ғылыми-практикалық орталығымен, "Білім инновация" лицейлері басшысының бос лауазымына үміткер кандидаттар үшін "Білім-инновация" халықаралық қоғамдық қорымен келісу талап етіледі.

23. Үшінші кезеңде кандидаттардың кәсіби құзыреттілігін бағалау үшін комиссия құрылады, құрамы облыстың білім басқармасының (республикалық маңызы бар қалаларды, астананы қоспағанда) бұйрығымен бекітіледі.

24. Комиссия құрамына білім беруді басқару органдарының, әдістемелік құрылымдардың, ата-аналар қоғамының, білім беру мәселелері бойынша қоғамдық бірлестіктердің өкілдері кіреді.

Комиссия өкілеттілігі осы қағидалардың 8, 9-тармақтарына сәйкес айқындалады.

25. Кандидаттар Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексін, Қазақстан Республикасының Бюджет кодексін, "Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы" Қазақстан Республикасының Кодексі, "Білім туралы" Қазақстан Республикасының Заңын, "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы" Қазақстан Республикасының Заңын, "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының Заңын, "Құқық бұзушылық профилактикасы туралы" Қазақстан Республикасының Заңын, "Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы" Қазақстан Республикасының Заңын, "Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы" Қазақстан Республикасының Заңын, сондай-ақ педагогика, психология негіздерін білуге арналған тестілеуден және әңгімелесуден өтеді.

Тестілеуден өту кезінде кандидатқа жоғарыда көрсетілген нормативтік құқықтық актілерді білуге арналған 120 сұрақ ұсынылады. Тестілеуден өту үшін шекті деңгей әр бағыт бойынша 50%-ды құрайды.

26. Мемлекеттік орта білім беру мекемелерінің басшыларының лауазымына орналастыруға арналған конкурс кезінде тестілеу мемлекеттік орта білім беру мекемелері басшыларының лауазымына кандидаттардың кәсіби құзыреттілік деңгейін анықтау үшін өткізіледі.

27. Тестілеу электрондық форматта өткізіледі.

28. Тестілеуді облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармалары өткізеді.

29. Облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармалары тестілеу өткізетін орынды және ұйымды, тестілеу өту мерзімін, уақытын анықтайды және кандидаттарды хабардар етеді.

Тестілеуді ұйымдастыруға және өткізуге облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармаларының бірінші басшысы жауапты болады.

Тестілеу өткізілетін орын бейне-аудио бақылау камераларымен жабдықталады.

Тестілеу өткізу үшін автоматтандырылған бағдарламалық қамтамасыз ету ақпараттық қауіпсіздік жүйе аттестаттаудан өткен болуы қажет.

30. Мемлекеттік орта білім беру мекемелерінің басшылары лауазымына орналасуға кандидаттар тестілеуден конкурстың хабарландыруынан тәуелсіз кез келген уақытта алдын ала өте алады. Бұл ретте тестілеу нәтижесі күнтізбелік бір жыл ішінде және тест тапсырған өңірдің аумағында жарамды болып табылады.

31. Мемлекеттік орта білім беру мекемелерінің басшылары лауазымына конкурсқа түсетін кандидаттар тестілеуден өту үшін өтініштерін білім беруді басқару органының жанынан құрылған конкурстық комиссия төрағасының атына береді, мемлекеттік орта білім беру мекемелерінің басшылары лауазымына конкурстан тыс кандидаттар тестілеуден өту үшін өтініштерін облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармаларына қағидаға 1-қосымшаға сәйкес үлгіде өтініш береді.

32. Тестілеуді тапсыруға берілген уақыт аяқталғанда, бағдарламалық қамтамасыз ету автоматты түрде жабылады.

33. Тестілеудің дұрыс жауаптар кодтары қалыптастырылады.

34. Тестілеуден өту кезінде кандидатқа 120 сұрақ ұсынылады:

25-тармақта көрсетілген нормативтік құқықтық актілерді білуге арналған - 100 сұрақ;

педагогика және психология негіздері бойынша - 20 сұрақ.

35. Облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармалары конкурс хабарламасы аясында тестілеуге қатысқан немесе конкурс хабарламасынан тыс алдын ала тестілеуге қатысатын мемлекеттік орта білім беру мекемелері басшыларының лауазымына кандидаттар тізімін осы қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қалыптастырады.

36. Кандидаттар тестілеу пунктіне тізім бойынша жеке басын куәландыратын құжат негізінде бір-бірден кіргізіледі.

37. Жауапты тұлға тестілеу басталмас бұрын кандидаттарға кандидаттардың тестілеу барысындағы тәртібі қағидаларымен таныстырады.

38. Тестілеу өткізу барысында кандидатқа аудиториядан жауапты тұлғаның алып жүруінсіз шығуға, сөйлесуге, бір орыннан екінші орынға ауысып отыруға, шпаргалкаларды, оқулықтар мен әдістемелік әдебиеттерді, калькуляторды, фотоаппаратты, ұялы байланыс құралдарын аудиторияға алып кіруге және қолдануға рұқсат етілмейді.

39. Тестілеу аяқталғаннан кейін бағдарламалық қамтамасыз етуде кандидаттардың тест нәтижелері – мемлекеттік орта білім беру мекемелерінің басшылары лауазымына тағайындау конкурсына/конкурстан тыс тестілеуден өткендігі туралы анықтама осы қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес беріледі.

40. Тестілеуден өткендігі туралы анықтама облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармаларының мөрімен расталады және өңір аумағында бір жыл ішінде жарамды болып есептеледі.

41. Шекті деңгейді жинаған кандидаттар комиссияның шешімімен облыстың білім беруді басқару органы жанындағы комиссия отырысына әңгімелесуге жіберіледі.

42. Шекті деңгейді жинамаған кандидаттар комиссияның шешімімен облыстың білім беруді басқару органы жанындағы комиссия отырысына әңгімелесуге жіберілмейді. Бұл ретте шекті деңгейді жинамаған кандидаттар тест тапсырған күннен бастап 1 ай мерзім өткеннен кейін қайта тестілеуден өтеді.

43. Әңгімелесу өткізу үшін әрбір кандидатқа осы қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес мемлекеттік орта білім беру мекемелерінің басшылары лауазымына кандидаттың бағалау парағы толтырылады және осы қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес мемлекеттік орта білім беру мекемелерінің басшылары лауазымына кандидатпен әңгімелесу үшін тақырыптық бағыт беріледі.

44. Төртінші кезеңде әңгімелесу өткізу үшін осы қағидалардың 5, 6, 7, 8 және 9-тармақтарына сәйкес комиссия құрылады.

45. Комиссия Қазақстан Республикасының заңнамасын, бала және жасөспірімдер жасының психологиясын, ұжымдағы басқару және іскер өзара іс-қимыл психологиясын, кадрлық менеджмент және қызмет этикасы мәселелері бойынша теориялық білім деңгейін айқындау, сондай-ақ кандидаттың педагогикалық жетістіктерін, кәсіби және жеке қасиеттерін, ұйымдастырушылық қабілеттерін, болжанатын лауазым қызметінің перспективасын айқындауға қатысты ақпаратты нақтылау, болжанатын лауазым перспективасын айқындау мақсатында білім беру мекемесі ведомствосы және қарамағында болып табылатын білім беруді басқару органының комиссиясы конкурстың 1, 2, 3 - кезеңдерінің нәтижелерін ескере отырып әңгімелесу өткізеді. Комиссия әңгімелесу өткізу тәртібін өз бетінше анықтайды.

46. Конкурстың барлық кезеңдері аяқталғаннан кейін комиссия үш жұмыс күні ішінде бір үміткерді айқындайды және оның кандидатурасын лауазымға бекіту үшін конкурс жариялаған білім беруді басқару органының білім басқармасының басшысына ұсынады. Комиссия шешімі ашық, басым дауыспен қабылданады. Комиссия хатшысы дауыс беруге қатыспайды. Дауыс тең болған

жағдайда төрағаның даусы шешуші болып табылады. Ұсыныс қорытынды дауыс беру хаттамасымен қоса берілуі тиіс.

47. Конкурстан өтпеген кандидаттарды білім беруді басқару органы үш жұмыс күні ішінде конкурс қорытындысы туралы жазбаша хабардар етеді.

48. Конкурс қатысушыларының конкурс нәтижелеріне заңнамада белгіленген тәртіппен шағымдануына мүмкіндігі бар.

49. Конкурс жариялаған білім беруді басқару органының басшысы үш жұмыс күні ішінде оң нәтиже алған конкурс қатысушысымен төрт жыл мерзімге шарт жасасады және жұмысқа қабылдау туралы бұйрық шығарады.

Осы білім беру ұйымындағы жұмысы кезінде жоғары көрсеткіштерге жеткен мемлекеттік орта білім беру мекемелерінің басшылары лауазымда болу мерзімі өткеннен кейін келесі конкурсқа қатысқанда осы қағидаларда белгіленген барлық рәсімдерден өткеннен кейін оның басым құқыққа ие болатынын комиссия шешім қабылдау кезінде ескереді.

50. Конкурстан өтпеген кандидаттардың құжаттары конкурсты өткізген білім беруді басқару органының архивіне беріледі және бес жыл бойы сақталады.

51. Екінші, үшінші, төртінші кезеңдер аудио немесе бейнежазбамен қамтамасыз етіледі. Аудио-бейнежазбалар архивте 1 жыл сақталады.

	Мемлекеттік орта білім беру мекемелерінің басшыларын конкурстық тағайындау қағидаларына 1-қосымша
--	---

(Комиссия төрағасының аты-жөні)

(конкурстан тыс тестілеуден өтетіндер үшін білім басқармасы басшысының аты-жөні)

Өтініш

(конкурсқа қатысатын/конкурстан тыс кандидаттың Т.А.Ә. (болған жағдайда),

жеке басын куәландыратын құжатқа сәйкес толтырылады)

ЖСН

Байланыс телефон нөмірі _____

" _____ " _____ 20__ жыл

(қолы)

	Мемлекеттік орта білім беру мекемелерінің басшыларын конкурстық тағайындау қағидаларына 2-қосымша
--	---

Жарияланған конкурс шеңберінде немесе конкурс жарияланбастан алдын ала тестілеуге қатысқан мемлекеттік орта білім беру мекемелерінің басшылары лауазымына кандидаттар тізімі

№	ТАӘ (толық)*	ЖСН*	конкурста/ конкурстан тыс

* Ескерту: Кандидаттың тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), ЖСН жеке басын куәландыратын құжатқа сәйкес толтырылады.

Мөр орны

	Мемлекеттік орта білім беру мекемелерінің басшыларын конкурстық тағайындау қағидаларына 3-қосымша
--	---

Мемлекеттік орта білім беру мекемелерінің басшылары лауазымына тағайындау конкурсына/ конкурстан тыс қатысушылардың тестілеуден өткендігі туралы анықтама

Аттестатталушының Т.А.Ә. (тегі бар болған жағдайда)

_____ қ. мемлекеттік орта білім беру мекемелерінің басшысы лауазымына

тағайындау конкурсына қатысушылардың тестілеуден өткендігін растайды.

_____ конкурста / конкурстан тыс

НҚА атауы	Тестік тапсырмалар саны	Шекті балдар саны%	Жинаған балдар саны
1. Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексін, Қазақстан Республикасының Бюджет кодексін, "Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы" Қазақстан Республикасының Кодексін, "Білім туралы" Қазақстан Республикасының Заңын, "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы" Қазақстан Республикасының Заңын, "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының Заңын, "Құқық бұзушылық профилактикасы туралы" Қазақстан Республикасының Заңын, "Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы" Қазақстан	100 сұрақ	50%	

Республикасының Заңын, "Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы" Қазақстан Республикасының Заңын білуге тестілеу			
2. Педагогика және психология негіздерін білуге тестілеу	20 сұрақ	50%	
Барлығы	120 сұрақ		

Комиссия төрағасы: _____

(Т.А.Ә., қолы)

Конкурстан тыс қатысушылар үшін кадр қызметінің маманы:

(Т.А.Ә., қолы)

Мөр орны

	Мемлекеттік орта білім беру мекемелерінің басшыларын конкурстық тағайындау қағидаларына 4-қосымша
--	---

Мемлекеттік орта білім беру мекемелерінің басшылары лауазымына кандидаттың бағалау парағы (тегі, аты, әкесінің аты)

№	Өлшемшарттар	Балл (1-ден 10-ға дейін)	саны
1	Қазақстан Республикасы заңнамасы бойынша теориялық білім деңгейі		
2	Білім берудегі менеджменттің негізгі қағидаттарын білу		
3	Кандидаттың жеке кәсіби қасиеттері		
4	Қазіргі білім беру міндеттерін іске асыру жөніндегі идеялардың бірегейлігі мен негізділігі		
5	Білім беру ұйымдарын табысты дамыту бойынша практикалық көзқарас		
6	Жағдаяттық тапсырмаларды ұтқыр, икемді шеше білу		
7	Белсенді, жағымды педагогикалық ортаны құра білу		
8	Білім беру ұйымдарын		

	басқаруда шығармашылық әлеуетті пайдалану	
9	Педагогикалық әдеп және сөйлеу мәдениеті	
Қорытынды:		

Ескерту: Мемлекеттік орта білім беру мекемелерінің басшылары лауазымына кандидаттың өлшемшарттары 10 балдық шәкіл бойынша комиссия мүшелерімен бағаланады:

0-3 – жеткіліксіз деңгей;

4-7 – жеткілікті деңгей;

7-10 – өте жақсы деңгей.

	Мемлекеттік орта білім беру мекемелерінің басшыларын конкурстық тағайындау қағидаларына 5-қосымша
--	---

Мемлекеттік орта білім беру мекемелерінің басшылары лауазымына кандидатпен әңгімелесу үшін тақырыптық бағыттар

(тегі, аты, әкесінің аты)

1. Қазақстан Республикасы білім беру жүйесінің негізгі нормативтік құқықтық құжаттары.

2. Білім беру менеджментінің заманауи әдістері.

3. Білім беру саласындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттары.

4. Мектепті басқарудағы инновациялар.

5. Табысты мектеп, табысты директор, табысты оқушы, табысты мұғалім өлшемшарттары.

6. Қазақстан біліміндегі халықаралық зерттеулердің рөлі.

7. Білім беру ұйымдарындағы ғылыми-әдістемелік жұмыстарды ұйымдастыру жүйесі.

8. Жаңартылған білім беру мазмұнын енгізу ерекшелігі.

9. Үш тілді білім беруге көшу мәселелері

10. Қамқоршылық кеңеспен әкімшіліктің өзара іс-қимыл жасау жүйесі.

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғаларды және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы
Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 29 маусымдағы № 316 бұйрығы

БҰЙЫРАМЫН:

1. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғаларды және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 [бұйрығына](#) (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13317 болып тіркелген, «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2016 жылғы 11 наурызда жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

Көрсетілген бұйрықпен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғаларды және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу [қағидалары мен шарттарында](#):

[2-тармақ](#) мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғаларды аттестаттаудан өткізу үшін тиісті деңгейдегі аттестаттау комиссиялары: білім беру ұйымдарында, аудандық (қалалық) білім бөлімдерінде, облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармаларында, білім беру саласындағы уәкілетті органда (республикалық ведомстволық бағынысты ұйымдар үшін) тиісті саланың уәкілетті органдарында құрылады.

Аттестаттау комиссиясының құрамы білім беру ұйымы, білім бөлімінің қалалық/аудандық, білім басқармасы, мемлекеттік орган басшысының бұйрығымен бекітіледі.»;

[8-тармақ](#) мынадай редакцияда жазылсын:

«8. Аттестатталушы адамдардың тізімдік құрамы білім беру ұйымының алқалық органының шешімімен жыл сайын 10 маусымға дейін бекітіледі және

аудандық (қалалық) білім бөлімдеріне, облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармаларына, білім беру саласындағы уәкілетті органға (республикалық ведомстволық бағынысты ұйымдар үшін) ұсынылады.»;

12-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«12. Біліктілік тестілеуін жыл сайын 15 қазан мен 15 желтоқсан аралығында облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармалары, білім беру саласындағы уәкілетті орган, қарамағында білім беру ұйымдары бар салалық мемлекеттік органдар бекіткен кестеге сәйкес білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындайтын ұйым өткізеді.»;

21-тармақтың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«3) облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалалары білім басқармаларының аттестаттау комиссиясы сараптамалық кеңестің қорытындысы негізінде педагогтерге жоғары біліктілік санатын береді (растайды).»;

25-тармақтың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«4) «педагог-зерттеуші» біліктілік санатына:

келесі кәсіби біліктіліктерге сәйкес келетін педагогикалық өтілі кемінде 4 жыл, мамандығы бойынша жоғары педагогикалық және кәсіптік немесе техникалық және кәсіптік білімі бар тұлғалар: «педагог-сарапшы» біліктілік санатына қойылатын жалпы талаптарға жауап береді, сонымен қатар сабақты зерттеу дағдыларын және бағалау құралдарын әзірлей біледі, білім алушылардың зерттеушілік дағдыларын дамытуды қамтамасыз ету, тәлімгерлікті жүзеге асыру және аудан, қала деңгейінде педагогикалық қауымдастықта даму стратегиясын сындарлы түрде айқындайды, өз тәжірибесін облыс/Астана, Алматы және Шымкент қалалары деңгейінде жинақтайды, облыстық/ Астана, Алматы және Шымкент қалалары деңгейінде олимпиадаларға, конкурстарға, жарыстарға қатысушылары бар;»;

26-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) «педагог-сарапшы» біліктілік санатына:

аудандық/қалалық деңгейдегі пәндік олимпиадалардың, шығармашылық, кәсіби жарыстардың, спорттық жарыстардың жеңімпаздарын дайындаған тұлғалар;

кәсіби жарыстардың, аудандық/қалалық деңгейдегі педагогикалық олимпиадалардың жеңімпаздары, болып табылатын тұлғалар;

облыс (Астана, Алматы және Шымкент қалалары) деңгейінде өздерінің педагогикалық тәжірибелерін қорытындылаған тұлғалар;

Болашақ» бағдарламасының түлегі болып табылатын тұлғалар;

ғылым кандидаты/докторы дәрежесі бар тұлғалар;

ағылшын тілін B2 деңгейінен (CEFR шкаласы бойынша) төмен емес деңгейде меңгерген, пәндерді ағылшын тілінде оқытатын тұлғалар;

білім беру ұйымына жоғары оқу орнынан педагогикалық қызметке ауысқан және кемінде екі жыл жұмыс өтілі бар адамдар;

бейіндік пән бойынша халықаралық спорт шебері болып табылатын адамдар.»;

37-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«37. Аттестатталушы адамдардың деректер базасын қалыптастыру үшін әзірленген БҚ аудандық (қалалық) бөлімдерге, облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармаларына, республикалық білім беру ұйымдары үшін - білім беру саласындағы уәкілетті органға жолданады.»;

56-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«56.Тестілеу нәтижесі:

«Оқу пәнінің мазмұны» бағыты бойынша:

«педагог-модератор» - 50%;

«педагог-сарапшы» - 60%;

«педагог-зерттеуші» - 70%;

«педагог-шебер» - 80%;

«Педагогика, оқыту әдістемесі» бағыты бойынша:

«педагог-модератор» - 30%;

«педагог-сарапшы» - 30%;

«педагог-зерттеуші» - 30%;

«педагог-шебер» - 30% балл жинаған жағдайда, оң болып есептеледі.»;

61-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«61. Республикалық апелляциялық комиссияның төрағасы және құрамы білім беру саласындағы уәкілетті органның бұйрығымен бекітіледі. Тестілеуді өткізу пунктіндегі апелляциялық комиссияның төрағасы және құрамы облыстың (Астана, Алматы және Шымкент қалалары) білім беруді басқару органының бұйрығымен бекітіледі.»;

77-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«77. Мәлімдеген біліктілік санатына сәйкестігін белгілеу үшін аттестатталушы адамдар 10 жұмыс күні ішінде тиісті деңгейдегі аттестаттау комиссиясына:

1) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін;

2) білімі туралы дипломның немесе атқаратын лауазымы бойынша тиісті біліктілік берілген қайта даярлау туралы құжаттың көшірмесін;

3) бар болған жағдайда біліктілік санаты туралы куәліктің көшірмесін;

4) ұлттық біліктілік тестілеуден өткендігі туралы анықтаманы;

5) оқу жетістіктерін сыртқы бағалау және/немесе ағымдағы және/немесе қорытынды аттестаттау нәтижелерін қамтитын аттестаттау кезеңі үшін білім алушылардың білім сапасының мониторингін;

6) бар болған жағдайда білім алушылардың жетістіктерін растайтын құжаттардың көшірмелерін немесе тәжірибесін жалпылауды растайтын құжаттардың көшірмелерін;

7) осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сабақтарды (кемінде 3) бақылау парағын;

8) аттестатталушы адамдардың жетістіктерін растайтын құжаттардың (бар болған жағдайда) көшірмесін;

9) біліктілікті арттыру курсынан өткендігі туралы құжаттың көшірмесін қамтитын портфолионы ұсынады.»;

79-тармақтың үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Сараптамалық кеңес «педагог-шебер» біліктілік санатын беруге портфолионы қарау және бағалау үшін облыстардың (Астана, Алматы және Шымкент қалаларының) білім беруді басқару органдары деңгейінде құрамында «Атамекен» ҚР ҰКП, әдістемелік кабинеттердің, біліктілік арттыру институттарының, қоғамдық ұйымдардың, кәсіподақтың, жұмыс берушілердің, қамқоршылық кеңестің өкілдері, облыстың тәжірибелі педагог қызметкерлері, сонымен қатар «Назарбаев Зияткерлік мектебі» ДБҰ өкілдері енгізіле отырылып құрылады және облыстың (Астана, Алматы және Шымкент қалаларының) білім беруді басқару органы басшысының бұйрығымен бекітіледі.»;

80-тармақтың үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Сараптамалық кеңес «педагог-шебер» біліктілік санатын беруге портфолионы қарау және бағалау үшін облыстардың (Астана, Алматы және Шымкент қалаларының) білім беруді басқару органдары деңгейінде құрамында «Атамекен» ҚР ҰКП, әдістемелік кабинеттердің, біліктілік арттыру институттарының, қоғамдық ұйымдардың, кәсіподақтың, жұмыс берушілердің, қамқоршылық кеңестің өкілдері, облыстың тәжірибелі педагог қызметкерлері, сонымен қатар «Назарбаев Зияткерлік мектебі» ДБҰ өкілдері енгізіле отырылып құрылады және облыстың (Астана, Алматы және Шымкент қалаларының) білім беруді басқару органы басшысының бұйрығымен бекітіледі.»;

мынадай редакциядағы 87-1-тармақпен толықтырылсын:

«87-1. «Педагог-модератор», «педагог-сарапшы», «педагог-зерттеуші», «педагог-шебер» біліктілік санаттары берілген педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың:

«педагог-модератор» - «екінші санатты мұғалім»;

«педагог-сарапшы» - «бірінші санатты мұғалім»;

«педагог-зерттеуші» және «педагог-шебер» - «жоғары санатты мұғалім» біліктілік лауазымдары сақталады.»;

мынадай редакциядағы 94-1-тармақпен толықтырылсын:

«94-1. «Өзін-өзі тану» пәнінен сабақ берген кезде педагог қызметкердің біліктілік санаты бұрынғы сабақ беріп жүрген пәні бойынша біліктілік санатына теңестіріледі және оның мерзімі аяқталғанға дейін сақталады.

Психологиялық, диагностикалық (ерекше білім алуға қажеттілігі бар білім алушыларды анықтауға қатысты), коррекциялық, әлеуметтік-педагогикалық қызметтерді жүзеге асыратын педагог қызметкерлерге дипломда көрсетілген мамандығына сәйкес немесе қайта даярлау курсынан өтуі ескеріле отырып «педагог-модератор», «педагог-сарапшы», «педагог-зерттеуші», «педагог-шебер» біліктілік санаттары беріледі.».

1, 3, 13 - қосымшалар осы бұйрықтың 1, 2, 3 - қосымшаларына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Мектепке дейінгі және орта білім департаменті (Ш.Т. Каринова) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік [тіркелуін](#);

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін қағаз және электронды түрде қазақ және орыс тілдерінде ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Заң қызметі және халықаралық ынтымақтастық департаментіне осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі А.Қ. Аймағамбетовке жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми [жарияланған](#) күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым министрі**

Е. Сағадиев

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2018 жылғы 29 маусымдағы
№ 319 [бұйрығына](#) 1-қосымша

Мектепке дейінгі тәрбие мен
оқытуды, бастауыш, негізгі орта
және жалпы орта білімнің
жалпы білім беретін оқу
бағдарламаларын, техникалық
және кәсіптік, орта білімнен
кейінгі, қосымша білімнің білім
беру бағдарламаларын және
арнайы оқу бағдарламаларын
іске асыратын білім беру
ұйымдарында жұмыс істейтін
педагог қызметкерлер мен
оларға теңестірілген тұлғаларды
және білім және ғылым
саласындағы басқа да азаматтық
қызметшілерді аттестаттаудан

Нысан

(білім беру ұйымының атауы, облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармалары, аудандық (қалалық) білім бөлімдері

(уәкілетті орган)

Өтініш

Мен,

ЖСН,

(аттестатталушы адамның Т.А.Ә. (әкесінің аты болғанда)

(лауазымы, жұмыс орны)

Мені 20 _____ жылы _____

біліктілік санатына аттестаттауды сұраймын.

Қазіргі уақытта _____ біліктілік санатындамын, ол _____ жылғы _____ (күн) (айға) дейін жарамды. Келесі жұмыс нәтижелерін негізге аламын:

Өзім туралы мынадай мәліметті хабарлаймын:

Білімі:

Оқу орнының атауы	Оқу кезеңі	Білімі туралы дипломда немесе атқаратын лауазымы бойынша тиісті біліктілік бере отырып, қайта даярлаудан өткені туралы құжатта көрсетілген мамандығы (біліктілігі)

Жұмыс өтілі:

Жалпы	Білімі туралы дипломда немесе атқаратын лауазымы бойынша тиісті біліктілік бере отырып, қайта даярлаудан өткені туралы құжатта көрсетілген мамандығы (біліктілігі) бойынша	Педагогикалық	Осы білім беру ұйымында

Наградалар, атағы, ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы алынған (берілген) жылын көрсете отырып

— Аттестатталушы адам жұмыс істейтін білім беру ұйымы (керектісінің астын сызыңыз):

мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, қосымша білім Аттестаттаудан өткізу қағидаларымен таныстым.

« ____ » _____ 20 ____ жыл _____ (қолы)

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2018 жылғы 29 маусымдағы
№ 319 [бұйрығына](#) 2-қосымша

Мектепке дейінгі тәрбие мен
оқытуды, бастауыш, негізгі орта
және жалпы орта білімнің
жалпы білім беретін оқу
бағдарламаларын, техникалық
және кәсіптік, орта білімнен
кейінгі, қосымша білімнің білім
беру бағдарламаларын және
арнайы оқу бағдарламаларын
іске асыратын білім беру
ұйымдарында жұмыс істейтін
педагог қызметкерлер мен
оларға теңестірілген тұлғаларды
және білім және ғылым
саласындағы басқа да азаматтық
қызметшілерді аттестаттаудан
өткізу қағидалары мен
шарттарына 3-қосымша

Нысан

(білім беру ұйымының атауы, облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармалары, аудандық (қалалық) білім бөлімдері, уәкілетті орган)

Өтініш

Мен, _____, ЖСН _____,
(аттестатталушының Т.А.Ә. (әкесінің аты бар болғанда)

_____ (лауазымы, жұмыс орны)

мені 20__ жылы _____ біліктілік санатына ұлттық біліктілік тестілеуге (біліктілік тестілеу) қатысуға жіберуді сұраймын.

Қазіргі уақытта _____ біліктілік санатындамын, ол _____ жылғы _____ (күн) _____ (айға) дейін жарамды.

Келесі жұмыс нәтижелерін негізге аламын:

Өзім туралы мынадай мәліметті хабарлаймын:

Білімі:

Оқу орнының атауы	Оқу кезеңі	Білімі туралы дипломда немесе атқаратын лауазымы бойынша тиісті біліктілік бере отырып, қайта даярлаудан өткені туралы құжатта көрсетілген мамандығы (біліктілігі)

Жұмыс өтілі:

Жалпы	Білімі туралы дипломда немесе атқаратын лауазымы бойынша тиісті біліктілік бере отырып, қайта даярлаудан өткені туралы құжатта көрсетілген мамандығы (біліктілігі) бойынша	Педагогикалық	Осы білім беру ұйымында

Наградалар, атағы, ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы алынған (берілген) жылын

көрсете отырып _____

Тестілеуді тапсыру тілі (керектісінің астын сызыңыз): қазақ/орыс

Аттестатталушы адам жұмыс істейтін білім беру ұйымы (керектісінің астын сызыңыз):

мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, қосымша білім

«Оқу пәнінің мазмұны»/ «Қызмет бағыты бойынша» блогы бойынша пән (пән):

Аттестаттаудан өткізу қағидаларымен таныстым.

20__ жылғы «__» _____ (қолы)

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2018 жылғы 29 маусымдағы
№ 319 бұйрығына 3-қосымша

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғаларды және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарына 13-қосымша

Нысан

**Аттестатталушы адамға біліктілік санатын беруге (растауға)
портфолиосын бағалау өлшем
шарттары**

Бағалау өлшемшарттар ы	Біліктілік санаты			
	Педагог-модератор	Педагог-сарапшы	Педагог-зерттеуші	Педагог-мастер
Білім алушылардың білім сапасы	білім сапасының 5%-ға өсу қарқыны	білім сапасының 10%-ға өсу қарқыны	білім сапасының 15%-ға өсу қарқыны	білім сапасының 20%-ға өсу қарқыны
Оқыту сапасы	Білім беру ұйымының сараптамалық кеңесінің ұсынымдары бар	Білім басқармасы (аудан/қала) органының сараптамалық кеңесінің	Білім басқармасы (облыс/Астана, Алматы және Шымкент қалалары)	«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДБҰ ұсынымдары бар

	сабақтарды бақылау парақтары (3-тен кем емес)	ұсынымдары бар сабақтарды бақылау парақтары (3-тен кем емес)	органы сараптамалық кеңесінің ұсынымдары бар сабақтарды бақылау парақтары (3-тен кем емес)	сабақтарды бақылау парақтары (3-тен кем емес)
Білім алушылардың жетістіктері немесе қызмет қорытындыларын жинақтау	Білім беру ұйымының деңгейі	аудан/қала деңгейі	Облыс/қалалардың деңгейі Астана, Алматы және Шымкент қалалары	Республикалық деңгей (өз авторлық бағдарламасын іске асыру негізінде)
Педагогтың кәсіби жетістіктері (болған кезде)	Кәсіби конкурстарға, олимпиадаларға және өзге де іс-шараларға қатысу			

¹Конференцияларда, симпозиумдерде сөз сөйлеу, әдістемелік материалдарды әзірлеу, семинарлар, мастер кластар өткізу

Орта білім беру ұйымдарында 2018 - 2019 оқу жылының басталуын, ұзақтығын және каникул кезеңдерін айқындау туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің **2018 жылғы 5 шілдедегі № 322** бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 27 шілдеде № 17240 болып тіркелді

"Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 14) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан орта білім беру ұйымдарында 2018 - 2019 оқу жылының басталуы, ұзақтығы және каникулы кезеңдерінің мынадай мерзімдері айқындалсын:

1) 2018 - 2019 оқу жылының басталуы - 2018 жылғы 1 қыркүйек;

2) оқу жылының ұзақтығы мектепалды дайындық сыныптарында – 32 оқу аптасы, 1- сыныптарда – 33 оқу аптасы, 2-11 (12)- сыныптарда – 34 оқу аптасы. Мейрам күндеріне түскен сабақтар оқу бағдарламасы мазмұнының кіріктірілуі ескеріле отырып, қайталауға арналған сағаттар есебінен келесі жұмыс күндеріне ауыстырылады.

3) оқу жылы барысындағы каникул кезеңдері:

1-11 (12) – сыныптарда: күзгі каникул – 7 күн (2018 жылғы 29 қазан - 4 қарашаны қоса алғанда), қысқы – 10 күн (2018 жылғы 31 желтоқсан – 2019 жылғы 9 қаңтарды қоса алғанда), көктемгі – 13 күн (2019 жылғы 21 наурыз – 2 сәуірді қоса алғанда);

мектепалды даярлық сыныптарында: күзгі каникул – 7 күн (2018 жылғы 29 қазан - 4 қарашаны қоса алғанда), қысқы – 14 күн (2018 жылғы 27 желтоқсан – 2019 жылғы 9 қаңтарды қоса алғанда), көктемгі – 15 күн (2019 жылғы 21 наурыз - 4 сәуірді қоса алғанда);

мектепалды даярлық сыныптары мен 1-сыныптарда: 7 күн мерзімде (2019 жылғы 4-10 ақпанды қоса алғанда) қосымша каникул белгіленеді.

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Мектепке дейінгі және орта білім департаменті (Ш.Т. Каринова) Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін баспа және электронды түрде қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

3) ресми жарияланғаннан кейін осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Заң қызметі және халықаралық ынтымақтастық департаментіне осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі А.Қ. Аймағамбетовке жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

<i>Қазақстан</i>	<i>Республикасы</i>	<i>Е. Сағадиев</i>
<i>Білім және ғылым министрі</i>		

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" ШЖҚ РМК

"Оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендерінің, құралдарының және басқа да қосымша әдебиеттердің, оның ішінде электрондық жеткізгіштегілерінің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі міндетін атқарушысының 2013 жылғы 27 қыркүйектегі № 400 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің **2018 жылғы 24 шілдедегі № 372 бұйрығы.** Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 3 тамызда № 17268 болып тіркелді.

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендерінің, құралдарының және басқа да қосымша әдебиеттердің, оның ішінде электрондық жеткізгіштегілерінің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушысының 2013 жылғы 27 қыркүйектегі № 400 бұйрығына (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8890 болып тіркелген, "Егемен Қазақстан" газетінің 2013 жылғы 28 қарашадағы № 263 (28202) санында жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "1-11-сыныптарға арналған оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендер тізбесі" деген 1-қосымшада:

"Қазақ тілінде оқыту" деген бөлім:

"6-сынып" деген кіші бөлім:

мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 69-жолмен толықтырылсын:

"

69.	Музыка. Оқулық	А. Мұсақожаева, Ә. Сабырова, М. Әбуғазы, Г. Ғизатова	2018	Қазақ энциклопедиясы
				";

"Орыс тілінде оқыту" деген бөлім:

"6-сынып" деген кіші бөлім:

мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 52-жолмен толықтырылсын:

"

52.	Музыка. Учебник.	Мусаходжаева А., Сабырова А., Абугазы М., Гизатова Г.	2018	Қазақ энциклопедиясы
				";

"8-сынып" деген кіші бөлім:

мынадай мазмұндағы реттік нөмірлері 85-88-жолдармен толықтырылсын:

"

85.	Информатика.	Е.	Шаниев,	2017	Астана-
-----	--------------	----	---------	------	---------

	(Informatics) Қостілді оқулық)	И. Гесен, Н. Айдарбаев, Н. Ахметов, Э. Ержанов		кітап
86.	Физика. (Physics) Қостілді оқулық	А. Карабатыров, А. Байешов, Е. Дуйсеев, Н. Шокобалинов, Н. Ташев	2017	Астана- кітап
87.	Биология. (Biology) Қостілді оқулық	Б. Эрметов, А. Сагинтаев, К. Байрам, А. Ахметова, Л. Нуралиева, А. Джилкайдарова, Н. Кәрімова	2017	Астана- кітап
88.	Химия. (Chemistry) Қостілді оқулық	Д. Калиев, А. Ордабаев, Н. Жұмағұлов, А. Саматов, А. Тор	2017	Астана- кітап
";				

"8-сынып оқыту қазақ және орыс тілдеріндегі мектептер үшін" деген бөлім: мынадай мазмұндағы реттік нөмірлері 9-12-жолдармен толықтырылсын:

9.	Информатика. Оқулық (Informatics. Textbook)	Е. Шаниев, И. Гесен, Н. Айдарбаев, Н. Ахметов, Э. Ержанов (Ү. Shaniyev, I. Gesen, N. Aidarbayev, N. Akhmetov, E. Yerzhanov)	2017	Астана- кітап
10.	Физика. Оқулық (Physics. Textbook)	А. Карабатыров, А. Байешов, Е. Дуйсеев, Н. Шокобалинов, Н. Ташев	2017	Астана- кітап

		(A. Karabatyrov, A. Baieshov, Y. Duisheyev, N. Shokobalynov, N. Tashev)		
11.	Биология. Оқулық (Biology. Textbook)	Б. Эрметов, А. Сагінтаев, К. Байрам, А. Ахметова, Л. Нуралиева, А. Джилкайдарова, Н. Кәрімова (B. Ermetov, A. Sagintayev, K. Bayram, A. Akhmetova, L. Nuraliyeva, A. Jilkaidarova, N. Karimova)	2017	Астана- кітап
12.	Химия. Оқулық (Chemistry. Textbook)	Д. Калиев, А. Ордабаев, Н. Жұмағұлов, А. Саматов, А. Тор (D. Kaliyev, A. Ordabayev, N. Zhumagulov, A. Samatov, A. Tor)	2017	Астана- кітап
";				

"Қазақ тілінде оқыту" деген бөлім:

"9-сынып" деген кіші бөлім:

мынадай мазмұндағы реттік нөмірлері 114-117-жолдармен толықтырылсын:

114.	Информатика. (Informatics) Қостілді оқулық	Э. Ержанов, И. Гесен, Н. Айдарбаев, Н. Ахметов, Е. Шаниев	2018	Астана- кітап
115.	Физика. (Physics) Қостілді оқулық	Н. Ташев, Н. Шокобалинов, Е. Дуйсеев, А.	2018	Астана- кітап

		Карабатыров, А. Байешов, А. Артыкбаев, К. Ауелбаева, Ш. Алтынбеков		
116.	Химия. (Chemistry) Қостілді оқулық	К. Байкенов, Т. Хасен, Н. Жұмағұлов, Д. Калиев, О. Юсупов, А. Саматов, А. Сел, А. Тор	2018	Астана- кітап
117.	Биология. (Biology) Қостілді оқулық	Н. Кәрімова, А. Сагинтаев, Б. Эрметов, К. Байрам, А. Ахметова, Л. Нуралиева, А. Джилкайдарова	2018	Астана- кітап
		";		

мынадай мазмұндағы "9-сынып оқыту қазақ және орыс тілдеріндегі мектептер үшін" деген бөліммен толықтырылсын:

"

1.	Информатика. Оқулық (Informatics Textbook)	Э. Ержанов, И. Гесен, Н. Айдарбаев, Н. Ахметов, Е. Шаниев (Е. Yerzhanov, I. Gesen, N. Aidarbayev, N. Akhmetov, Y. Shaniyev)	2018	Астана-кітап
2.	Физика. Оқулық (Physics Textbook)	Н. Ташев, Н. Шокобапинов, Е. Дуйсеев, А. Карабатыров, А. Байешов, А. Артыкбаев, К. Ауелбаева, Ш. Алтынбеков	2018	Астана-кітап

		(N. Tashev, N. Shokobalinov, Y. Duiseyev, A. Karabatyrov, A. Baieshov, A. Artykbayev, K. Auyelbayeva)		
3.	Биология. Оқулық (Biology Textbook)	Н. Кәрімова, А. Сагинтаев, Б. Эрметов, К. Байрам, А. Ахметова, Л. Нуралиева, А. Джилкайдарова (N. Karimova, A. Sagintayev, B. Ermetov, B. Kenci, A. Akhmetova, L. Nuraliyeva, A. Jilkaidarova)	2018	Астана-кітап
4.	Химия. Оқулық (Chemistry Textbook)	К. Байкенов, Т. Хасен, Н. Жұмағұлов, Д. Калиев, О. Юсупов, А. Саматов, А. Сел, А. Тор (К. Baikenov, T. Khassen, N. Zhumagulov, D. Kaliyev, O. Yussupov, A. Samatov, A. Sel, A. Tor)	2018	Астана-кітап
5.	Информатика. 9 сынып. Оқулық (IT. Grade 9. Student`s book)	П. М. Хизкоут, Г. Бурумкулова, А. Актаев (P.M. Heathcote, Burumkulova Gaukhar, Aktayev Askar)	2018	Экспресс Паблишинг (Express Publishing)

6.	Биология. 9 сынып. Оқулық. (Biology. Grade 9. Student`s book)	М. О' Калаган, П. Дойл, О. Моламфи, Г. Рейли, С. Тиернан, Ы. Шаяхметова, Е. Дякина (Michael O`Callaghan, Pat Doyle, Orla Molamphy, Ger Reilly, Dyakina Elena, Yntyk Shayakhmetova)	2018	Экспресс Паблишинг (Express Publishing)
	Биология. 9 сынып. Жұмыс дәптері (Biology. Grade 9. Student`s Portfolio)	М. О' Калаган, П. Дойл, О. Моламфи, Г. Рейли, С. Тиернан, Ы. Шаяхметова, Е. Дякина (Michael O`Callaghan, Pat Doyle, Orla Molamphy, Ger Reilly, Dyakina Elena, Yntyk Shayakhmetova)	2018	Экспресс Паблишинг (Express Publishing)
";				

"Орыс тілінде оқыту" деген бөлім:

"9-сынып" деген кіші бөлім:

мынадай мазмұндағы реттік нөмірлері 122-125-жолдармен толықтырылсын:

122.	Информатика. (Informatics) Билингвальный учебник	Ержанов Э., Гесен И., Айдарбаев Н., Ахметов Н., Шаниев Е.	2018	Астана- кітап
123.	Физика. (Physics) Билингвальный учебник	Ташев Н., Шокобапинов Н., Дуйсеев Е.,	2018	Астана- кітап

		Карабатыров А., Байешов А., Артыкбаев А., Ауелбаева К., Алтынбеков Ш.		
124.	Биология. (Biology) Билингвальный учебник	Каримова Н., Сагинтаев А., Эрметов Б., Байрам К., Ахметова А., Нуралиева Л., Джилкайдарова А.	2018	Астана-кітап
125.	Химия. (Chemistry) Билингвальный учебник	Байкенов К., Хасен Т., Жұмағұлов Н., Калиев Д., Юсупов О., Саматов А., Сел А., Тор А.	2018	Астана-кітап
		";		

"Ўйғыр тілінде оқыту" деген бөлім:

"3-сынып" деген кіші бөлім:

мынадай мазмұндағы реттік нөмірлері 10-20-жолдармен толықтырылсын:

"

10.	Математика. Оқулық+CD № 1, 2, 3, 4 бөлім (Математика. Дәріслик + CD. 1, 2, 3, 4 бөлүм)	А. Акпаева, Л. Лебедева, М. Мынжасарова, Т. Лихобабенко	2018	Алматыкітап
11.	Математика. Әдістемелік нұсқау. Электронды нұсқа. (Математика. Методикилик курал. Электронлук нусха)	А. Акпаева, Л. Лебедева, М. Мынжасарова, Т. Лихобабенко	2018	Алматыкітап
12.	Математика. № 1, 2, 3, 4 жұмыс дәптері (Математика.	А. Акпаева, Л. Лебедева, М.	2018	Алматыкітап

	Иш дәптири. 1, 2, 3, 4 бөлүм)	Мынжасарова		
13.	Жаратылыстану. Окулык (Тәбиәтшунаслик. Дәрислик)	С. Кучербаева, И. Темникова, Г. Ташенова	2018	Атамұра
14.	Дүниетану. Окулык (Дуниятонуш. Дәрислик)	Б. Турмашева, С. Салиш, В. Пугач	2018	Атамұра
15.	Музыка. Окулык (Музыка. Дәрислик)	Ш. Құлманова, Б. Сулейменова, Т. Токжанов, Ж. Махамбетова, Д. Шарипов	2018	Атамұра
16.	Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар. Окулык (Әхбаратлиқ коммуникациялик технологияләр. Дәрислик).	Г. Көпеева, Ү. Дилманова	2018	Арман –ПВ
17.	Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар. Жұмыс дәптері. (Әхбаратлиқ коммуникациялик технологияләр. Иш дәптири).	Г. Көпеева	2018	Арман –ПВ
18.	Өзін-өзі тану. Окулык (Өзини- өзи тонуш. Дәрислик)	Р. Ізғұттынова, Р. Мұратханова, Ә. Оралбекова	2018	Бөбек
19.	Өзін-өзі тану. Әдістемелік нұсқау.(Өзини-өзи тонуш. Методикилик қолланма)	Р. Ізғұттынова, Р. Мұратханова, Ә. Оралбекова	2018	Бөбек
20.	Өзін-өзі тану. Оқушы дәптері (Өзини-өзи тонуш. Оқуғучи дәптири)	Р. Ізғұттынова, Р. Мұратханова, Ә. Оралбекова	2018	Бөбек
		";		

"6-сынып" деген кіші бөлім:

мынадай мазмұндағы реттік нөмірлері 9-13-жолдармен толықтырылсын:

"

9.	Математика. Оқулық 1, 2 бөлім (Математика 1, 2 бөлім. Дәріслик)	А. Әбілқасимова, Т. Кучер, 3. Жумағұлова	2018	Мектеп
10.	Қазақстан тарихы. Оқулық (Қазақстан тарихы. Дәріслик)	Т. Омарбеков, Г. Хабижанова, Т. Қартаева, М. Ноғайбаева	2018	Мектеп
11.	Дүниежүзі тарихы. Оқулық (Дүния тарихы. Дәріслик)	Г. Көкебаева, Р. Мырзабекова, Е. Қартабаева	2018	Мектеп
12.	Өзін-өзі тану. Оқулық (Өзини-өзи тонуш. Дәріслик)	С. Нуркеева, Б. Әлиев, Е. Бакаш	2018	Бөбек
13.	Өзін-өзі тану. Әдістемелік нұсқау. (Өзини-өзи тонуш. Методикилик қолланма)	С. Нуркеева, Б. Әлиев, Е. Бакаш	2018	Бөбек
		";		

"8-сынып" деген кіші бөлім:

мынадай мазмұндағы реттік нөмірлері 8-23-жолдармен толықтырылсын:

"

8.	Биология. Оқулық (Биология. Дәріслик)	А. Соловьева, Б. Ибраимова	2018	Атамұра
9.	Ұйғыр тілі. Оқулық. (Уйғур тили. Дәріслик)	Р. Арзиев, Г. Дуганова, И. Имиров	2018	Мектеп
10.	Ұйғыр тілі. Әдістемелік нұсқау. (Уйғур тили. Методикилик қолланма)	Р. Арзиев, Г. Дуганова, И. Имиров	2018	Мектеп
11.	Ұйғыр әдебиеті. Оқулық. (Уйғур әдебияти. Дәріслик)	П. Мәхсәтова, Р. Мухәммәтова	2018	Мектеп
12.	Ұйғыр әдебиеті. Әдістемелік нұсқау. (Уйғур әдебияти. Методикилик қолланма)	П. Мәхсәтова, М. Савутова	2018	Мектеп

13.	Ұйғыр әдебиеті. Хрестоматия (Ұйғыр әдебиеті. Хрестоматия)	П. Мәхсәтова, Г. Тайирова	2018	Мектеп
14.	Алгебра. Оқулық (Алгебра. Дәрислик)	А. Әбілқасымова, Т. Кучер, З. Жумағұлова, В. Корчевский	2018	Мектеп
15.	Геометрия. Оқулық (Геометрия. Дәрислик)	В. Смирнов, Е. Туяқов	2018	Мектеп
16.	Физика. Оқулық (Физика. Дәрислик)	Б. Кронгарт, Ш. Насохова	2018	Мектеп
17.	Химия. Оқулық (Химия. Дәрислик)	М. Оспанова, К. Аухадиева, Т. Белоусова	2018	Мектеп
18.	География. Оқулық (География. Дәрислик)	С.Әбілмәжінова, К. Каймулдинова	2018	Мектеп
19.	Қазақстан тарихы. Оқулық (Қазақстан тарихы. Дәрислик)	Т. Омарбеков, Г. Хабижанова, Т. Қартаева, М. Ноғайбаева	2018	Мектеп
20.	Дүниежүзі тарихы. Оқулық (Дүние тарихы. Дәрислик)	Н. Алдабек, К. Мақашева, К. Байзақова	2018	Мектеп
21.	Өзін-өзі тану. Оқулық (Өзін-өзі тану. Оқулық. Дәрислик)	Р. Мұратханова Р. Ізғұттынова Б. Әлиев	2018	Бөбек
22.	Өзін-өзі тану. Әдістемелік нұсқау (Өзін-өзі тану. Методикалық қолланма)	Р. Мұратханова Р. Ізғұттынова Б. Әлиев	2018	Бөбек
23.	Информатика. Оқулық (Информатика. Дәрислик)	С. Мухамбетжанова, А. Тен, Н. Маликова	2018	Атамұра
";				

"Өзбек тілінде оқыту" деген бөлім:

"3-сынып" деген кіші бөлім:

мынадай мазмұндағы реттік нөмірлері 5-12-жолдармен толықтырылсын:

"

5.	Математика. Оқулық. 1, 2, 3, 4 бөлім (Математика. Дәрислик. 1, 2, 3, 4 қисм)	А. Акпаева, Л. Лебедева, М. Мынжасарова,	2018	Алматыкітап- Жазушы
----	---	--	------	------------------------

		Т. Лихобабенко		
6.	Математика. Жұмыс дәптері 1, 2, 3, 4 бөлім. (Математика. Иш дафтари 1, 2, 3, 4 қисм)	А. Акпаева, Л. Лебедева, М. Мынжасарова	2018	Алматыкітап-Жазушы
7.	Ақпараттық коммуникациялық технологиялар. Оқулық (Ахборот-коммуникацион технологиялари. Дарслик)	Р. Кадыркулов, А. Рыскулбекова	2018	Алматыкітап-Жазушы
8.	Ақпараттық коммуникациялық технологиялар. Жұмыс дәптері (Ахборот-коммуникацион технологиялари. Иш дафтари)	Р. Кадыркулов, А. Рыскулбекова	2018	Алматыкітап-Жазушы
9.	Жаратылыстану. Оқулық (Табиатшунослик. Дарслик)	С. Кучербаева, И. Темникова, Г. Ташенова	2018	Атамұра-Жазушы
10.	Дүниетану. Оқулық (ДунҰтаниш. Дарслик)	Б. Турмашева, С. Салиш, В. Пугач	2018	Атамұра-Жазушы
11.	Көркем еңбек. Оқулық. (Бадий мехнат. Дарслик)	Н. Раупова, А. Тулебиев, Н. Дашкевич	2018	Атамұра-Жазушы
12.	Музыка. Оқулық. (Мусика. Дарслик)	Ш. Құлманова, Б. Сүлейменова, Т. Тоқжанов, Ж. Махамбетова	2018	Атамұра-Жазушы
";				

"6-сынып" деген кіші бөлім:

мынадай мазмұндағы реттік нөмірлері 8-14-жолдармен толықтырылсын:

"

8.	Жаратылыстану. Оқулық. 1, 2 бөлім (Табиатшунослик. Дарслик)	Л. Верховцева, О. Костюченко, В. Прахнау, Г. Бойко, С. Матвеева,	2018	Алматыкітап-Жазушы
----	---	--	------	--------------------

		М. Мұсабаева		
9.	Информатика. Оқулық (Информатика. Дарслик)	С. Мухамбетжанова, А. Тен, О. Кыдырбек	2018	Атамұра- Жазушы
10.	Математика 1, 2 бөлім. Оқулық (Математика. Дарслик 1, 2 қисм)	А. Әбілқасымова, Т. Кучер, З. Жумағұлова	2018	Мектеп
11.	Қазақстан тарихы. Оқулық (Қозоғистон тарихи. Дарслик)	Т. Омарбеков, Г. Хабижанова, Т. Картаева, М. Ногайбаева	2018	Мектеп
12.	Дүние жүзі тарихы. (Жахон тарихи. Дарслик)	Г. Кукебоева, Р. Мирзабекова, Е. Қартабоева	2018	Мектеп
13.	Өзін-өзі тану. Оқулық (3-зини англаш. Дарслик)	И. Калачева С. Керимбаева Г. Калиева	2018	Бөбек
14.	Өзін-өзі тану. Әдістемелік нұсқау (3-зини англаш. Услужий клланма.)	И. Калачева С. Керимбаева Г. Калиева	2018	Бөбек
		";		

"8-сынып" деген кіші бөлім:

мынадай мазмұндағы реттік нөмірлері 8-16-жолдармен толықтырылсын:

"

8.	Информатика. Оқулық (Информатика. Дарслик)	Р. Қадыркұлов, Г. Нұрмұханбетова	2018	Алматыкітап- Жазушы
9.	География. Оқулық 1, 2 бөлім (География. Дарслик 1, 2 қисм)	Р. Каратабанов, Г. Куанышева, Ж. Байметова, К. Джаналеева	2018	Алматыкітап- Жазушы
10.	Биология. Оқулық (Биология. Дарслик)	А. Соловьева, Б. Ибраимова	2018	Атамұра- Жазушы
11.	Алгебра. Оқулық (Алгебра. Дарслик)	А. Әбілқасымова, Т. Кучер, З. Жумағұлова, В. Корчевский	2018	Мектеп
12.	Геометрия. Оқулық	В. Смирнов,	2018	Мектеп

	(Геометрия. Дарслик)	Е. Туяқов		
13.	Физика. Оқулық (Физика. Дарслик)	Б. Кронгарт, Ш. Насохова	2018	Мектеп
14.	Химия. Оқулық (Химия. Дарслик)	М. Оспанова, К. Аухадиева, Т. Белоусова	2018	Мектеп
15.	Қазақстан тарихы. Оқулық (Қозоғистон тарихи. Дарслик)	Т. Омарбеков, Г. Хабижанова, Т. Картаева, М Ногайбаева	2018	Мектеп
16.	Дүниежүзі тарихы. Оқулық (Жахон тарихи. Дарслик)	Н. Алдабек, К. Макашева, К. Байзакова	2018	Мектеп
			";	

"Тәжік тілінде оқыту" деген бөлім:

"5-сынып" деген кіші бөлім мынадай редакцияда жазылсын:

"

1.	Тәжік тілі. Оқулық (Забони то?ик?. Дарслик)	Г. Акрамова, Ф. Алимжанова, Х. Раимназаров	2018	Жазушы
2.	Тәжік әдебиеті. Оқулық (АдабиҰти то?ик. Дарслик)	Г. Акрамова, Ф. Алимжанова, Х. Раимназаров	2018	Жазушы
			";	

"7-сынып" деген кіші бөлім мынадай редакцияда жазылсын:

"

3.	Тәжік тілі. Оқулық (Забони то?ик?. Дарслик)	С. Эсанбоева, М. Хиқматов	2018	Жазушы
4.	Тәжік әдебиеті. Оқулық (АдабиҰти то?ик. Дарслик)	Р. Хамитов, Р. Садирдинова	2018	Жазушы
			";	

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Құралдар тізбесі" деген 2-қосымшада:

"Қазақ тілінде оқыту" деген бөлім:

"5-11-сыныптар" деген кіші бөлім:

мынадай мазмұндағы реттік нөмірлері 140-155-жолдармен толықтырылсын:

"

140.	Өлкетану. Алматы қаласы. 5, 6, 7-сыныптар	Г. Асанбекова, К. Қамысбаева, Г. Рыскелдиева, С.Темірбаева, С. Семжанова, А. Мақышева, Ж. Маханбетова, Н. Мұханбеталиева	2018	Алматыкітап
141.	Өлкетану. Қызылорда облысы. 5, 6, 7-сыныптар	Б. Сайлыбаев, С. Асқаров жалпы редакциясын басқарғандар. Авторлар тобы: Т. Сәтбай, А. Оразбақов, С. Тайман, Т. Жұмағұлова, А. Смағұл, Ғ. Тұяқбаев, Г. Кенжалиева, С. Қарапаев, Р. Құрманбаев, О. Айдаров, К. Аплатинова, Г. Өтегенова	2018	Білім
142.	Өлкетану. Павлодар облысы. 5 – 7-сыныптар	А. Нухұлы, М. Алинова, З. Сабданбекова, А.Сыздықова, Б.Аушахманова	2018	Арман-ПВ
143.	Өлкетану. Батыс Қазақстан облысы. 5 – 7-сыныптар	Ж. Жақсығалиев, Д. Шакаева, Ж. Хамзин, А.Заиров, Г. Утепова, Л. Литовкина, А.Магзумова, Р. Жумагазиева, Г. Таскарина, Г. Ташаева, Н. Ахатова,	2018	Арман-ПВ

		Ж. Куспанова, Т. Терещенко, А. Тургумбаев, А. Сидарова, Г. Каирлиева, О. Галкина, Е. Нұрымбетов		
144.	Өлкетану. Ақмола облысы. І бөлім 5-сынып, ІІ бөлім 6-сынып, ІІІ бөлім 7-сынып	А. Кунанбаева, Ш. Бектасов, И. Плачинта, А. Ахетова, Н. Ахат	2018	Келешек-2030
145.	Өлкетану. Қостанай облысы. 5 – 7-сыныптар	С. Мұқашева, А. Қиныбаева, Ж. Ташетованың жалпы редакциясымен. Құрастырғандар: И. Михалькова, И. Кривоносова, М. Испамбетов, Е. Купеев, М. Нюнюкова, К. Искиндирова, Г. Касымова, Г. Байкенова, А. Суебаева, Т. Титова, Н. Дегтярева, Г. Туякбаева, Г. Рахимова	2018	Атамұра
146.	Өлкетану. Маңғыстау облысы. 5 – 7-сыныптар	Ө. Озғанбаев, Т. Жұмалиева, М. Қосымбай, Б. Айманов, Р. Атақаева, Д. Бегейбай, А. Еділхан, А. Жаңбыршы, Ж. Жеткізген, О. Көшбайұлы, Ж. Нұрмаханова, О. Табылдиева,	2018	Жазушы

		А. Тулегалиев, К. Ыбырайұлы, Ы. Имамбаева		
147.	Өлкетану. Атырау облысы. 5 – 7-сыныптар	Г. Кабекенов, О. Биманова, С. Кузбулова, Б. Кыдырова	2018	Жазушы
148.	Өлкетану. Алматы облысы. 5, 6, 7-сыныптар	А. Кабдұлова, Э. Досаева, Ә. Әуезова, Ж. Дихамбаева	2018	Алматыкітап
149.	Өлкетану. Қарағанды облысы. 5, 6, 7-сыныптар	Н. Бейсенбекова, Л. Шотбакова, Г. Смагулова, Б. Абдикерова	2018	Алматыкітап
150.	Өлкетану. Ақтөбе облысы. 5, 6, 7-сыныптар	Р. Бекназаров, А. Аман, О. Идирисова, Ж. Танымкулова, Ж. Мектепова, К. Смадияр, А. Кайбалдина, М. Нурбаева, Л. Уразбаева	2018	Алматыкітап
151.	Өлкетану. Шығыс Қазақстан облысы. 5 – 7-сыныптар	Ж. Әубәкірова, А. Жанбосынова, Э. Столярова, Е. Савчук, Қ. Жириндинова, Ә. Әубәкірова, А. Цыганов, Е. Зинченко, Қ. Құнафина, З. Есембаева, А. Жүндібаева, Б. Мұқанов	2018	Атамұра
152.	Өлкетану. Жамбыл облысы. 5, 6, 7-сыныптар	Б. Тажибаев	2018	Алматыкітап

153.	Өлкетану. Солтүстік Қазақстан облысы. 5-7-сыныптар	А. Ибраева, С. Мәлікова, З. Тайшыбай	2018	Арман-ПВ
154.	Өлкетану. Астана қаласы. 5, 6, 7-сыныптар	Қ. Жақыпов, Ж. Нұрмұхаметова, Ж. Қалмырзаева, Н. Әлқожаева, А. Жаңатуғанова, Л. Шоразова	2018	Алматыкітап
155.	Өлкетану. Оңтүстік Қазақстан облысы. 5, 6, 7-сыныптар	Ө. Шыныбекұлы, Б. Бейсетаева, К. Сейлбекова, Ж. Ширманова	2018	Алматыкітап
				”;

"Орыс тілінде оқыту" деген бөлім:

"5-11-сыныптар" деген кіші бөлім:

мынадай мазмұндағы реттік нөмірлері 163-175-жолдармен толықтырылсын:

163.	Краеведение. город Алматы. 5, 6, 7 классы	Байпаков Дикань Темурбаева Рыскелдиева Г.	К., М., С.,	2018	Алматыкітап
164.	Краеведение. Павлодарская область. 5 – 7 классы	Нухулы Алинова Сабданбекова Сыздыкова Аушахманова Б.	А., М., З., А.,	2018	Арман-ПВ
165.	Краеведение. Западно- Казахстанская область. 5 – 7 классы	Жаксығалиев Шакаева Хамзин Заиров Утепова Литовкина Магзумова Жумагазиева Таскарина Ташаева Ахатова Куспанова	Ж., Д., Ж., А., Г., Л., А., Р., Г., Г., Н., Ж.,	2018	Арман-ПВ

		Терещенко Т., Тургумбаев А., Сидарова А., Каирлиева Г., Галкина О., Нурымбетов Е.		
166.	Краеведение. Акмолинская область. Часть I. 5 класс, Часть II. 6 класс, Часть III. 7 класс.	Кунанбаева А., Бектасов Ш., Плачинта И., Ахетова А., Ахат Н.	2018	Келешек-2030
167.	Краеведение. Костанайская область. 5 – 7 классы	Общая редакция: Мукашева С., Киныбаева А., Ташетова Ж. Составители: Михалькова И., Кривоносова И., Испамбетов М., Купеев Е., Нюнюкова М., Искиндиорова К., Касымова Г., Байкенова Г., Суебаева А., Титова Т., Дегтярева Н., Туякбаева Г., Рахимова Г.	2018	Атамуро
168.	Краеведение. Алматинская область. 5, 6, 7 классы	Кабдулова А., Досаева Э., Ауэзова А., Дихамбаева А.	2018	Алматыкітап
169.	Краеведение. Карагандинская область. 5, 6, 7 классы	Бейсенбекова Н., Шотбакова Л., Тулеуова Б., Кожахметова Г.	2018	Алматыкітап
170.	Краеведение. Актюбинская область. 5, 6, 7 классы	Турмашева Б., Турдалина Ж., Идрешева Г., Власенко В., Буденко Т., Далишова К.,	2018	Алматыкітап

		Мухина М.		
171.	Краеведение. Восточно- Казахстанская область. 5 – 7 классы	Аубакирова Ж., Жанбосинова А., Столярова Э., Савчук Е., Жириндинова К., Аубакирова А., Цыганов А., Зинченко Е., Кунафина К., Есембаева З., Жундибаева А., Муканов Б.	2018	Атамұра
172.	Краеведение. Жамбылская область. 5, 6, 7 классы	Байпаков К., Дикань М., Тажибаев Б.	2018	Алматыкітап
173.	Краеведение. Северо- Казахстанская область. 5 – 7 классы	Ибраева А., Маликова С., Тайшыбай З.	2018	Арман-ПВ
174.	Краеведение. город Астана. 5, 6, 7 классы	Байпаков К., Дикань М., Халмурзаева Ж.	2018	Алматыкітап
175.	Краеведение. Южно- Казахстанская область. 5, 6, 7 классы	Шыныбекулы О., Бейсетаева Б., Сейлбекова К., Ширманова Ж.	2018	Алматыкітап
			";	

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Қосымша әдебиеттер мен сыныптан тыс оқуға және жалпы білім беру ұйымдарының кітапханалар қорын толықтыруға арналған көркем әдебиеттер тізбесі" деген 7-қосымшада:

мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 162-2-жолмен толықтырылсын;

"

162-2.	Назарбаевтай болғым келеді	Н. Зенькович	2018	Алматыкітап
			";	

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Мұғалімдерге арналған оқу-әдістемелік құралдар және әдебиеттер тізбесі" деген 8-қосымшада:

"Қазақ тілінде оқыту" деген бөлім:

мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 38-жолмен толықтырылсын:

"

38.	XX ғасыр басындағы әдебиет және алаш ұстанымы	Р. Зайкенова	2017	Мектеп
				";

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Мектепке дейінгі және орта білім департаменті (Ш.Т. Каринова) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін баспа және электронды түрде қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Заң қызметі және халықаралық ынтымақтастық департаментіне осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Білім және ғылым вице-министрі А.Қ. Аймағамбетовке жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

<i>Қазақстан Білім және ғылым министрі</i>	<i>Республикасының Е. Сағадиев</i>
--	--

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" ШЖҚ РМК

**Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың
2016 – 2019 жылдарға арналған
МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫ**

1. Бағдарламаның паспорты

Бағдарламаның атауы	Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016 – 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама)
Әзірлеу үшін негіздеме	«Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарын бекіту және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарының күші жойылды деп тану туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 15 ақпандағы № 636 Жарлығы; Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың 2014 жылғы 11 қарашадағы «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» атты Қазақстан халқына Жолдауы; Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың 2015 жылғы 30 қарашадағы «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсім, реформалар, даму» атты Қазақстан халқына Жолдауы; Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың 2017 жылғы 31 қаңтардағы «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Қазақстан халқына Жолдауы; Мемлекет басшысының 2017 жылғы 12 сәуірдегі «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы; Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың 2018 жылғы 10 қаңтардағы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауы; «100 нақты қадам: баршаға арналған қазіргі заманғы мемлекет» Ұлт жоспары.
Бағдарламаны әзірлеуге жауапты	Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі (бұдан әрі – БҒМ)

мемлекеттік
орган

Бағдарламаны
іске асыруға
жауапты
мемлекеттік
органдар

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі, Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі, Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі, Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрлігі, Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігі, Қазақстан Республикасының Қоғамдық даму министрлігі, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігі, Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі, Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының, облыстардың әкімдіктері

Бағдарламаның
мақсаты

Экономиканың орнықты дамуы үшін білім берудің және ғылымның бәсекеге қабілеттілігін арттыру, адами капиталды дамыту;
мектепке дейінгі сапалы тәрбиелеу мен оқытуға тең қол жеткізуді қамтамасыз ету;
сапалы орта білім беруге тең қол жеткізуді, балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету және зияткер, дене бітімі және рухани жағынан дамыған, табысты азаматты қалыптастыру;
техникалық және кәсіптік білім алу үшін жағдайлар жасау арқылы жастарды әлеуметтік-экономикалық интеграциялау;
экономика салаларын жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар бәсекеге қабілетті кадрлармен қамтамасыз ету;
ел экономикасының қарқынды әртараптануы және тұрақты дамуы үшін ғылымның нақты үлесін қамтамасыз ету

Бағдарламаның
міндеттері

мектепке дейінгі ұйымдардың педагог кадрларының сапалық құрамын жақсарту және педагог кәсібінің беделін арттыру;
демографиялық жағдайды ескере отырып, мектепке дейінгі ұйымдардың желісін ұлғайту;
балаларды мектепке сапалы дайындауға бағдарланған мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту мазмұнын жаңарту;
мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту менеджментін және даму мониторингін жетілдіру;

педагогтер кәсібінің беделін және олардың сапалық құрамын арттыру;
орта білім берудің инфрақұрылымдық дамуын қамтамасыз ету;
орта білім берудің мазмұнын жаңарту;
мектеп оқушыларының бойында «Рухани жаңғыру» қоғамдық сананы жаңғырту шеңберінде рухани-адамгершілік құндылықтарды және салауатты өмір салты мәдениетін қалыптастыру;
орта білім беру менеджментін және даму мониторингін жетілдіру;
өмірлік қиын жағдайда жүрген балалар үшін арнайы әлеуметтік көрсетілген қызметтерге қолжетімділікті қамтамасыз ету;
техникалық және кәсіптік білім беру (бұдан әрі – ТжКБ) жүйесінің беделін арттыру;
ТжКБ қолжетімділігін және кадрларды даярлау сапасын қамтамасыз ету;
елдің индустриялық-инновациялық даму сұраныстарын ескере отырып, ТжКБ мазмұнын жаңарту;
ТжКБ ұйымдарының білім алушыларының бойында «Рухани жаңғыру» қоғамдық сананы жаңғырту бағдарламасының рухани-адамгершілік құндылықтарын және салауатты өмір салты мәдениетін нығайту;
ТжКБ менеджментін және даму мониторингін жетілдіру;
бәсекеге қабілетті кадрларды сапалы даярлауды қамтамасыз ету;
әлемдік үрдістер аясында жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру мазмұнын жаңғырту;
жоғары оқу орындарының (бұдан әрі – ЖОО) білім алушыларының бойында «Рухани жаңғыру» қоғамдық сананы жаңғырту бағдарламасының рухани-адамгершілік құндылықтарын және салауатты өмір салты мәдениетін нығайту;
жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру менеджментін және даму мониторингін жетілдіру;
ғылымның ел экономикасын дамытуға қосатын үлесін ұлғайту;
ғалымның ғылыми әлеуетін және мәртебесін нығайту;
ғылымның инфрақұрылымын жаңғырту;
ғылым менеджментін және даму мониторингін жетілдіру

Іске асыру
мерзімдері

2016 – 2019 жылдар

Нысаналы
индикаторлар

мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамтылған 3-6 жастағы балалардың үлесі 2017 жылы – 87,5 %, 2019 жылы – 100 %;

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының (бұдан әрі – НЗМ) тәжірибесі бойынша білім берудің жаңартылған мазмұнына өткен мектептердің үлесі 2017 жылы – 100 % (1, 2, 5, 7-сыныптар), 2019 жылы – 100 % (4, 9, 10-сыныптар), 2020 жылы – 100 % (мектепалды топтар мен сыныптар, 11-сынып);

қазақстандық оқушылардың халықаралық зерттеулердегі ЭЫДҰ мойындаған нәтижелері 2017 жылы – PISA-2015: математика – 440 балл, жаратылыстану – 430 балл, оқу – 400 балл; 2019 жылы – PISA-2018: математика – 465 балл, жаратылыстану – 460 балл, оқу – 434 балл; ICILS-2018: 8-сынып оқушыларының компьютерлік және ақпараттық сауаттылығы – 350 балл;

балалардың жалпы санынан өмірлік қиын жағдайда жүрген балалардың үлесі 2019 жылы – 10 %;

жұмыспен қамтылған халықтың құрылымында техникалық және кәсіптік білімі бар 18 – 28 жастағы азаматтардың үлесі 2019 жылы – 41,4%;

жұмыспен қамтылған халықтың құрылымында жоғары білімі бар 22 – 28 жастағы азаматтардың үлесі 2019 жылы – 45,9 %;

QS-WUR рейтингінде белгіленген Қазақстан ЖОО-ларының саны:

	2017 жылы	2019 жылы
топ-200	0	2
топ-300	2	2
топ-500	2	3
топ-701+	7	9

ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды (бұдан әрі – ҒЗТКЖ) қаржыландырудың жалпы көлеміндегі тәжірибелік-конструкторлық әзірлемелерге жұмсалатын шығындардың үлесі 2017 жылы – 21,2 %, 2019 жылы – 22,3 %;

қолданбалы ғылыми-зерттеу жұмыстарының жалпы санынан коммерцияландырылатын жобалардың үлесі 2017 жылы – 17,5 %, 2019 жылы – 20 %.

Қаржыландыру
көздері және
көлемі

Бағдарламаны іске асыру үшін 2016 – 2019 жылдары бюджет қаражаты, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған басқа да қаражат жұмсалады. Бағдарламаны іске асыруға бюджеттен жұмсалатын жалпы шығындар 1 868,4 млрд. теңгені (РБ – 1 273,3 млрд. теңге, ЖБ – 595,1 млрд. теңге) құрайды.

2. Кіріспе

Әлем жаһандық сын-тегеуріндер кезеңінде өмір сүруде. Бұл жаңа технологиялық жетістіктер мен инновацияларды енгізу, IT-технологиялардың қарқынды дамуы және адам ресурстарының ұтқырлығы.

Осы жағдайда білім және ғылым өзгерістердің алдыңғы қатарында тұруы тиіс. Әлемнің жетекші экономикалары жоғары деңгейдегі адам капиталы есебінен ғана өркендеуге қол жеткізуде. Оған жаңа білім беру стратегиялары мен саясаты ықпал етеді.

Қазақстандық білім беру мен ғылым жүйесін жаңғыртудың заманауи кезеңі әрбір адамның сапалы мектепке дейінгі тәрбие мен мектептегі білімге қолжетімділігін, колледж бен университетте жаңа кәсіби дағдыларды алу, зерттеу және шығармашылық құзыреттерін дамыту мүмкіндіктерін көздейді.

Адамның бәсекеге қабілеттілігі ұлт жетістігінің факторы болып табылады. Сондықтан әрбір қазақстандық жаңа жаһандық сын-тегеуріндерге, заманауи технологияларға, еңбек нарығының өзгермелі талаптарына және жаңа кәсіптерге табысты бейімделу үшін қажетті құзыреттілікке ие болуы қажет.

Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайында проблемаларды шешу дағдылары, сыни ойлау, креативтілік, эмоционалдық интеллект басты қасиеттер болады. Сондықтан білім беру жүйесі белсенді, шығармашыл, сыни, талдамалық тұрғыда ойлай алатын, бұрынғы белгісіз проблемаларды шешуге, өзгерістерге тез бейімделуге, жаңаны құруға қабілетті креативті адамдарды дайындауға шоғырлануы тиіс. Сондай-ақ функционалдық, IT сауаттылық, ағылшын тілін білу, адамгершілігі мол азаматтық кемелдену де маңызды.

Білім беру жүйесінің жаһандық ортаға интеграциялануын есепке ала отырып, ұлттық кодты сақтаумен қоса, еліміздің мәдениетін ескеруіміз қажет.

Сондықтан патриоттық тәрбиенің ерекшелігі білім алушыларда белсенді азаматтық ұстаным мен өзінің үлкен және кіші отанының тарихына, мәдениетіне, салт-дәстүрлеріне деген құрмет сезімін қалыптастыру болмақ.

Бақытты және қорғалған балалық шақты қамтамасыз ету Қазақстан Республикасының негізгі ұлттық басымдықтарының біріне айналды.

Қазақстан Республикасының заңнамасында барлық санаттағы балалардың құқықтары мен заңды мүдделерінің қорғалуын қамтамасыз ету бойынша шаралар көзделген.

2011 жылы қабылданған «Ғылым туралы» Қазақстан Республикасының Заңы алдыңғы қатарлы ғылыми жетістіктер үшін жаңа мүмкіндіктер ашты.

Қазақстандық ғылымды экономика мен бизнестің мүддесі үшін дамыту «Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген.

2015 жылы «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Заңнамада мектептегі білімнің жаңартылған мазмұнына кезең-кезеңімен көшу, дуальді оқыту, колледждерде алғашқы жұмысшы кәсібін тегін алу, колледждер мен ЖОО-ларды мемлекеттік аттестаттаудан тәуелсіз аккредиттеуге өту регламенттелген.

Жастардың ерекше мәртебесі және оларды мемлекеттік қолдау жаңа «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген.

Сол арқылы жаңа білім беру стратегиялары мен ғылыми жетістіктерді іске асыру үшін негіз жасалды.

Бағдарлама әлемдік жетекші трендтерді ескере отырып, «100 нақты қадам» Ұлт жоспары негізінде әзірленді.

Бағдарлама педагогикалық және ғылыми қоғамдарда кеңінен талқылаудан өтті. Жұмыс берушілердің, бизнес-қауымдастықтардың және халықаралық сарапшылардың ұсыныстары ескерілді.

Бағдарламада белгіленген мақсаттар мен міндеттер осы Бағдарламаға қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016 – 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарына сәйкес іске асырылады.

3. Ағымдағы жағдайды талдау

Дүниежүзілік экономикалық форумның (бұдан әрі – ДЭФ) 2016 – 2017 жылғы Жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексіне Қазақстан әлемнің 137 елінің арасында 57-орынды иеленді. Білім және ғылым саласындағы 12 индикатордан бастауыш біліммен қамту, орта біліммен қамту, бастауыш білімнің сапасы, математика және жаратылыстану-ғылыми білім берудің сапасы, мектептердің менеджмент сапасы бойынша 5 индикаторға қол жеткізілді.

ЮНЕСКО елдің мыңжылдықтың даму мақсаттарына қол жеткізудегі прогресін атап өтеді. Қазақстан білім беруді дамыту индексі бойынша көшбасшы елдердің ондығына кіреді.

Білім – Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму Бағдарламасының (бұдан әрі – БҰҰДБ) адами даму рейтингінің негізгі үш индексінің бірі. Қазақстан 2016 жылы даму деңгейі жоғары елдердің тобына кіріп, әлемнің 188 елінің арасында 56-орынды иеленді.

ЮНЕСКО 1-ден 6 жасқа дейінгі балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамтудағы Қазақстанның елеулі прогресін «2000 – 2015 жылдар. Баршаға арналған білім: жетістіктер мен синтезгеуріндер» баяндамасында атап өтті.

Қазақстандық оқушылар халықаралық зияткерлік олимпиадалар мен ғылыми жарыстарда өздерімен қатар шетелдік құрдастарына мықты бәсекелес бола алды. 2017 жылдың өзінде елдің ұлттық қоржынында 125 алтын, 197 күміс және 327 қола медаль болды.

Балаларға қатысты мемлекеттік саясат балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудың құқықтық және әлеуметтік кепілдіктерін қамтамасыз етуге бағытталған.

Отбасы құндылықтарын, жауапты ата-ана басымдығын, қорғалған балалық шақты, балаға қатысты зорлық-зомбылық пен жазаның барлық нысандарына төзбеушілікті насихаттайтын Қазақстан Республикасындағы

2030 жылға дейінгі отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары жүзеге асырылады.

Баланың құқықтары туралы конвенцияның ережелерімен танысу арқылы балалар мен олардың ата-аналарының құқықтық мәдениеті, хабардар болу және ақпарат алу деңгейі өсуде.

2015 жылы еліміздегі колледж студенттері алғаш рет Бразилияда өткен WorldSkills Competition халықаралық чемпионатына қатысты. Жалпы, командалық есепте Қазақстан әлемнің 55 елінің арасынан 50-орынды иеленді.

Еліміздегі жоғары мектептің білім беру қызметінің халықаралық стандарттарға сәйкестігі танылды. Сегіз университет QS-2016 рейтингінде атап өтілді.

Қазақстан 2016 жылы Білім беру саласындағы кемсітушілікке қарсы күрес және Мүгедектердің құқықтары туралы конвенцияларды ратификациялады. Конвенциялардың барлық ережелері елдің заңнамасында, оның ішінде «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген. Толық теңдік негізінде әрбір білім алушының қабілеті мен ынтасына қарай барлығына сапалы білім алудың қолжетімділігі қазақстандық білім берудің барлық деңгейлерінде іске асырылады.

Бұл білім мен ғылымның барлық бастамаларын мемлекеттік деңгейде, жеке сектордың және елдегі азаматтық қоғамдастықтың мақсатты қолдауының арқасында мүмкін болды.

Сонымен қатар күрделі және серпінді дамып жатқан әлемнің жаңа сынтетеуіріндерінің аясында жоғары сапалы білім беру мен ғылымды қамтамасыз етуді тежейтін факторлар бар.

2011 – 2015 жылдар кезеңіндегі басым бағыттар заңнамалық базаны дайындау, білім мен ғылымды инфрақұрылымдық дамыту және оның ресурстық әлеуетін өсіру болды.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту

Баланың дамуындағы осы кезеңнің маңыздылығы білім беру қызметіне одан әрі табысты дайындықтың негізі ретінде жылдан-жылға артып келеді.

Әлемдегі 40 елдің білім беру жүйесінде мектепке дейінгі білім беру деңгейі міндетті болып табылады.

2014 жылы БҰҰДБ Адами даму индексінің «Білім беру» субъективті факторын «Жалпы мектепке дейінгі біліммен қамту» коэффициентімен толықтырды, бұл мектепке дейінгі білім берудің саяси маңыздылығын куәландырады.

ЮНЕСКО елдерге мемлекеттік-жекешелік әріптестікті (бұдан әрі – МЖӘ) дамытуды ұсынады, бұл ретте мемлекеттік қаржыландыру халық аз қоныстанған және шалғайдағы елді мекендерге жұмсалуды қажет.

Қазақстанда соңғы бес жыл ішінде мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың дамуы білім беру жүйесін жаңғыртудың басым бағыттарының біріне айналды.

2010 – 2014 жылдарға арналған «Балапан» бағдарламасын табысты іске асыру мектепке дейінгі ұйымдар санының өсуіне ықпал етті. Желінің өсуі «Балапан» бағдарламасын Бағдарламаға кіріктіргеннен кейін де жалғасты. Айталық, 2015 жылдан бастап мектепке дейінгі ұйымдар желісі 994 бірлікке көбейді. 2017 жылы 9828 мектепке дейінгі ұйым жұмыс істейді (2015 жылы – 8834, 2016 жылы – 9410 бірлік).

Жекеменшік мектепке дейінгі ұйымдардың желісін кеңейту бойынша белсенді жұмыс жүргізілуде. Үш жылдың ішінде олардың саны 1283 бірлікке артты және 3058 бірлікті құрады (2015 жылы – 1775, 2016 жылы – 2336, 2017 жылы – 3058 бірлік). Бұған заңнаманы жетілдіру және мемлекеттік тапсырысты орналастыру елеулі деңгейде ықпал етті.

2017 жылы мемлекеттік тапсырыстың жалпы санынан (494,3 мың орын) 43,8 % (216,8 мың орын) 2524 жекеменшік мектепке дейінгі ұйымға орналастырылды (2015 жылы – 1043, 2016 жылы – 1 341, 2017 жылы – 2524).

3 жастан бастап 6 жасқа дейінгі балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамту 78,6 %-дан 90,5 %-ға өсті (2015 жылы – 81,6 %, 2016 жылы – 85,8 %, 2017 жылы – 90,5 %).

Мектепке дейінгі ұйымдар желісінің дамуы педагог кадрлар санының өсуіне ықпал етті. 2015 жылмен салыстырғанда педагогтердің саны 9,8 мыңға артты және 2017 жылы 90,6 мың адамды құрады (2015 жылы – 80,8 мың адам, 2016 жылы – 84,7 мың адам, 2017 жылы – 90,6 мың адам).

Мектепке дейінгі білім берудің мазмұндық аспектілерін дамытуға айтарлықтай көңіл бөлінді. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (бұдан әрі – МЖС) жаңартылды. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы әзірленді. Баланы шығармашылық және танымдық дамытуға бағдарланған бағдарламалар еліміздегі 77 балабақша мен 30 пилоттық мектептің базасында сынақтан өткізілді. Осылайша, еліміздегі мектепке дейінгі білім беруді дамытуда алға қарай елеулі қадам жасалды. Сонымен қатар ерекше назар аударуды және тиісті шаралар қабылдауды талап ететін салалар мен міндеттер бар.

Проблемалар:

1) Қазақстандағы мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының қазіргі желісі және оның инфрақұрылымдық жаңару қарқыны бала туудың өсуіне және урбандалу процесіне ілесе алмай келеді (өсу нүктелерінде, ірі қалаларда мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының желісі қажеттіліктерді қамтымайды).

2) балаларды қамтудың сандық көрсеткіші өте жоғары болған кезде мектепке дейінгі ұйымдар көрсететін қызметтердің сапасы әлі күнге дейін жеткіліксіз деңгейде қалып отыр. Бұл негізінен тәрбиеші кәсібінің әлеуметтік мәртебесі беделінің төмен болуының салдары;

3) тәрбиешінің ай сайынғы жалақысы (ең төменгісі – 41,4 мың теңге, ең жоғарғысы – 76,4 мың теңге) еліміздегі орташа жалақыдан әлдеқайда төмен. ЭЫДҰ елдерімен салыстырғанда мектепке дейінгі ұйымдардағы топтардың толымдылығы салыстыруға келмейді. Қазақстанда орта есеппен бір педагогке 30-35 баладан, ЭЫДҰ елдерінде 14 баладан келеді.

Аталған проблемалардың өзектілігі әлемдік трендтерді ескере отырып, сәби жастағы барлық балалар үшін тең мүмкіндіктерді қамтамасыз етуде үдемелі іс-қимылдың қажеттілігін негіздейді.

Жалпы орта білім және балалардың құқықтарын қорғау

Қазақстанда мектептегі білім беру жаңа кезеңнің деңгейінде тұр. ДЭФ ХХІ ғасырдағы табысты адамның білімі мен іскерлігінің 16 түрін атап көрсетті. Бұл – командадағы жұмыс дағдылары, көшбасшылық қасиет, бастамашылық, IT-біліктілік, қаржылық және азаматтық сауаттылық және басқалар. Қазақстан ДЭФ-тің «ХХІ ғасыр дағдыларындағы ауытқуларды зерттеу» рейтингінде мектеп оқушыларының танымдық және эмоциялық зиятының деңгейі төмен елдер тобында тұр. Құзыреттілік және жеке мінездемелер деңгейі базалық дағдылардан едәуір төмен.

Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі саласы жаңа тәсілдер аясында кеңейеді. Ол – пәнаралық және жобалық қызмет, оқыту мен басқаруда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (бұдан әрі – АКТ) пайдалану, білім беру қажеттіліктері ерекше оқушыларды интеграциялау және ата-аналарды консультациялық сүйемелдеу.

ЭЫДҰ және оның әріптестерінің 36-сының 27-сінде педагогикалық мамандыққа іріктеудің селективті өлшемшарттары қолданылады. Педагог кадрларды даярлау бағдарламаларына қабылдау талапкерлердің қабілеттерін және ынталарын бағалау үшін міндетті түрде әңгімелесуді, тестілеуді көздейді.

ЭЫДҰ-ның 32 елінде педагогикалық практика міндетті болып табылады. Практиканың ұзақтығы 70 күннен 120 күнді құрайды. ЖОО оқытушылары студенттердің педагогикалық практикасына қатысады. Мектеп менеджменті жас мұғалімдерге қолдау көрсетуге жауапты. ЭЫДҰ-ның 17 елінде негізгі және жоғары мектепте жұмыс істеу үшін магистр дәрежесі талап етіледі.

Мұғалім мансабының бастапқы кезеңі кәсіпке жіберу үшін талаптарды арттыруды көздейді. ЭЫДҰ-ның 18 елінде лауазымға міндетті енгізу жүргізіледі, 14 елінде мұғалімдердің тағылымдамасы қолданылады. Әлемдік практикада мұғалімнің қоғам дамуына қосатын үлесі негізгі болып саналады. Оқытушылық мансап ретінде қаралады. Педагог кадрлардың жұмыстан кетуі 5%-дан кем.

Мұғалім кәсібінің мәртебесі мен беделінің жаһандық индексі өсуде. Аустрияда үздік мұғалімдер үшін «Білім берудегі Оскар» бағдарламасы кең таралуда. Германияның Бранденбург жерінде жас мұғалімдердің жұмысқа қабылдануы және тәжірибелі педагогтердің зейнетке шығуы салтанатты түрде аталып өтеді. Швецияда мектеп, университет және кәсіпкерлік ортаның өзара тығыз байланысын қалыптастыруға көңіл бөлінеді.

Білім беру жүйесінің көшбасшылары мұғалімнің кәсіби даму тәсілдерін жаңғыртады. Педагогтердің біліктілігін арттыру жүйесі Қазақстанмен салыстыруға келмейді. Олар көлемі, кезеңділігі, қамтылуы, орталықтану деңгейі бойынша ерекшеленеді.

ЭЫДҰ-ның 20 елінде міндетті біліктілікті арттыру курстары жеке мектептер басымдықтары аясында өткізіледі. Біліктілікті арттыру қызмет бойынша көтерілу және жалақыны арттыру үшін қажет. ЭЫДҰ-ның 14 елінде біліктілікті арттыруға жұмсалатын шығындарды мемлекет толық, 8 елінде ішінара өтейді.

Финляндия мен Сингапур педагогтері жыл сайын біліктіліктерін арттырады. Оңтүстік Кореяда мұғалімдерге қашықтықтан оқытудың және мектепішілік семинарлар мен курстардың әртүрлі нысандары ұсынылады.

Жапонияда мұғалімдерді қайта даярлау саласы мемлекеттің бақылауына алынған. Финляндияда педагог кадрлардың кәсіби дамуына жұмыс берушілер жауапты болады, Швецияда – нарықтық қатынастар негізінде, мемлекеттің қатысуынсыз жүзеге асырылады.

Мұғалімнің кәсіби даму форматы әлдеқайда кең. Ол курстарға, семинарлар мен конференцияларға барумен ғана шектелмейді. Тиімді кәсіби даму оқыту мен практиканы қамтиды. Дәйекті қолдау көрсету көзделген. Қашықтықтан оқыту курстары ЭЫДҰ-ның 21 елінде ұсынылады. Мектеп базасында жұмыстан қол үзбей біліктілікті арттыру қолданылады. Мұғалімдердің ЖОО мен жекеменшік компаниялардың базасында курстық қайта даярлаудан өту мүмкіндіктері бар.

Мұғалімдер мен мектеп басшыларының стандарттарында кәсіби құзыреттілік сапасының өлшемшарттары қамтылған. Оқыту және мектепті басқару практикасының индикаторлары педагогикалық білім беру бағдарламаларында, жұмыстың жеке нәтижелерін бағалауда көзделген.

Экономикалық дамудың жоғары деңгейіне мектептерді «үздік» және «нашар» деп бөлмейтін елдер қол жеткізуде. Алдыңғы қатарлы әлемдік білім беру жүйелерінің назары мектеп оқушыларының білім жетістіктерін теңестіруге бағытталған. Сингапурда мектеп оқушылары қабілеттерін ерте жастан диагностикалаудың қорытындысы бойынша олар аптасына 4-8 рет математикалық сауаттылық бойынша қосымша сабақтарға қатысады.

Жапонияда ауыл мектептерінің одағы құрылған, сол арқылы мұғалімдер тәжірибе алмасуға және әртүрлі зерттеулер жүргізуге мүмкіндік алады. Сабақ үлгерімі нашар балаларға үй тапсырмасын орындауда қолдау көрсету бойынша студенттердің волонтерлік қызметі кең тараған.

Шанхайда ауыл мектептеріне қалалық мектептер қолдау көрсетеді. Гонконгта мигранттардың балалары үшін оқуда қолдау көрсетудің арнайы бағдарламалары әзірленеді. Оқу жылы басталғанға дейін арнайы 6 айлық бағдарлама ұйымдастырылады.

ЭЫДҰ-ның 15 елінде үлгерімі нашар оқушыларға қолдау көрсету бағдарламалары бар.

Жаңа талаптарға сай білім беру ортасын құру түйінді мәселе болып табылады. Мектеп инфрақұрылымының мүмкіндіктері барынша пайдаланылады. Ашық ішкі кеңістікті трансформациялау, мобильді қалқа немесе жылжымалы жабдықтар көмегімен оқу алаңдарын аймақтарға бөлу процестері қолданылады. Бұл ұзақ уақыт мектеп ғимаратында болатын балалар

үшін түрлі психологиялық әралуандылыққа және көңіл-күйінің өзгеруіне жағдай жасайды.

Соңғы үш жылда шағын жинақты мектептердің жабылуы есебінен мемлекеттік жалпы білім беретін мектептердің 113 бірлікке қысқару үрдісі байқалуда (2015 – 2016 оқу жылы – 7 160 мектеп, 2016 – 2017 оқу жылы – 7 100 мектеп, 2017 – 2018 оқу жылы – 7 047 мектеп). 2017 – 2018 оқу жылы республикада оқушылардың контингенті 3 млн. баланы құрады. Бұл 2015 жылғы көрсеткіштен 326 мың балаға өскенін көрсетеді (2015 – 2016 оқу жылы - 2 724 127 оқушы, 2016 – 2017 оқу жылы – 2 930 583 оқушы, 2017 – 2018 оқу жылы – 3 050 770 оқушы).

2014 жылдан бастап 2016 жылдар кезеңінде авариялық жағдайдағы мектептер санының 99 бірлікке азайғаны байқалады (2014 – 2015 оқу жылында – 136 бірлік, 2015 – 2016 оқу жылында – 69 бірлік, 2016 – 2017 оқу жылында – 37 бірлік).

Үш ауысымды мектептердің саны 11 бірлікке ұлғайды (2014 – 2015 оқу жылында – 95, 2015 – 2016 оқу жылында – 87, 2016 – 2017 оқу жылында – 106).

«Нұрлы жол» инфрақұрылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламасын іске асыру шеңберінде 2015 – 2016 жылдары елімізде 35 мектеп ашылды, ол 27 үш ауысымды мектепті және 5 апаттық мектепті жоюға мүмкіндік берді.

2011 – 2015 жылдары Қазақстанда мектепте білім берудегі басымдық инфрақұрылымдық дамуға және жаңартылған білім беруге көшуге дайындық болды. НЗМ тәжірибесін толық көлемде тарату жүзеге асырылуда. Мектепте білім берудің жаңартылған мазмұнына кезең-кезеңімен көшу үшін база дайындалды. Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің МЖС-і қабылданды. Бағдарлама оқушылардың функционалдық сауаттылығын, сыни тұрғыдан ойлау, білімі мен біліктілігін шынайы өмірде қолдана білу қабілеттерін дамытуға бағытталған.

Жаңартылған бағдарлама 30 пилоттық мектептің 2015 – 2016 оқу жылдары 1-сыныптарында, 2016 – 2017 оқу жылдары 2-сыныптарында апробациядан өтті.

2016 – 2017 оқу жылында 1 қыркүйектен бастап республиканың барлық мектептерінде 1-сыныптарда НЗМ-нің тәжірибесі бойынша жаңартылған бағдарлама енгізілді.

2017 – 2018 оқу жылы жаңартылған білім мазмұнына 2, 5, 7-сыныптар көшті.

Жаңартылған білім мазмұнымен қатар бес күндік оқыту аптасы енгізілді.

Жаңартылған білім мазмұнын енгізу шеңберінде үш тілде оқытуға кезең-кезеңімен көшуге және жеке пәндерді ағылшын тілінде оқытуды енгізуге дайындық іске асырылуда. Осылайша, 2017 – 2018 оқу жылының қыркүйегінен бастап пилоттық режимде 153 мектепте жаратылыстану-ғылымы циклын ағылшын тілінде оқыту, 379 мектепте пәндерді оқытуда ағылшын тілінің элементтерін енгізу басталды.

Осылайша, 2017 – 2018 оқу жылынан бастап үш тілде оқыту республиканың 2206 мектебінде, оның ішінде 20 НЗМ, 27 «Білім-инновация»

лицейінде, дарынды балаларға арналған 33 мамандандырылған мектепте, 153 пилоттық және басқа мектептерде жүзеге асырылуда.

2017 – 2018 оқу жылы елімізде дарынды балалар үшін контингенті 64,7 мың оқушы бар мамандандырылған 125 білім беру ұйымы жұмыс істеуде.

2013 – 2017 жылдары қазақстандық оқушылардың халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жарыстарға қатысу нәтижелері бойынша Қазақстан математика, физика және химия бойынша әлемнің ең үздік 10 елінің қатарына енді. Интеллектуалды жарыстарда жеңімпаздардың жалпы саны 2014 жылы – 1 376 адамды құрады, 2015 жылы – 1 309 адам, 2016 жылы – 1 273 адам, 2017 жылы – 688 адам.

Педагогтің кәсіби стандарты әзірленді және педагогикалық мамандықтарға қабылдау тетіктері қайта қарастырылды.

НЗМ-нің Педагогикалық шеберлік орталығы әзірлеген біліктілікті арттырудың жаңа үш деңгейлі бағдарламалары бойынша 2013 – 2016 жылдары курстық даярлықтан 68,7 мың педагог өтті. Бес жыл ішінде жалпы білім беретін мектептердің мұғалімдері үшін 217 онлайн-семинар және 493 шеберлік сыныбы өтті.

Өткізілген біліктілікті арттыру курстарының сапасын талдау, сондай-ақ олардың тиімділігін анықтау үшін 2016 жылы мониторингтік зерттеу жүргізілді.

2016 – 2017 жылдары 152,4 мың мұғалім (53 %) білім берудің жаңартылған мазмұны бойынша біліктілікті арттыру курстарынан өтті.

Азаматтық қызметшілерге, оның ішінде білім беру қызметкерлеріне еңбекақы төлеудің жаңа моделі 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап іске қосылды. Педагогтерге сараланған қосымша ақы және ынталандыру үстемеақылары көзделген. Бұл мұғалімдердің кәсіби шеберлігін жақсартуға, кәсіптің тартымдылығын арттыруға және тым жоғары педагогтік жүктемені азайтуға ықпал етеді.

Үш тілде оқытуды дамыту жөнінде кең ауқымды іс-қимыл жүргізу үшін үш тілде білім беруді дамытудың 2015 – 2020 жылдарға арналған жол картасы жүзеге асырылады.

Қосымша білім беру және балалардың сабақтан тыс уақыттағы әрекетін ұйымдастыру үшін жағдайлар жасалуда. Мектептен тыс ұйымдарда және мектеп үйірмелерінде балаларды қамту үлесі 65,8 %-ды құрайды.

Қолданыстағы Ұлттық бірыңғай тестілеу (бұдан әрі – ҰБТ) форматын жетілдіру мақсатында ҰБТ рәсімі мектептегі қорытынды аттестаттауға және ЖОО-ға түсу емтиханына бөлінді.

Өз елінің тағдыры мен қабылдаған шешімдеріне жауапкершілікті сезінетін жас ұрпақты қалыптастырудың жаңа тәсілдемелері «Қазақстан 2020: болашаққа жол» Қазақстан Республикасы мемлекеттік жастар саясатының 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасында негізделген.

Мектептегі білімді табысты аяқтағанын растаған мектеп түлектері үлесінің өскендігі байқалуда.

Сонымен бірге ХХІ ғасырдың жаңа жаһандық талаптарын ескере отырып, барлық балалар үшін сапалы білім беру мәселесі өзекті бола түсуде.

Жалпы орта білім беру инфрақұрылымы жедел қарқынмен дамуды талап етеді. Елдің географиялық басымдығына байланысты ауылдағы мектептердің саны 3 есе көп.

Ауылдық жерлерде орналасқан мектептердің саны қалалық мектептерден 3,3 есе көп. Бұл ретте қалалық мектептердің оқушылары ауылдық оқушылармен салыстырғанда көп (қала – 1 650 672, ауыл – 1 400 098 адам).

Әрбір аз қоныстанған мекенде мемлекет шағын жинақты мектептердің (бұдан әрі – ШЖМ) жұмыс істеуіне кепіл береді. Мектептердің 2 944-і ШЖМ болып табылады. Кейбір облыстарда көптеген мектептер ШЖМ болып саналады: Солтүстік Қазақстан облысында – 79,0 %, Ақмола облысында – 67,6 %, Қостанай – 67,5 % және Шығыс Қазақстан – 54 %.

Республикада 2016 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 0-ден 18 жасқа дейінгі 5,6 млн. бала тұрады, олардың 8,6 %-ға жуығын осал топтағы балалар – жетім балалар және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, арнайы білім беру қажеттіліктері бар балалар, тұрмысы төмен және көп балалы отбасылардан шыққан балалар, заңсыз әрекеттер жасаған балалар және т. б. құрайды.

Инклюзивті білім беруді дамыту және денсаулығында проблемасы бар (арнайы білім беру қажеттіліктері бар, мүгедек балалар), қоғамға әлеуметтік бейімделуде қиындыққа кезіккен (девиантты мінез-құлықты, әлеуметтік-экономикалық және әлеуметтік-психологиялық мәртебесі төмен) балалардың, мигрант, оралман, босқын және мектебі жоқ елді мекендерде тұратын отбасылардан шыққан балалардың барлық санаттарының сапалы білімге тең қол жеткізуін қамтамасыз ету арқылы балалардың барлық санаттарының тегін жалпыға міндетті орта білім алу құқықтарын іске асыру үшін тең мүмкіндіктер мен жағдайлар жасалуда.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 19 қаңтардағы № 17 бұйрығымен өмірлік қиын жағдайда жүрген балаларға білім беру ұйымдарында арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету стандарты бекітілді.

Заңсыз әрекеттер жасаған кәмелетке толмағандарды әлеуметтік-психологиялық оңалту үшін 7 арнаулы білім беру ұйымы және 1 ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымы жұмыс істейді.

Қадағалаусыз және панасыз қалған балаларды, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды, девиантты мінез-құлықты балаларға арналған білім беру ұйымдарына жіберілетін кәмелетке толмағандарды, сондай-ақ әлеуметтік бейімсіздікке және әлеуметтік депривацияға әкеп соққан қатыгездік салдарынан өмірлік қиын жағдайда жүрген балаларды қабылдауды, уақытша күтіп-бағуды, бейімдеуді және одан әрі орналастыруды қамтамасыз ету үшін республикада 19 кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталығы (бұдан әрі – КТБО) және өмірлік қиын жағдайға ұшыраған балаларды қолдау орталығы жұмыс істейді.

Кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталығы жанында қоғамдық бастамалармен қиын өмірлік жағдайда жүрген ата-аналарға (занды өкілдерге) және балаларға пәрменді консультативтік, құқықтық, психологиялық,

педагогикалық көмек көрсететін отбасын қолдау қызметі жұмыс істейді.

Балалардың құқықтарын қорғау саласындағы мемлекеттік саясаттың басты бағыттарының бірі әлеуметтік жетімдік деңгейін төмендету болып табылады.

27,3 мың жетім бала мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланың 21,0 мыңы отбасыға орналастырудың баламалы нысандарымен (қорғаншылық, қамқоршылық, патронат) қамтылған.

Әлеуметтік жетімдіктің алдын алу мақсатында бірқатар шаралар, оның ішінде отбасылық және балалық шақтағы қолайсыздықты уақытылы анықтау, өмірлік қиын жағдайда жүрген отбасылар мен балаларға қажетті көмек көрсету шаралары қабылдануда, балаларды орналастырудың баламалы нысандары дамуда.

Балаларды отбасына орналастырудың баламалы нысандары бар – қорғаншылық, патронат және асырап алу, қабылдайтын отбасы, қонақ ететін отбасы.

Балалардың жасына, денсаулығы мен қажеттілігіне қарай демалу және бос уақытын өткізу құқығы «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының Заңында бекітілген.

2017 жылдың жазында республикада 14 730 сауықтыру лагері мен алаң (оның ішінде: 12 510 мектеп жанында, 1997 шатырлы, спорттық, киіз үйлі, 223 қала сыртындағы) жұмыс істеді. 2016 жылмен (12 689 лагерь) салыстырғанда лагерьлер саны 16 %-ға ұлғайды.

2016 – 2018 жылдарға арналған жазғы демалыс кезеңінде балаларды сауықтыру демалысы мен іспен шұғылдануын, балалар-жасөспірімдер туризмін дамытудың жол картасы бекітілді

Жыл сайын Мемлекет басшысына Қазақстан Республикасындағы балалардың жағдайы туралы баяндама ұсынылады.

Балалар мен жастарға қолжетімді шағымдар мен өтініштерді беру тетігі жасалды.

Өмірлік қиын жағдайда жүрген балаларға жедел консультативтік көмек, психологиялық қолдау көрсету үшін мемлекеттік органдардың бірінші басшыларының блогы, сенім телефондары жұмыс істейді.

Проблемалар:

1) мектеп инфрақұрылымын дамыту қажеттіліктерді толық көлемде қанағаттандырмайды. Пайдалану мерзімінен асып кеткен (1950 – 1970 жылдары салынған), тозығы жеткен мектеп ғимараттары авариялық жағдайдағы мектептер қатарына өтеді. 2016 жылы мұндай мектептер саны 64 бірлікті құрады. Авариялық жағдайдағы мектептерде 17,9 мың бала, 127 үш ауысымды мектепте 18,6 мың бала оқиды;

2) елді мекендерде мектептердің болмауынан 3 561 оқушының тұрғылықты жері бойынша оқуға мүмкіндігі жоқ, ол тасымалдауды қажет ететін балалардың 13,7 %-ын (25 863 адам) құрайды;

3) ерекше білім беру қажеттілігі бар мектеп оқушыларын жалпы білім беретін мектептердің білім беру процесіне қосудың маңыздылығы сақталып отыр. Мектептердің 55 %-ында тиісті жағдайлар жасалған. Мұндай мүмкіндікке

білім беру қажеттілігі ерекше балалардың 34 %-ы ғана ие болды. Арнайы білімі бар педагогтер мен әдістемелік сүйемелдеуге қажеттілік бар;

4) оқу әдебиеттерін баспахана ішінде сараптау рәсімінің тиімділігі жеткіліксіз деңгейде. Баспаханалардан келіп түскен оқулықтардың 91,2 %-ы қайта өндеуге жіберіледі. Ғылыми-педагогикалық сараптамадан бірінші реттен оқулықтардың тек 12 %-ы ғана өтеді;

5) оқытудың инновациялық технологиялары толық көлемде қолданылмайды. Мектептердің кең жолақты интернетке қосылу көрсеткіштері төмен болып қалуда;

6) әлеуметтік және эмоциялық дағдыларды қалыптастыру, когнитивтік емес қабілеттерді дамыту қажеттілігі әлі де ерекше маңызды болып табылады. Мектепте білім берудің жаңартылған мазмұнына көшу STEM-оқыту аясында жүзеге асырылуы тиіс. Пәнаралық және жобалық тәсіл мектеп оқушыларын тану мен дамудың белсенді процесіне ынталандыруға мүмкіндік береді;

7) ағылшын тілін білетін пән мұғалімдеріне қажеттілік жоғары болып қалуда. Жоғары және бірінші біліктілік санаты бар мектеп педагогтерінің сапалық құрамы 50,8 %-ды ғана құрайды. Мұғалімдердің 1,2 %-ның ғана магистр дәрежесі бар;

8) біліктілікті арттыру жүйесінің алдына да жаңа міндеттер қойылуда. Мұғалімнің кәсіби даму бағдарламаларын сапалы жаңарту қажет. Бұл Қазақстан педагогтерінің біліктілігін арттыру жүйесінің кадрлық құрамының жоғары құзыреттерін талап етеді;

9) ауыл мұғалімдерінің курстармен қамтылуы төмен деңгейде қалып отыр. Ұсынылған курстық дайындықтың форматы жаңа тәсілдемелер әзірлеуді және енгізуді талап етеді;

10) мектептегі білім сапасы көрсеткіштерінің тежеуші факторы әлі де мұғалім кәсіби мәртебесінің төмендігі болып отыр. Мұғалімінің қоғамдағы беделін көтерудің, жоғары материалдық және рухани ынталандырудың, педагогтік қызметке қабілетті және шығармашыл жастарды тартудың жаңа тәсілдемелері жасалмаған;

11) мұғалімнің мансаптық және кәсіби өсуінің тетіктері әзірленбеген. Педагогтің кәсіптік стандарты немесе оның кәсіби құзыреттілігін дамытудың тұжырымдамалық моделі енгізілмеген;

12) мектеп жасындағы балаларға қосымша білім беруді дамытудың жеделдетілген қарқыны талап етіледі. Мектептен тыс ұйымдар, оның ішінде робот техникасы, IT-алаңдар, жас туристер мен натуралистер бірлестіктерінің желілері жеткіліксіз;

13) бастауыш мектептің бітірушілерін оқытудың табыстылығын мониторингтеу тетігі әзірленбеген. Негізгі мектеп түлектерінің оқу жетістіктерін сырттай бағалау үлгерімі төмен оқушыларды уақтылы анықтауға және қолдауға мүмкіндік бермейді;

14) бес балдық бағалау жүйесі білім алушылар білімінің нақты деңгейін көрсетпейді. Ол кездесетін қиындықтарды ескере отырып, мектеп оқушыларын оқытудың жеке траекториясын әзірлеуге, оқу бағдарламаларын меңгерудегі проблемаларды жоюға ынталандыруға мүмкіндік бермейді;

15) қазақстандық мектеп оқушылары PISA-2015 қорытындылары бойынша ЭЫДҰ елдеріндегі құрдастарынан әлі де болса математикадан 1, жаратылыстанудан 1 және оқудан 2 жылға артта қалып отыр;

16) жыл сайынғы ҰБТ қорытындылары бойынша үздік және артта қалған мектептердің арасындағы айырмашылық 60 %-ды құрайды. Оқуда төмен нәтижесі бар мектептерді қолдау тетіктері әзірленбеген және енгізілмеген;

